

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БАС ПРОКУРАТУРАСЫ  
ЖАНЫНДАҒЫ ҚҰҚЫҚ ҚОРҒАУ ОРГАНДАРЫ АКАДЕМИЯСЫ  
ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРНЫНАН КЕЙІНГІ БІЛІМ БЕРУ ИНСТИТУТЫ

АБИШОВ РУСЛАН ДАРИБАЕВИЧ

Қарақшылықты тергеу кезінде дәлелдеу және жауаптылыққа тарту мәселелері

7М12303 «Құқық қорғау қызметі» (ғылыми-педагогикалық) білім беру  
бағдарламасы бойынша ұлттық қауіпсіздік және әскери іс магистрі  
дәрежесін алуға диссертация

Ғылыми жетекші:  
арнайы заң пәндері кафедрасының  
доценті С.А. Августхан  
PhD докторы, аға әділет кеңесшісі

---

Қосшы қ., 2025 ж.

ТҮЙІНДЕМЕ

Диссертациялық жұмыста заңға қайшы қоғамға қауіпті қарақшылық қылмысы ұғымының қалыптасу тарихи аспектілері талданып, құқықтық сипаттама берілді. Қарақшылық жасаған тұлғаларды қылмыстық жауаптылыққа тарту, тергеу практикасындағы сабақтас қылмыстардан ажырату және қару қолдануға қатысты проблемалық сұрақтары қарастырылып, шетелдік заңнамаларды салыстыру арқылы талдау жүргізілді. Қылмыстық заңнама мен Жоғары соттың нормативтік қаулысын жетілдіруге арналған өзгерістер мен толықтырулар енгізу ұсыныстары әзірленген.

Диссертациялық жұмыстың құрылымы мақсаты мен міндеттеріне байланысты және кіріспеден, 4 бөлімнен тұратын 2 тараудан, қорытындыдан, пайдаланылған көздер тізімінен тұрады. Жұмыс көлемі 85 беттен тұрады.

## РЕЗЮМЕ

В диссертационной работе проанализированы исторические аспекты формирования понятия разбоя как противоправного и общественно опасного преступления, дана его правовая характеристика. Рассмотрены вопросы привлечения к уголовной ответственности лиц, совершивших разбой, разграничения его от смежных преступлений в следственной практике, а также проблемные аспекты, связанные с применением оружия. Проведен сравнительный анализ с зарубежным законодательством. Подготовлены предложения по внесению изменений и дополнений, направленных на совершенствование уголовного законодательства и нормативного постановления Верховного суда.

Структура диссертационной работы соответствует её цели и задачам, и состоит из введения, двух глав, каждая из которых включает четыре раздела, заключения и списка использованных источников. Общий объём работы составляет 85 страниц.

## SUMMARY

The dissertation analyzes the historical aspects of the formation of the concept of robbery as an unlawful and socially dangerous crime, and provides its legal characterization. It addresses the issues of holding individuals who have committed robbery criminally liable, distinguishing it from related crimes in investigative practice, as well as problematic aspects related to the use of weapons. A comparative analysis with foreign legislation is conducted. Proposals have been developed for introducing amendments and additions aimed at improving the criminal legislation and the normative resolution of the Supreme Court.

The structure of the dissertation corresponds to its goals and objectives and consists of an introduction, two chapters each containing four sections, a conclusion, and a list of references. The total length of the work is 85 pages.

## МАЗМҰНЫ

БЕЛГІЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР.....	4
КІРІСПЕ .....	5
1. ҚАРАҚШЫЛЫҚ БӨТЕННІҢ МҮЛКІН ЖЫМҚЫРУДЫҢ БІР ТҮРІ ЖӘНЕ ҚАЗАҚСТАН ЗАҢНАМАСЫНДА ҚАРАҚШЫЛЫҚ ҰҒЫМЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУ ТАРИХИ АСПЕКТІСІН ТАЛДАУ, ҚҰҚЫҚТЫҚ СИПАТТАМАСЫ	
1.1 Қарақшылық қылмысы бөтеннің мүлкін жымқырудың бір түрі және жалпы сипаттамасы.....	12
1.2 Қазақстан заңнамасында қарақшылық қылмысының пайда болу тарихи аспектісін құқықтық талдау. ....	18
1.3 Қарақшылық қылмысының объективтік белгілері.....	25
1.4 Қарақшылық қылмысының субъективтік белгілері.....	33
2. ҚАРАҚШЫЛЫҚ ЖАСАҒАН ТҰЛҒАЛАРДЫ ЖАУАПТЫЛЫҚҚА ТАРТУ, ТЕРГЕУ ПРАКТИКАСЫНДАҒЫ САБАҚТАС ҚЫЛМЫСТАРДАН АЖЫРАТУ ЖӘНЕ ҚАРУ ҚОЛДАНУҒА ҚАТЫСТЫ ПРОБЛЕМАЛЫҚ СҰРАҚТАРЫ. ШЕТЕЛДІК ЗАҢНАМАЛАРДЫ САЛЫСТЫРУ АРҚЫЛЫ ТАЛДАП, ДӘЛЕЛДЕУ СУБЪЕКТИЛЕРІНІҢ ҚЫЗМЕТІН ОҢТАЙЛАНДЫРУ	
2.1 Қарақшылық қылмысын басқа ұсқас қылмыстардан ажырату мәселелері.....	41
2.2 Қарақшылық қылмысы бойынша шетелдік заңнамаларды салыстыру арқылы талдау. ....	51
2.3 Қарақшылық үшін жауаптылықтың түрлері және қылмыстық істер бойынша дәлелдеу субъектілерінің қызметін оңтайландыру.....	57
2.4 Практикада қару қолдануға қатысты проблемалық мәселелер және қолданыстағы заңнамаларға өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы ұсыныс. ....	67
ҚОРЫТЫНДЫ .....	76
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ДЕРЕККӨЗДЕРДІҢ ТІЗІМІ .....	81
ҚОСЫМША.....	86

ҚР - Қазақстан Республикасы  
ҚР ҚК - Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі  
ҚР АК - Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі  
ҚР ҚПК - Қазақстан Республикасының Қылмыстық процестік кодексі  
ҚР БП ҚСЖАЕАК - Қазақстан Республикасы Бас прокуратура  
жанындағы Құқықтық статистика және арнайы есепке алу комитеті  
РКФСР- Ресей Кеңестік Федерациялық Социалистік Республикасы  
КСРО - Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы  
РФ - Ресей Федерациясы  
РФ ЖСП - Ресей Федерациясы Жоғарғы Соты Пленумы  
УР- Украина Республикасы  
БР- Беларусь Республикасы  
АҚШ- Америка Құрама Штаттары

Жүргізілетін зерттеудің өзектілігі. Қазақстан Республикасында адам мен азаматтарының құқықтары мен бостандықтары, олардың заңды мүдделері толық кепілдендіріледі және қорғалады. Мемлекет меншігімен жеке меншікке қол сұғылмаушылық Конституциямызда, Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінде және халықаралық құқықтық актілермен бекітілген.

Адам құқықтары мен бостандықтары Конституциямыздың 1-бабының 1-тармағынан бастау алып, яғни «Қазақстан Республикасы өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырады, оның ең қымбат қазынасы – адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары» – екендігі көрсетілген [1]. Ал, меншік құқығына қатысты 6-баптың 2-тармағында «меншік субъектілері мен объектілері, меншік иелерінің өз құқықтарын жүзеге асыру көлемі мен шектері, оларды қорғау кепілдіктері заңмен белгіленеді» – деп белгіленген [1].

«Қазақстан Республикасының құқықтық саясатының 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасын бекіту туралы» 2021 жылғы 15 қазандағы №674 Жарлықта «Жеке тұлғалар мен ұйымдардың негізгі құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін қорғау, қоғамдық және мемлекеттік өмірдің барлық салаларында бірінші кезекте және тиімді қорғауға жататын негізі мәселе болып табылады» және де «Меншік құқығын қорғауды күшейту мақсатында иелену, иелену мерзімі және негаторлық талап қою туралы нормаларды барынша жетілдіру қажет», – деп мемлекеттің жеке меншік құқықтарын қорғауды ерекше атап көрсетілген [2].

Мемлекет Басшысы Қ.Ж.Тоқаев, «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» атты 2023 жылғы 1 қыркүйектегі Қазақстан халқына Жолдауында, құқық қорғау органдарына азаматтардың жеке меншігіне қол сұғылмаушылықты, өмірі мен денсаулықтарын бұзылған жағдайда, заңмен қорғау міндетін қойып ерекше атап өткен [3].

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде меншік құқығына қатысты нақты түсініктеме берілген. Яғни, «Меншік құқығы дегеніміз субъектінің заң құжаттары арқылы танылатын және қорғалатын өзіне тиесілі мүлікті өз қалауынша иелену, пайдалану және оған билік ету құқығын айтамыз» – делінген [4].

Елімізде барлық меншік иелерінің заңды құқықтарымен құқықтық қатынастары азаматтық құқықтың нормаларымен және де сол меншік құқығына қатысты қоғамға қауіпті іс-әрекеттер тудыру арқылы заңсыз қол сұғылған жағдайда, қылмыстық құқық нормасымен қорғалып, тиісінше жауаптылыққа тартылады.

Тәжірибе көрсеткендей, азаматтардың жеке меншік құқығына қатысты құқықтары жиі бұзылып отыр. Осыған байланысты, ҚР ҚК-ның 6-тарауы «Меншікке қарсы қылмыстар» туралы тарау беріліп, осы құқықтық қатынастарды тікелей бұзатын қылмыстарға арналған [5].

2025 жылдың бірінші тоқсанында Қазақстан аумағында Қазақстан Республикасы Бас прокуратура жанындағы Құқықтық статистика және арнайы есепке алу комитетінің мәліметі бойынша жалпы 33000 қылмыстық құқық бұзушылық тіркеліп, оның шамамен 70% қылмысы меншікке қарсы құқық бұзушылықтар жасалған және соның ішінде қарақшылық қылмысы 2024 жылғымен салыстырғанда артқандығын көруге болады [6].

Осының негізінде ғылыми жұмыс, меншікке қарсы жасалатын қылмыстардың ішінде қоғамға қол сұғушылық жағынан ең қауіптісі 192-бабында көзделген қарақшылық қылмысына арналған.

Қарақшылық дегеніміз – «бөтеннің мүлкін жымқыру мақсатындағы шабуылға ұшыраған адамның өміріне немесе денсаулығына қауіпті күш қолданумен немесе тікелей осындай күш қолдану қатерін төндірумен ұласқан шабуыл» [5]. Баптың ерекшелігі қылмыс жасаған кінәлі тұлға бірден екі объектіге қол сұғады. Біріншісі меншікке тікелей қарсы бағытталып, екіншісі жәбірленушінің өмірі мен денсаулығы және психикалық жәй-күйіне қарсы екендігінде.

Осы қылмыстарда қолданылатын жымқыру ұғымына анықтама беріп өтсек. Жымқыру – «бөтен мүлікті осы мүліктің меншік иесіне немесе өзге иеленушісіне залал келтіре отырып, кінәлі адамның немесе басқа адамдардың пайдасына пайдакүнемдік мақсатта жасалған құқыққа қарсы өтеусіз алып қою және (немесе) айналдыру» дегенді білдіреді [7].

Диссертациялық зерттеу тақырыбының нысаны ретінде қарақшылық қылмысының алдын алу және онымен күресу қазіргі уақытта қоғамның нарықтық экономикаға қарай бет бұрған тұсында өзекті болып отыр. Себебі азаматтар өздерінің қажеттіліктері үшін мүлікті қанша қажет деп тапса, соншалықты көлемде жинауда. Бұл мүліктер біреудің еңбегінің арқасында маңдай терімен келген. Ал біреулер осы мүлікті заңға қайшы әрекеттер жасап, жеңіл жолмен пайда табу мақсатында өз меншігіне айналдыруға тырысады. Өз кезегінде заңға қайшы бұл әрекеттер мүлікті қоспағанда жәбірленушілердің өмірін қиып, денсаулығына немесе психикалық жәй-күйіне әсер етіп, қоғамға қауіптілік тудырып отыр.

Қылмыс түрінің қауіптілігі, қоғамның қалыпты жұмысын бұзып, тек қана әлеуметтік – экономикалық тұрғыдағы меншік құқығына ғана емес, сонымен бірге әркімнің жеке құқығы мен жеке басына қол сұғылмаушылыққа, атап айтқанда адам өмірі мен денсаулығына және қылмыс жасау барысында айналасындағыларға да жоғары қауіп төндіретіндігімен түсіндіріледі.

Меншік нысандарының бірдей тең дәрежеде қорғалуы үшін, қылмыстық заңнамамыз біріншіден әртүрлі меншік нысандарына қол сұғатын ұқсас іс-әрекеттерді бірыңғай және жеке дара саралауды қарастырған. Екіншіден осы меншік нысандарына қарамастан қол сұғушылық үшін ауырлататын немесе жеңілдететін тұстарын ескере отырып, қылмыстық жазаның жауаптылық түрлері мен шегі белгіленген.

Қазіргі таңда, заманның, ғылымның, техниканың дамуына байланысты кінәлі тұлғалар да қарақшылық қылмысы үшін жауаптылықтың ауыр екендігін ұғынып, одан жалтару мақсатында, жасаған қылмысы әшкере болған жағдайда балама жазаны қолдану үшін әр түрлі құйтыртқы айла тәсілдермен, заңға қайшы әрекеттерін жасап, тиісті жазасын алмай, жеңіл жазаға ауыстырылған жайыдайлар кездеседі.

Сондықтан, тергеу және сот тәжірибесінде қарақшылық қылмысын толық дәлелдеу, кінәлі тұлғаларды жасаған әрекеттері бойынша жауаптылыққа тарту мәселелерін оңтайландырып, шешудің жаңа жолдары қажет. Бұл қозғалып отырған мәселелердің маңыздылығы, қарақшылық қылмысының объективтік және субъективтік белгілерінің мән мазмұнын ашып, толық сипаттама беріп, қылмыстық заңның нормаларына және Жоғары соттың нормативтік қаулысына қайта толықтырулар енгізу, талдау әдістерін жүргізу өзекті болып табылады.

Диссертациялық зерттеудің мақсаты. Қарақшылық қылмысын тергеуде дәлелдемелер процесін жетілдіру және құқық қолдану қызметінде туындайтын проблемаларды анықтап, теориялық тұсымен тәжірибелік аспектілерімен ұштастырып, жауаптылық мәселелерін қарау және осы санаттағы ұқсас қылмыстық істерден айырмашылықтарын ажыратуды талдап, құқықтық заңнаманы жетілдіруге бағытталған бірқатар ұсыныстарды әзірлеу.

Шешілетін ғылыми проблеманың қазіргі уақыттағы жағдайын бағалау; Отандық және шетелдік ғалымдар өз зерттеулерінде меншікке қарсы бағытталған қылмыстық істер бойынша тергеу және сот шеңберінде әртүрлі оңтайлы аспектілеріне А.Н. Ағыбаевтың «Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексіне түсіндірме», И.Ш. Борчашвилидің «Комментарий к Уголовному кодексу Республики Казахстан», Е.О. Алаухановтың «Қылмыстық құқық. Ерекше бөлім», С.М. Рахметовтың «Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексіне түсінік», Н.С. Гагариннің «Квалификация некоторых преступлений против социалистической и личной собственности», Б.Г. Карганованың «Санкции за преступления против жизни и здоровья», И.И. Рогованың «Уголовное право Казахстана», Н.С. Таганцевтың «Русское уголовное право», Н.И. Коржанскийдің «Объект и предмет уголовно-правовой охраны», В.А. Владимировпен Ю.И. Ляпуновтың «Ответственность за корыстные посягательства на социалистическую собственность», А.В. Наумовтың «Уголовное право. Общая часть», С.М. Кочоидің «Ответственность за корыстные преступления против собственности», В.А. Владимировтың «Квалификация похищений личного имущества», А. Юнусовтың «Квалификация разбойных нападений по действующему уголовному законодательству», П.С. Дагель мен Д.П. Котовтың «Субъективная сторона преступления и ее установление», В. Быковтың «Как разграничить бандитизм и разбой», В.И. Коваленконың «Криминологическая характеристика современных грабежей и разбоев и меры их предупреждения», Л.Г. Хулапованың «Ответственность за хищение социалистического имущества» атты еңбектерінде арнады.

Бұл зерттеулерде қарақшылық істерді тергеу шеңберінде дәлелдемелерді пайдалану және жауаптылыққа тарту проблемасының кешенді де, жекелеген мәселелері де қамтылады. Қазіргі уақытта авторлар келтірген тұжырымдар мен ұсыныстар өзектілігін жоғалтқан жоқ. Диссертациялық зерттеуде қарақшылық қылмыстық істерін тергеу, дәлелдеу, жауаптылыққа тарту және қылмыстық заңнаманы жетілдіру бойынша ұсыныстар қарастырылады.

Зерттеу тақырыбы:

- Отандық заңнамада қарақшылық ұғымының қалыптасу тарихи аспектісін зерделеу;
- Шет елдердің қарақшылық бойынша қылмыстық заңнамасы мен нормативтік құқықтық актілерін зерделеп, салыстырмалы талдау жасау.
- Қарақшылық туралы қылмыстық істерді тергеу мен анықтауда қылмыстық процесс механизміндегі дәлелдемелердің мақсаты мен орнын нақтылау және қылмыс оқиғасын дәлелдеу ерекшеліктерін анықтау;
- Қарақшылық қылмысының құрамына қылмыстық құқықтық талдау жасау;
- Қарақшылық қылмысын басқа сабақтас қылмыстардан айырмашылығын ашып көрсету;
- Қарақшылық жасады деп айыпталған адамдардың қылмыстық жауаптылығын саралауға әсер ететін мән-жайларды соттың бағалауындағы проблемаларды анықтау;
- Қарақшылық туралы қылмыстық істер бойынша дәлелдеу субъектілерінің қызметін оңтайландыру, заңнаманы жетілдіру жөнінде ұсынымдар әзірлеу.

Зерттеудің объектісі. Мемлекеттің, жеке және заңды тұлғалардың, ұйымдардың меншік құқығын қорғау, қоғамдық қатынастар және қарақшылық қылмысының құрамдары.

Зерттеу тақырыбы. Заңнаманың теориялық деңгеймен байланысты қылмыстық құқықтықтың заңдылықтарын зерттеп анықтау және оларды практика барысында қолдану. Қарақшылық қылмысының негізгі сараланатын түрлерімен жауаптылыққа тарту мәселелеріне талдау жасау болып табылады.

Зерттеуді жүргізудің әдістері мен әдіснамалық негіздері. Зерттеу жұмысының тақырыбын жан-жақтылығын мен өзектілігін ашып, мүмкіндігінше ауқымды көлемде және сапалы игеру мақсатында тәжірибе мен теорияның, қарастырып жатқан қылмыстық-процестік және құқықтық құбылыстардың бір-бірімен байланысын көруге мүмкіндік беретін талдау, тарихи, салыстырмалы, синтез, жалпылау тәрізді ғылыми зерттеу әдістері және статистикалық әдістер қолданылды.

Ғылыми жаңалықтың негіздемесі. Зерттеу тақырыбының ғылыми жаңалығы ретінде, қарақшылық қылмысын тергеу әрекеттерін жүргізу барысында анықталуға және дәлелденуге тиісті мән-жайларды келтіре отырып, жауаптылыққа тарту және қылмыстық заңнаманы жетілдіру бойынша ұсыныстар әзірленгендігімен анықталады.

Зерттеу кезеңдерінде қарақшылық қылмысын қару қолданып жасағаны үшін жауаптылық мәселелері және шет елдердің ғылыми заңнамалық нормаларын зерделеуді, еліміздің сот-тергеу органдарының тәжірибелеріне салыстырмалы талдау жасауды қамтыды.

Қорғауға шығарылатын ережелер:

Тәжірибеде қарақшылық қылмысын тергеу кезінде дәлелдемелерді жинау мен нақтылау кезінде қылмыстың қауіптілік жағдайына байланысты жәбірленушілер мен іске тікелей куә болған тұлғалардың алған психикалық күйзелісіне байланысты берген жауаптары біргелікілі болмайды. Сонымен қатар, соттардың тәжірибесінде қолданылатын Жоғары соттың нормативтік қаулысында белгіленген ережелердің олқылықтарына байланысты көбінесе сабақтас қылмыстармен қате саралаулар кездесіп жатады және жаза тағайындау мәселелерінде қиындықтар туғызады. Осының негізінде сот және тергеу органдарының жұмысын тиімділігін арттырып, қылмыстың алдын алып, кінәлі тұлғаның жасаған қылмысына сай жауаптылыққа тарту мақсатында төмендігіше пікірлерді ұсынамын.

1. Тергеу кезінде жәбірленушінің куәнің психологиялық жағдайын ескеріп, жауап алуды арнайы әдістемелік негізде өткізу қажеттігін бекіту.

Қарақшылық қылмыстары бойынша дәлелдемелердің жарамдылығын анықтау кезінде, жәбірленушінің немесе куәлардың алғашқы психологиялық күйінің ерекшелігі ескерілуі тиіс. Себебі олар көбіне ауыр психоэмоционалдық шок жағдайында болады. Сондықтан оның берген айғақтары дәлелдеме ретінде пайдаланылғанда, олардың объективтілігі күмән туғызуы немесе белгілі бір уақыт өткен соң қосымша жауап алуды қажет етуі мүмкін. Осы себептен жәбірленуші мен куәден тергеу барысында алғашқы жауап алуда психолог маманның немесе психиатр сарапшының қатысуы міндетті болуы керек. Бұл ұсыныс айғақтарының дәлдігін арттырып, тергеу қателіктерін азайтады және дәлелдемелердің жарамдылығы мен нақтылығын қамтамасыз етеді.

Сондықтан, ҚР ҚПК-нің 214-бабында көрсетілген «Куәден және жәбірленушіден жауап алу» бөліміне «Қарақшылық және басқа да адамды психикалық күйзеліске түсіретін күш қолданылған қылмыстар бойынша жәбірленушіден жауап алу тек психологиялық қауіпсіздік жағдайында және психолог маманның немесе психиатр сарапшының қатысуымен жүргізілуі тиіс» деген толықтыру енгізу.

2. Жоғары соттың нормативтік қаулысына өзгерістер енгізу қажет.

Жасалған қылмысты толық ашу үшін ҚР ҚПК-нің 113-бабы бойынша дәлелденуге жататын мән-жайларды қамтамасыз ету қажет. Ол үшін баптың 1-бөлігінің 1-тармағындағы оқиға мен қылмыстық құқық бұзушылық құрамының белгілерін, қылмыстың нақты жасалу тәсілін, мақсатын білуіміз керек. Бұл өз кезегінде ҚР ҚПК-нің 118-бабындағы заттай дәлелдемелерге яғни, күдікті тұлғаның қылмыс жасау кезінде қолданған қаруын немесе құралын анықтау қажеттілігін тудырады. Алайда, соттардың тәжірибесінде қылмыстық кодекспен қатар практика ретінде қолданылатын «Бөтеннің мүлкін заңсыз

иемдену жөніндегі істер бойынша сот тәжірибесі туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2003 жылғы 11 шілдедегі №8 нормативтік қаулысының 21-тармағында қарақшылық қылмысын қару қолданып жасауға қатысты нақты реттілік көрсетілмеген. Сондықтан қаулыға төмендегіше толықтырулар енгізу қажет.

«Бөтеннің мүлкін заңсыз иемдену жөніндегі істер бойынша сот тәжірибесі туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2003 жылғы 11 шілдедегі №8 нормативтік қаулысының 21-тармағының редакциясына «Қорқыту мақсатында ойыншық қаруларды, сырт келбеті қаруға ұқсас заттарды немесе қарудың ноябын пайдаланып жасалған шабуылды ҚР ҚК-нің 192-бабының 2-бөлігі 4-тармағындағы қару қолданған қарақшылық» деген өзгеріс енгізу ұсынылады.

### 3. Тергеушінің қарақшылық істерін тергеу кезіндегі әдістемесі

Қарақшылықты тергеу барысында мынадай мән-жайларды анықтау және тергеу реттілігімен дәлелдеу қажет;

- қылмыс объектісі бойынша — жәбірленуші кім, оған қандай физикалық, моральдық және материалдық зиян келтірілген, қылмыстың салдары қандай, материалдық шығынның мөлшері;

- объективтік жағы — шабуылдың мән-жайы, шабуыл жасаушылардың әрекеттері, олардың құрамы, көрсетілген қарсылықты бейтараптандыру әдістері, қолданылған күш қолдану нысандары, күдіктілер шабуыл болған жерге қалай кіргені және қандай жолмен қашып кеткені, олардың шабуыл кезінде болған көліктері болды ма, шабуыл жасаушылардың іс-әрекеттерінде алдын ала жоспарланған әрекеттердің бар-жоғы байқала ма;

- қылмыс субъектісі бойынша - шабуылды кім жасады, қанша адам шабуыл жасады және олардың арасындағы қарым-қатынас қандай, олар ұйымдасқан қылмыстық топқа жатады ма, бұрын осыған ұқсас қылмыстар немесе ұрлық, қорқытып алушылық жасаған ба;

- субъективтік жағы бойынша - қылмыстың себептері мен мақсаты, қылмыскерлердің алдын ала сөз байласуы не үшін бағытталған, қылмыстық топ қалай және қандай мақсатта құрылған.

Қарақшылық туралы мәлімет келіп түскеннен соң, негізгі жасалуы керек тергеу әрекеттер алгоритмі.

Оқиға орнын мұқият қарап тексеру, аумақты оқшаулау және іске айғақ болатын заттай дәлелдемелерді барынша мұқият алу;

Оқиға орнында немесе соған жақын маңда орнатылған бейне-бақылау камераларын қарап, алу хаттамасы негізінде алу;

Күдікті тұлғаның шабуыл кезінде пайдаланған қаруын немесе құралын табу;

Жәбірленуші мен куәгерлерден алғашқы жауаптарын мейлінше бейне-бақылау жазбасын жүргізу арқылы алу;

Күдіктіні ұстау және қауіпсіздік шараларын сақтау;

Күдіктінің жеке басын тінту;

Күдіктінің тұрғылықты жеріне тінту жүргізу;  
Жымқырылған мүлікті тәркілеу және оны жәбірленушіге көрсетіп тану хаттамасын жүргізу;

Күдіктіні куәгерлер мен жәбірленушіге көрсетіп тану хаттамасын жүргізу;

Күдіктінің байланыс құралдарын алып зерттеу, қылмысқа басқа адамдардың қатысы бар жоғын анықтау;

Қажет болғанда жасырын бақылау ұйымдастыру.

Айғақтарды бекіту;

Дәлелдемелерді анықтау және сараптамаға жіберу.

Диссертация құрамында ұсынылған ережелердің бір бөлігі «Қарақшылық қылмысын басқа сабақтас қылмыстармен саралау мәселелері» және «Тергеу практикасында қарақшылықты тонаудан ажырату және ашу мәселелері» деп аталатын ғылыми мақалада көрінісін тапты.

Апробация және нәтижелерін енгізу. Осы жұмысты дайындау барысында алынған нәтижелер, қарақшылық қылмыстары бойынша қылмыстық заңнамамен бірге Жоғары соттың нормативтік қаулысын одан әрі жетілдіруге бағытталған.

Қорғауға шығарылған тұжырымдар Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасы жанындағы Құқық қорғау органдары академиясының арнайы заң пәндері кафедрасының отырысында талқыланып, мақұлданды. Зерттеу нәтижесінде екі ғылыми мақала (бірі ғылыми-практикалық конференция материалдар жинағында, екіншісі ғылыми журналда) жарық көрді.

Тергеушінің қарақшылық қылмыстарын тергеп-тексеру барысындағы жүйелі, дәйекті және заңды іс-әрекеттері қылмысты ашудың тиімділігіне, дәлелдемелердің сапасына және кінәлі тұлғаны жауапқа тартудың заңдылығына тікелей әсер етеді. Сондықтан тергеудің тиімділігін арттыру мақсатында, тергеушінің іс-жүргізу кезінде қолданылатын тергеу алгоритмін ұсыну көзделеді. Мұндай алгоритмді енгізу арқылы, болған қылмысты дұрыс талдау, заманауи әдістерді қолдану және тиісті шараларды ұйымдастыру қылмыстың ашылу деңгейін айтарлықтай арттырады [Қосымша 1].

Сонымен қатар, ҚР ІІМ Астана қаласы ПД «Алматы» ауданы полиция басқармасының басшы құрамының және тергеу бөлімінің қызметкерлерінің қатысуымен жалпы жиналысында талқыланылып, қолдау тапты. Енгізу актісі алынды. Және де, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Заң факультеті «Қылмыстық-құқықтық пәндер» кафедрасының білім беру бағдарламасының шеңберінде, «Қылмыстық құқықбұзушылықтарды тергеудің әдістемесі» пәні аясында оқыту процесінің теориялық материалы ретінде қолданады. Енгізу актісі алынды [Қосымша 2].

Алдағы уақытта, магистрлік диссертация жұмысы барысында ашылған мәліметтер, осыған ұқсас қарақшылық тақырыптарында туындайтын мәселелер бойынша зерттелетін ғылыми жұмыстарға белгілі бір өз үлесін қосады деп пайымдаймыз.

1. Қарақшылық бөтеннің мүлкін жымқырудың бір түрі және қазақстан заңнамасында қарақшылық ұғымының қалыптасу тарихи аспектісін талдау, құқықтық сипаттамасы

1.1 Қарақшылық қылмысы бөтеннің мүлкін жымқырудың бір түрі және жалпы сипаттамасы

Ата заңымызда адам, оның өмірі, құқықтары мен бостандықтары ең жоғары құндылықтар болып табылатындығы және де жеке меншік пен мемлекеттік меншік тең дәрежеде заңмен қорғалатыны бекітілген [1].

Әркімнің өз меншігіндегі мүлікке иелік етуге, пайдалануға және билік етуге құқығы бар. Соттың шешімінсіз ешкімді өзінің мүлкінен күштеп айыруға немесе оған тиым салуға құқығы жоқ.

Қылмысқа қарсы күрес және оны болдырмау, алдын-алу жедел-ізвестіру іс-шараларының ішінде арнайы техникалық құралдарды қолдану және игеру айрықша орын алады. Құқық қорғау органдарының қылмыстарды ашу және тергеу жөніндегі жедел бөлімдерінің қызметі нақты әлеуметтік-саяси, экономикалық, мәдени және рухани ортада іске асырылады.

Қоғамның дамуымен қатар, ғылым мен техниканың іргерлеуімен бірге халықтың техникалық сауаттылығы да артып келеді. Күнделікті өмірде қолданылатын техниканың саны артып, өз кезегінде солардың көмегімен қолданылатын қылмыстарда көбейіп келеді. Қылмыспен күресу және алдын алу үшін құқық қорғау органдарын заманауи жаңа техникамен жабдықтау және практикада техникаларды қолданып сауатты пайдалану қажеттілігі өзекті бола түсуде.

Бұл мәселе меншікке қарсы бағытталған қылмыстармен күресуге де қатысты. Көп жағдайда бұндай қылмыстар денсаулыққа нақты қауіп төндіріп, қару қолдану немесе оны қолданамын деп қорқыту тәсілімен жасалатын жағдайлар да кездеседі.

Қазақстан Республикасында қылмыспен күрес, мемлекеттік саясат шеңберінде меншікке қарсы бағытталған қылмыстар, оның ішінде қарақшылық, қорқытып алушылық, алаяқтық, ұрлық, тонау қылмыстары тұрақты мәселе болып табылады.

Тұлғаның құқықтары мен мүдделерін қорғауды және оны кінәлілердің шабуылынан қорғауды қылмысқа қарсы жоспарлы түрде күрессіз жүзеге асыру мүмкін емес. Азаматтардың конституциялық құқықтарына қол сұғылмаушылықты қамтамасыз ету үшін қылмыспен тоқтаусыз күресу және ымырасыз болу арқылы қол жеткізуге болады.

Қазіргі таңда, ғылыми зерттеулер еліміздің нарықтық экономикаға көшу кезеңінде қалыптасып жатқан жаңа әдістермен экономикалық саясатты жүзеге асырудың маңызды бағыттары арасында қайшылық тудыратын мәселелер бар екенін көрсетеді. Бұл мәселенің көзі негізінен қоғамда меншік қатынастарының өрескел бұзылуына байланысты қауіпті деп саналатын экономикалық мәселе.

Осыған байланысты меншікке қарсы бағытталған қылмыстар мүліктік мүдде мен қоғамдық тәртіптің бұзылуына әкеп соғады.

ҚР Қылмыстық кодексіне сәйкес, қылмыстық құқық бұзушылыққа жауаптылық тек қылмыс жасалған жағдайда ғана орын алады. Бұл дегеніміз, әрекет немесе әрекетсіздік қылмыс құрамының барлық заңмен бекітілген элементтерін қамтуы керек. Әрбір қылмыстың құрамы міндетті төрт элементтен тұруы керек: объект, объективті жақ, субъект және субъективті жақ. Алдағы уақытта диссертациялық зеттеуіміздің тақырыбында қарақшылық қылмысының төрт элементінің құқықтық сипаттамасын толық ашып көрсететін боламыз.

Қазіргі қолданыстағы заңнамада бөтеннің мүлкін жымқырудың дәрежесін қоғамға қауіптілік жағдайына байланысты әр түрлі дәрежедегі қылмыстарға бөліп қарастырған. Қылмыстар кінәлі тұлғаның мақсатына қарай қасақана менмендікпен немесе немқұрайлықпен жасаған болып екі топқа бөлінеді. Оның ішінде қасақана пайдақорлық ниетпен жасаған қылмыстардың өзі қауіптілік дәрежесіне қарай ұрлық, тонау, алаяқтық және тағы басқа қылмыстар болып, ал қауіптілік дәрежесі жоғары қылмыстарға қарақшылық қылмыстары жатқызылады. Немқұрайлықпен жасалған қылмыстарға көбінесе автокөлікті немесе мүлікті жымқыру мақсатынсыз заңсыз иелену, жерге қатысты құқықтарды бұзу, бөтеннің мүлкін жою немесе бүлдіру жатады.

Бөтеннің мүлкіне қарсы қылмыстарға меншік иесінің, мүлікті толық иелену, қалауынша пайдалану және оған билік ету құқығын заңға қайшы келетін өзге тәсілдермен (келтіру қаупін туғызу) бұзатын немесе белгілі бір мөлшерде залал келтіретін қоғамға қауіпті іс-әрекеттер жатады.

Осы тұрғыда, отандық ғалым А.Н. Ағыбаев Қылмыстық кодекске түсіндірмеде «меншікке қарсы қылмыстық құқық бұзушылық деп мүліктің меншік иесіне немесе өзге иеленушісіне залал келтіре отырып немесе залал келтіру қаупін тудырумен байланысты Қылмыстық кодексте көзделген нысандар арқылы жасалатын қасақаналық немесе абайсыздық іс-әрекеттерді айтамыз» - деп анықтамасын келтірген [8, 362 б.].

Бұл қылмыстардың объектісі меншікпен байланысты қоғамдық қатынастар (мүлікті иелену, пайдалану және оған билік ету) және мүлікті заңды иелену, оған басшылық ету құқығы болып табылады. Оның нысаны кез келген қолмен ұстауға жататын физикалық заттар, жалпы азаматтық айналымнан шығарылмаған және тұтыну құны (бағасы) бар кез келген мүліктер жатады. Азаматтық айналымға жатпайтын заттар (мүліктер) дегеніміз қолданыстағы Азаматтық кодексінде белгіленген айналымнан алынып тасталған мына заттар жатады:

а) Мемлекеттік меншікке жататын объектілер, заттар мен мүлікттер жатады. Мысалы, ұлттық сипаттағы тарихи және мәдени құндылықтар мен ескерткіштер және тағы басқа заттар;

б) Айналасындағыларға қауіптілігіне байланысты жалпы айналымнан алынып тасталған заттар. Мысалы, радиоактивті, күшті әсер ететін улы заттар мен есірткі құралдары;

в) Тұрмыстық коммуналдық меншікке ғана қатысты объектілер, заттар мен мүліктер. Мысалы, муниципалды бюджет қаражаты, коммуналдық кәсіпорындар және тағы басқа заттар жатады [4].

Меншікке қарсы қылмыстардың объективті жақтың белгілері негізінен белсенді әрекеттермен сипатталады. Мысалы, кінәлі мүлікті абайсызда жою немесе салғырттығынан бүлдіру әрекетсіздіктен туындауы мүмкін.

ҚР Қылмыстық кодексіне сәйкес мүлікке қарсы барлық қылмыстар тікелей объектіге, іс-әрекетке және себеп-салдарға байланысты үш топқа бөлінеді:

а) Жымқыру қылмыстарына; ұрлық, алаяқтық, сеніп тапсырылған мүлікті иемденіп алу немесе талан-таражға салу, тонау, қарақшылық, ерекше құнды заттарды ұрлау;

б) Өзге де менмендікпен қол сұғушылыққа – қорқытып алушылық, алдау немесе сенімді теріс пайдалану жолымен мүліктік залал келтіру, ұрлау мақсатынсыз автомобильге немесе өзге де көлік құралына заңсыз иелік ету;

в) Немқұрайлық өзімшілдікпен қол сұғуға - мүлікті қасақана жою немесе бүлдіру, мүлікті абайсызда жою немесе бүлдіру.

Сонымен қатар, жымқырудың объектісі ретінде құндылығы бар, бірақ адам еңбегімен жасалмаған заттар мен мүліктер (мысалы, ормандар, балықтар, табиғи байлықтар және мүлікті сатып алуға құқық беретін құжаттар) болуы мүмкін. Мұндай жағдайда бөтеннің мүлкін сатып алу және иемдену мақсатында құжаттарды құқыққа қайшы иелік ету жымқыруға дайындық, ал сол мақсатта құжаттарға уәкілеттік берілген тұлғаға қатысты жымқыруға оқталу ретінде қаралуға жатады. Материалдық сипаттағы құқықтарды тікелей білдіретін құжаттар, мысалы 50% жеңілдік карталарды және жол жүру билеттерін заңсыз иемдену, пайдалану жымқырудың бір түрі ретінде қарастыруымыз керек.

Жымқыру дегеніміз – «бөтен мүлікті осы мүліктің меншік иесіне немесе өзге иеленушісіне залал келтіре отырып, кінәлі адамның немесе басқа адамдардың пайдасына пайдакүнемдік мақсатта жасалған құқыққа қарсы өтеусіз алып қою және (немесе) айналдыру» [8, 22 б.].

Жымқырудың объективті жағы кінәлінің немесе басқа адамдардың пайдасына бөтеннің мүлкін заңсыз, өтеусіз алып қою және (немесе) айналысқа салу жөніндегі әрекеттермен көрініс табады және меншік иесіне материалдық зиян келтіру түріндегі әрекет пен қоғамдық қауіпті салдарлар арасындағы себеп-салдарлық байланысты қамтиды.

Кінәлі пайдасына алу дегеніміз – «бөтеннің мүлкін өз қалауы бойынша пайдалану немесе басқару мүмкіндігі, өзгеге беру, сату және т. б.» [9, 24 б.].

Жеке меншік құқығының субъектілері азаматтар, шаруашылық серіктестіктер мен қоғамдық кооперативтер, қоғамдық бірлестіктер, әлеуметтік қорлар және басқа да үкіметтік емес ұйымдар болып табылады.

Жымқырудың субъективті жағы тікелей ниетпен жасалады. Кінәлі тұлға бөтеннің мүлкін иемдену іс-әрекеттерінің әлеуметтік қоғамдық қауіптілігін түсінеді және меншік иесіне немесе басқа заңды иесіне материалдық зиян келтіру түрінде әлеуметтік қауіпті салдарлардың туындауының сөзсіз болуын болжайды және олардың басталуын толық қалайды [8, 363 б.].

Қылмыстардың басым көпшілігінің субъективті жағы тікелей ниет түріндегі қасақана әрекетпен сипатталады, тек ерекше жағдайларда басқа біреудің мүлкін жою, бұлдіру әрекеттері жанама ниетпен немесе абайсыздықпен жасалуы мүмкін.

Кінәлінің қасақана менмендікпен жасаған әрекеті басқа біреудің мүлкін заңсыз иемденуге және осы мүліктен материалдық пайда алуға деген ұмтылысын білдіреді. Жымқырудың менмендікпен жасаған мақсаты заңсыз алынған мүлікті пайдалану арқылы пайда табуға, олардың мүдделерін қанағаттандыруға деген ұмтылысынан көрінеді.

Елімізде қалыптасқан қылмыстық жағдайларға назар аударып, ҚР БП ҚСЖАЕАК мәліметіне сүйенсек, соңғы жылдарда Қазақстан аумағында жасалып жатқан қылмыстық іс-әрекеттердің шамамен 70-75% меншікке қарсы бағытталған қылмыстар құрайды. Жыл сайын бұл көрсетіш тұрақты болып келеді.

Егер нақты қарақшылық қылмысы бойынша сотқа жолданып аяқталған қылмыстар саны 2023 жылы 14 қылмыстық іс, ал 2024 жылы 11 қылмыстық іс болса, 2025 жылы әлі бірінші тоқсан аяқталмай жатып, қылмыстық істің саны 9 жеткен, көрсеткіш артып отыр [6].

Аталған меншікке қарсы қылмыстардың ішінде қоғамға қауіптілік дәрежесі қол сұғушылық жағынан жоғары, ҚК-нің 6-тарауының 192-бабында көрсетілген қарақшылық қылмысы. Қарақшылық дегеніміз – «бөтеннің мүлкін жымқыру мақсатындағы шабуылға ұшыраған адамның өміріне немесе денсаулығына қауіпті күш қолданумен немесе тікелей осындай күш қолдану қатерін төндірумен ұласқан шабуыл» [5].

Кінәлінің жасаған қылмыстық әрекеттерінің нәтижесінде жәбірленушінің денсаулығына әр түрлі деңгейде жарақат салу немесе кей жағдайларда оның өміріне қауіп төндіру арқылы жасалатын сәттері жиі орын алады. Осындай кездерде кінәлі тұлға қылмысты кенеттен агрессивті түрде жүзеге асырып, жәбірленушінің мүлкін иелену мақсатынан бұрын, оның өмірі мен денсаулығына зиян келтіру немесе өмірімен қорқытуды бірінші орынға қояды. Қарақшылық қылмысының басты элементтері ретінде адамның өмірі мен денсаулығына қауіп төндіретін күш қолдану немесе мүлікті иемдену үшін күш қолданамын деп қорқыту әрекеттері болып табылады. Мұндай қылмыстармен күрес әрдайым маңызды мәселе болып келеді және бола береді.

Қарақшылық қылмыстық құқық теориясында да және ғалымдардың криминологиялық еңбектерде меншікке қарсы қасақана жасалатын ауыр қылмыстардың қатарына жатады. (Оның басты ерекшелігі бөтеннің меншігін

өмірге немесе денсаулыққа қауіпті күш қолдану немесе күш қолдану қатерін төндіру арқылы жасалған шабуыл.)

А.Н. Ағыбаевтың пікірінше шабуыл жасау деп, «кінәлі адам жәбірленуші қарсылық білдірмеуі үшін, кенеттен өте жылдам қорқынышты түрде күш қолдануы болып табылады. Шабуыл ашық түрде жасалған күш қолдану әрекеттерінен жәбірленушіні ту сыртынан ұру, тасада тұрып оған оқ ату, жәбірленушінің өміріне, денсаулығына қауіп келтіретін жағдайда оған қатты әсер ететін, уландыратын немесе жындандыратын нәрселер беру арқылы оны есеңгірететін жағдайға келтіру сияқты әрекеттер жатады» – деп келтіреді [8, 379 б.].

Бұл қылмыс ең алдымен пайдакүнемдік мақсатта қасақана әр түрлі объектілерге; яғни қоршаған ортаға, меншікке, жеке адамның өміріне қол сұғып, қоғамға қауіп төндіретін қылмыстар қатарына жатқызылатындығымен түсіндіріледі.

Қарақшылықты ауыр қылмыстар санатына жатқызудың тағыда бірнеше ерекшеліктері бар, оларды төмендегіше бөліп қарастыруға болады:

Біріншіден, бұл қылмыстар субъектінің менмендікке негізделген заңсыз әрекеттері, яғни кінәлі өзінің пайдасын бөтеннің мүлкін иелену есебінен арттыруға деген ниетімен ерекшеленеді.

Екіншіден, қарақшылық заңмен қорғалатын бірден екі негізгі объектіге жеке меншік пен адамның денсаулығына қол сұғуымен қоғамға үлкен қауіп төндіреді

Үшіншіден, шабуылдың болуы және қарақшылық келте құрам санатына жатады. Яғни, шабуыл жасалған сәтінен бастап қылмыстық әрекет аяқталған болып есептеледі. Қылмыстық шабуыл агрессивті сипатқа ие болады.

Төртіншіден, жәбірленушінің болуы және оған күш қолдану немесе күш қолдану қатерінің туындауы. Бұл физикалық күшті, қаруды қолдану немесе басқа агрессивті әрекеттер болуы мүмкін.

Бесіншіден, мүлікті иемдену мақсаты; қарақшылық қылмысының түпкілікті мақсаты бөтеннің мүлкін иемдену немесе пайдақорлық ниетін жүзеге асыруы [8, 379 б.].

Қолданыстағы заңнамаға сәйкес қарақшылық қылмысының субъектісі 14 жасқа толған ақыл есі дұрыс жеке тұлға деп қарастырған. Қылмыстың ауырлығына, жасалған әрекеттің салдарына және күш қолдану дәрежесіне байланысты қарақшылық жасаған адамға қарастырылған ең жеңіл жаза түрі 3 жылдан бастап, ең ауыр жаза түрі 15 жыл мерзімге бас бостандығынан айыру және де басқа да қосымша жаза шаралары қолданылады. Қаруды қолдану немесе ұйымдасқан қылмыстық топтың қатысуы, адам өлімі сынды жағдайларды жазаны ауырлататын мән-жайлар қатарына жатады [5].

Тәжірибеде қарақшылық қылмыстарын жасайтын кінәлі тұлғалардың іс-әрекеттеріне қарап бірнеше бөліктерге жіктеп бөліп қарастыруға болады.

Ашық жерде күш қолдану немесе осындай күш қолданамын деп қорқыту арқылы жасалған шабуылдар; азаматтардың тұрғын үйлеріне кіріп, күш

қолдану немесе осындай қауіппен жасалған шабуылдар; мемлекеттік, қоғамдық немесе жеке меншік ұйымдардың қызметкерлеріне бағытталған шабуылдар; көлік жүргізушілеріне, ақшаны, жүктің немесе көліктің өзін иемдену мақсатында жасалған шабуылдар.

Ашық орындарда жасалатын қарақшылық шабуылдарға тоқталсақ көбінесе ашық көшелерде, аулаларда және көп қабатты тұрғын үйлердің кіреберістерінде орын алады. Мұндай қылмыстар көбінесе кешкі немесе түнгі уақыттарда жүзеге асырылады. Жасалған қылмыстар бойынша тәжірибеге сүйенсек, қарақшылықтың негізгі объектілері ұялы телефондар мен ноутбуктер, қол сағаттары, ақша, зергерлік бұйымдар, бағалы сыртқы киімдер, тағы басқа сол сияқты заттар алынады. Қарақшылық қылмыстары көбінесе кәмелетке толмағандар мен жас шамасы 30-ға дейінгі жастар тарапынан жасалу фактілері көптеп кездеседі. Мұндай топтар, әдетте, ақшалай мұқтаждықтарын оңай жолмен шешіп алу үшін құнды әрі қымбат емес заттарды иемденеді. Бұндай жағдайларда жәбірленушілер қылмыс жасаушы кінәлі тұлғалардың негізсіз қатыгездігіне ұшырауы мүмкін.

Көшедегі қарақшылықтар, көбінесе алдын ала дайындықсыз дұрыс ойластырылмаған күйде жүзеге асырылады және кінәлі тұлғалар қылмыстың ізін жасыруға көп назар аудармайды.

Тұрғын үй-жайлардағы және меншік нысандарына бағытталған қарақшылық қылмыстары керісінше, азаматтардың тұратын үйлері мен қоймаларына немесе әртүрлі меншік нысандарына шабуыл жасау кезінде өздерінің қылмыстық іс-әрекеттерін мұқият жоспарланып жасайды. Мұндай қылмыстарда кінәлі тұлғалар негізінен шабуыл жасайтын объектісін анықтауға арналған мәліметтер жинаудан бастайды. Мысалы, объектіні зерттеп, материалдық, ақшалай қаражат бар жоғы туралы ақпаратты анықтайды. Олар күзет жүйесінің деңгейі, тұрғындардың өмір салты сияқты деректерге ерекше назар аударады. Шабуыл құралдарын таңдайды. Құралдарды таңдау кезінде олар объектіні қорғау деңгейі мен қатысушылардың физикалық мүмкіндіктерін ескереді.

Қылмыскерлер көбінесе қару-жарақ (қару ретінде пайдаланатын заттар), психотроптық заттар немесе жәбірленушіні азаптауға арналған құралдарды (электрошокер, дәнекерлеу үтіктері) дайындайды. Сонымен қатар, олар объектіге кіру үшін әр түрлі қызметтік киімдер мен полиция қызметкерлерінің киімдерін пайдаланып, қылмыстық әрекеттерінде қолдануы мүмкін.

Қарақшылық шабуыл әрекеттерінің ерекше белгісі жәбірленушінің өмірі мен денсаулығына тікелей қауіп төндіруінде. Мұндай шабуылдар тек материалдық құндылықтарды иемденуге ғана емес, жәбірленушінің өміріне қауіп төндіріп, денсаулығына немесе психологиялық жай-күйіне зиян келтіруге бағытталған болады. Осы ерекшеліктер қылмыстық әрекеттерді ашуда және кінәліге тиісті жазаны анықтауда маңызды рөл атқарады.

Қарақшылық пайдақорлық ниетпен бөтеннің мүлкін жымқыру түріндегі қылмыстардың санатына жатқызылып, тәжірибеде басқа қылмыстармен ұқсас

тұстары көп кездеседі. Осы ұқсастықтар салдарынан белгілі бір дәрежеде тергеу және сот практикасында біршама қателіктер мен пікірталас сәттері туындайды. Өз кезегінде бұл кінәлі тұлғаның жасаған қоғамға қауіпті қылмыстық іс-әрекетіне байланысты тиісті жазасын алмай, жеңіл жазаға ауысып, жауаптылыққа тартуды қиындататын мән-жайлар көптеп кездеседі.

Қорыта айтқанда, бөтеннің мүлкін жымқырудағы қарақшылық қылмыстарының сипаты мен ерекшеліктерін түсіну, дәлелдеу, олардың алдын алу және кінәлілерге тиісті жауапкершілікті белгілеу үшін құқық қорғау органдары мен сот жүйесінің жұмысы айтарлықтай маңызды болып келеді.

Дегенмен қарақшылықты басқа қылмыстардан бөлетін өзіндік ерекшеліктері мен белгілері бар. Осы ерекшеліктері мен белгілері келесі тарауларда толығырақ егжей-тегжейлі талданып, жәбірленушінің өміріне немесе денсаулығына қауіпті күш қолданумен немесе тікелей осындай күш қолдану қатерін төндірумен ұласқан қылмыстардан айырмашылықтары, дәлелдеу жолдары және жауаптылық түрлері қарастырылатын болады.

## 1.2 Қазақстан заңнамасында қарақшылық қылмысының пайда болу тарихи аспектісін құқықтық талдау

Елімізде бөтеннің мүлкіне қарсы жасалатын қылмыстар, соның ішінде қоғамдық тәртіпке қауіптілігі жоғары болып саналатын қарақшылық қылмысының мәселесі құқық қорғау органдарының жұмысын күшейтуді талап етеді. Келіп түскен ақпарат пен жағдайды жылдам талдау қабілеті, ұйымдасқан қылмысқа қарсы күрес барысында маңызды рөлін атқарады.

Сонымен қатар, азаматтық қоғамның рөлі құқықтық мәдениетті қалыптастыруда ерекше маңызға ие. Азаматтардың құқықтық сауаттылығын көтеру, құқықтық білім беру бағдарламаларын енгізу, қоғамдағы құқық қорғау институттарына сенімділікті нығайту секілді іс-әрекеттердің барлығы қарақшылық қылмысының алдын алу үшін қажет.

Қазақстан заңнамасындағы қарақшылық қылмысының мәселесі тарихи-құқықтық аспектілерде маңызды орын алатын тақырып болып табылады.

Еліміздің құқықтық жүйесінде қарақшылық қылмысына қатысты нормалардың шығу тегі мен даму тарихын бірнеше кезеңдерге бөліп қарастырып өтсек.

Бірінші кезеңде тарихи деректер бойынша 1465 жылы Қазақ хандығы құрылған соң, «қарақшылық», «талан-тараж», «банда» ұғымдары пайда болып, ол үшін жауаптылықтың әр түрлі деңгейлері қарастырылған.

Бізге дейін өзінің құқықтық нормаларының қаталдығы мен жүйелілігін жақсы сақтап келген, қазақ даласында кең таралған және басқда заңдардың шығуына негіз болған Қасым ханның (Қазақ хандығын 1511 – 1523 жж. басқарған) тұсында пайда болған «Қасым ханның қасқа жолы» атты қазақ халқының хандық дәуіріндегі әдет-ғұрыптық заң ережелерінің жиынтығын қарастырсақ. Осы заң жалпы 5 бөлімнен мүлік заңы, қылмыстық іс заңы, әскери

заңдар, елшілік тәртібі және жұртшылық заңынан тұрған. Соның «қылмыстың іс заңы» атауымен аталатын бөлімде кісі өлтіру, талау, ел шабу, шапқыншылық жасау, ұрлық қылу түріндегі қылмыстарға әр түрлі жазалар қарастырылған [10].

Бұл жинақта бірқатар маңызды ережелер белгіленген, оның ішінде қарақшылық қылмыстары туралы да келтірген. Сол кездің өзінде қарақшылық қазақ қоғамында өте ауыр қылмыс саналған, өйткені қылмыс тек жеке мүлікке ғана қол сұғу емес, адамдардың қауіпсіздігіне және қоғамның тұрақтылығына да тікелей қауіп төндірген. Осы заңдар жинағында қарақшылық қылмысына қатысты нақты жазалар мен тәртіптерді қамтыған:

- Мүлікті ұрлау мен тонау: Егер біреу бөтеннің малын ұрласа немесе мүлкін тонаса, ол ұрланған заттың құнын толық өтеп, қосымша айыппұл төлеуге міндеттелген. Ұрлық жасаған адамның мал-мүлкі тәркіленіп, зардап шеккен адамға берілген.

- Адам өмірі мен денсаулығына қауіп төндірген қарақшылық: Егер қарақшылық адам өлтірумен немесе ауыр дене жарақатын салумен аяқталса, кінәліге өлім жазасы тағайындалған. Бұл қазақ қоғамында адам өмірін қорғауға баса мән берілгенінің дәлелі. Жәбірленушіге физикалық немесе моральдық зиян келтірілген жағдайда кінәлі тұлға толық өтемақы төлеуге міндеттелген (өлген адамның құны «құн» деп аталған).

- Қару-жарақ қолданумен жасалған қылмыстар: Қару қолданып жасалған шабуылдар (мысалы, атпен келіп тонау, қару қолдану арқылы қорқыту) аса ауыр қылмыс саналып, өлім жазасына немесе елден қуылуға дейінгі жаза қарастырылған.

- Жаза түрлерінің ерекшеліктері: «Құн төлеу» жүйесі: егер адамды өлтірсе немесе ауыр жарақат салса, кінәлі адам жәбірленушінің туыстарына арнайы төлем – «құн» төлеген. Бұл құн төлеу қайтыс болған адамның әлеуметтік жағдайына қарай есептелген (бай адамның құны жоғарырақ болған).

- Мал-мүлікті қайтару: Қарақшылық кезінде алынған мүлік екі есе қайтарылуға тиіс болды.

Бұл заңдар халық арасында жоғары ілтипатпен «Қасым ханның қасқа жолы» деп аталып кеткен. «Қасқа жолдың» қағидалары бір ғасырдай өз қызметін атқарып, басқа заңдардың шығуына ықпал етіп, тиісті толықтырулар мен өзгерістер енгізілген және XVII ғасырда Есім ханның (Қазақ хандығын 1598-1628 жж. басқарған) хандық құрған тұсында «Есім ханның ескі жолы» деген атпен қазақ қоғамындағы құқықтық нормаларды реттейтін заңдар жүйесі өмірге келген.

Есім ханның билігі тұсында бұл заңдар жинағы қазақтың дәстүрлі әдет-ғұрып ережелеріне негізделген. Әлеуметтік қатынастарды, қоғамдық тәртіпті, қылмыстық жауапкершілікті және басқа да мәселелерді реттеген.

«Есім ханның ескі жолы» заңында да «Қасымханның қасқа жолы» сияқты талау, қарақшылық үшін жаза қатал болған. Жалпы алғанда, қарақшылық, ұрлау, талау қылмыстары – қоғамда қауіп тудыратын және ауыр қылмыс деп саналатын әрекет есептелген. Бұл бойынша бізде нақты дерек көздер жоқ,

дегенмен ғалымдардың зерттеуі бойынша қарақшылық, талау қылмыстары үшін қолданылатын жазалар келесідей болды [11].

- Құн төлеу: Егер қарақшылық, талау, ұрлық жасау кезінде адам өлтірілсе, қылмыскер өлген адамның туыстарына «құн» (материалдық төлем) төлеген. Бұл құн өлген адамның әлеуметтік дәрежесі мен қызметіне байланысты болатын. Мысалы, ересек ер адамның құны жүз жылқы немесе мың қойға дейін жетуі мүмкін еді.

- Егер жәбірленуші өлтірілмесе, бірақ жарақат алып, зиян келсе – кінәлі тұлға жәбірленушінің өзіне құн төлеп, келген зиянды өтеуі тиіс болған. Құнның көлемі жәбірленушінің әлеуметтік мәртебесіне, алған жарақатының ауырлығына байланысты есептелген.

- Тәркілеу: Қылмысты жасаған адамның мал-мүлкі тәркіленіп, жәбірленушіге немесе оның туыстарына берілетін. Егер қылмыс жасаған тұлғада мүлік болмаса, орнына оның туыстары немесе руы жауапкершілікке тартылып, құнды өтеуге тиіс болған.

- Өлім жазасы: Қылмыс жасаған тұлғаның ісі ауыр болса немесе қайталап жасаған жағдайда, өлім жазасы тағайындалған. Аса қауіпті қарақшыларға қатысты қатаң жаза қолданылып, оларды өлім жазасына кескен.

- Қарақшылық жасап, адам өлтірген жағдайда – кінәлі адам өлім жазасына кесілетін.

- Қылмыс арқылы алынған мүлікті қайтару – ұрланған немесе тоналған мүлік сақталған болса иесіне қайтарылып, ал кінәлі жәбірленушіге қосымша өтемақы төлеуге міндеттелді.

- Қоғамнан аластау: Кейде қылмыскерлерді жасаған істерінің ауырлықтарына байланысты оларды руынан немесе қауымынан аластату жазасы қолданылатын. Бұл жазаның мәні – қылмыскерді қоғамнан, ортадан толық шеттетілуі болатын. Бұл өте ауыр жазалар қатарына саналып, адамның әлеуметтік өмірден, қоғамнан толықтай ажырауына әкелетін.

Есім ханның заңдары қазақ қоғамындағы тұрақтылықты сақтауға бағытталған және қылмыскерлерге қатаң жаза қолдану арқылы қоғамдық тәртіпті нығайтып, халықтың тыныштығын сақтап реттеуді көздеген.

Содан соң, Тәуке ханның (Қазақ хандығын 1680-1718 жж. басқарған) тұсында қазақ қоғамы үшін Үш жүздің ойшыл саңлақ билері Төле би, Қазыбек би, Әйтеке бидің басын қосып, «Күл төбенің басында күнде кеңес» деп аталатын кеңес өткізіп, «Есім ханның ескі жолы» мен «Қасымханның қасқа жолы» заңдар жинағына толықтырулар мен өзгерістер енгізген. Нақтырақ «Қасқа жолдың» бұрынғы бес тарауына тағы да екі тарау; жер дауы туралы заң мен құн дауы туралы заң қосылып, «жеті жарғы» («жеті заң») деп аталатын заңдар жинағын шығарған [12].

Тәуке ханның «Жеті жарғы» заңдар жинағы қазақ қоғамының дәстүрлі құқықтық нормаларына жүйелеген және мемлекет басқару ісінде маңызды рөл атқарған негізгі құқықтық құжат ретінде сол заманның құқықтық кодексі есептелген.

Ғаламтор желісіндегі ашық көздерде және тарихтанушы ғалымдардың зерттемелерінде «Қарақшылық» ұғымы «Жеті жарғыда» ерекше орын алған. Қылмыстың бұл түрі сол кездің өзінде қоғамның қауіпсіздігі мен тәртібіне қауіп төндіргендіктен, оған қатысты тағайындалатын жазаларда өте қатаң болып, бірнеше ережелермен бекітілген.

- Қатаң жаза: Қарақшылық жасаған адамға өлім жазасы қолданылуы мүмкін болған. Егер кінәлі адам қарақшылық кезінде жәбірленушіні өлтірсе, онда ол міндетті түрде өлім жазасына кесілген.

- Мүлікті қайтару: Қарақшылықпен алынған мүлік иесіне толықтай қайтарылуы керек болған. Егер жымқырылмаған мүлік қайтарылмаса, қылмыс жасаған адамның мал-мүлкі тәркіленіп алынып, зардап шеккен екінші тарапқа өтемақы ретінде берілетін болған.

- Топтық қарақшылық: Егер қарақшылық қылмысы адамдар тобымен алдын ала сөз байласу арқылы жасалса, топтың барлық қатысушылары бірдей жауаптылықта болып, олардың барлығы жазаға тең тартылған.

Осылайша, «Жеті жарғы» заңдарында қарақшылық ауыр қылмыс ретінде танылып, қоғамның қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін қатаң жазалар қолданылған.

Бұл заңдар жинағының негізгі мақсаты қоғамдық тұрақтылықпен тәртіпті сақтау, әділдікті қамтамасыз ету және азаматтардың құқықтарын қорғау. Меншікке қарсы бағытталған қылмыстар, ерте заманнан қазақ халқы үшін аса маңызды мәселелердің бірі болды, себебі көшпелі өмірдің жағдайында адамдардың мүлкі мен жері әлеуметтік тұрақтылыққа тікелей әсер ететін болған.

Осы заңдар жинағының ережелері арқылы қазақ қоғамы мен мәдениетінде адалдық және жауапкершілік сияқты адами моральдық құндылықтарды көтеру көзделген.

Екінші кезең Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы (бұдан әрі-КСРО) кезеңі, еліміз КСРО құрамына кірген соң, барлық қабылданған заңдар одақтар үшін ортақ болды. «Қарақшылық» ұғымы әр түрлі атаулармен XX-ғасырдың басында пайда бола бастады.

Сол кездегі Ресей Кеңестік Федерациялық Социалистік Республикасы (бұдан әрі-РКФСР) қылмыстық заңнамасында «банда» және «қарақшы» сөздерінің қолданылуына байланысты Н. Таганцевтің 1902 жылы берген еңбегінде былай делінген; «Банда» және «қарақшы» деген сөздер біздің санамызда алдымен Еділ бойындағы қарақшы атамандар мен феодалдық Еуропаның ортағасырлық қарақшыларын елестетіп көрсетеді. Алайда бұл – өткеннің көрінісінде қалған ойлар. Әрине, қазір де қылмыстық топтар сайланған жетекшілерге сөзсіз бағыну принципіне негізделген, ұйымдасқан әрі тәртіппен реттелген қарақшы топтарды кездестіруге болады. Бірақ бұлардың қатарында ешқандай иерархиялық құрылым жоқ, мүшелерінің өзара қарым-қатынасы қарапайым ғана болып, көбінесе қылмыскерлер мен сыбайластар

немесе тіпті серіктестер ретінде қалыптасқан топтар да бар және олар өз ара әрекет етіп қылмыс жасайды» [13, 33 б.].

Қарақшылық қылмысына қатысты қылмыстық-құқықтық түсінік алғаш рет жалпы РКФСР да 1917 жылғы Қазан төңкерісінен кейін «банда», «қарақшылар» (разбойники) деген атаулармен заңнамалық деңгейде қалыптаса бастады. Ол кезде үкімет үшін әлеуметтік және саяси тұрақсыздық жағдайында қоғамдық тәртіпті қамтамасыз ету басты міндет болып саналды. Сондықтан қылмыстық заңнамада қарақшылық, бандитизм және басқа да ұйымдасқан қылмыстық топтардың әрекеттеріне қатаң шаралар қолдану қажеттілігі туындады.

Сол кезеңдерде «контрреволюциялық қылмыстар» санатына жатқызылған көптеген қылмыстармен бірге бандитизм мен қарақшылықты да ең қауіпті құқықбұзушылықтар қатарына жатқызылды. Бұл қылмыстық әрекеттер бұрынғы Ресей империясы аумағында социалистік жүйенің қалыптасуына кедергі келтіретін күштерге қарсы күрес құралы ретінде қарастырылып отырды. Кеңестік билік қарақшыларды тек қарапайым қылмыскерлер ретінде ғана емес, сонымен қатар жаңа мемлекеттік құрылымды тұрақсыздандыруға бағытталған жеке азаматтар мен қоғамдық мүлікті жоюға арналған қылмыскерлер ретінде қарады.

1922 жылы КСРО құрылған соң, 24 мамырында РКФСР Қылмыстық кодексі бекітіліп, 1 маусымнан бастап күшіне енді. Ерекше бөлімі сегіз тараудан тұрып, қарақшылық қылмысы 6-тараудағы «Мешікке қарсы қылмыстар» бөлімінде қарастырылған. Атап айтқанда, кодекстің 184-бабында қарақшылықтың анықтамасы мен оған қатысты жазалау шаралары көрсетіліп, нақты сипаттамасы берілген [14].

Бұл бапта қарақшылық – яғни, бөтеннің мүлікін тартып алу мақсатында жасалған ашық шабуыл, жеке тұлғаның басқа адамға жасаған өміріне немесе денсаулығына қауіпті физикалық тұрғыда немесе психикалық күш қолданумен ұштасқан әрекет деп түсіндірген. Қарақшылық қылмысы үшін жауаптылық, үш жылдан кем емес мерзімге қатаң түрде оқшаулау арқылы бас бостандығынан айыру жазасымен жазаланатын болған.

Егер бұл қылмысты қайталанып жасалатын болса (рецидив болса), ең жоғарғы жаза ретінде өлім жазасы қолданылатын болған.

Кеңес үкіметі қарақшылық қылмысын тек экономикалық сипаттағы қауіп ретінде ғана емес, қоғамдық тұрақтылыққа қарсы қатер ретінде де қабылдады. Сондықтан бұл қылмыспен күресу үшін қатаң жазалау шаралары енгізілді, сот тәжірибесінде көбіне өлім жазасына дейінгі жаза тағайындалды.

Содан соң, 1926-шы жылы Қылмыстық кодекс қайта қабылданып, 7-тарауында «Меншікке қарсы қылмыстар» бөлімінің 167-бабында қарақшылық қылмысының анықтамасы берілген. Яғни, қарақшылықтың анықтамасын бөтен мүлікті иемдену мақсатында жасалған ашық шабуыл, жәбірленушінің өмірі мен денсаулығына қауіпті зорлық-зомбылықпен ұштасқан әрекеті деп түсіндірген. Оған қолданылатын жаза бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыру

жазасы тағайындалатын болған. Қылмыстық әрекет үшін жауаптылық 14 жастан бастап есептелген. Егер қарақшылық қайталанған жағдайда он жылға дейінгі мерзімге қатаң оқшаулаумен бас бостандығынан айыру және мүлкін толықтай немесе ішінара тәркілеп алу жазасы тағайындалған. Дәл осы әрекеттер, егер тіпті алғаш рет жасалған болып, бірақ жәбірленушінің өліміне немесе денесіне ауыр жарақат алуына әкеліп соқтырса, онда жауаптылық он жылға дейінгі мерзімге қатаң оқшаулаумен бас бостандығынан айыру және мүлкін тәркілеу жазасы қарастырылатын болған. Ал, сот қылмыс жасаған тұлғаны ерекше әлеуметтік қауіпті тұлға деп таныса ең жоғарғы жаза, ату жазасы (өлім жазасы) қолданылған [15].

1947 жылдың 4 маусым күні КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының отырысында «Мемлекеттік және қоғамдық мүлікті ұрлау үшін қылмыстық жауапкершілік туралы» және «Азаматтардың жеке меншігін қорғауды күшейту туралы» жарлықтары қабылданды. Бұл жарлықтарды мемлекеттік, қоғамдық және жеке меншікке қарсы қылмыстармен жүйелі күресті күшейту қажеттігінен туындап, жеке меншікке қарсы жасалатын негізгі қылмыстар жүйесін өзгертті. Бұрынғы қылмыстық ұғымнан «тонау» сөзі алынып тасталды. Қылмыс ашық түрде жасалса, бірақ күш қолданусыз мүлікті иемденсе ұрлық деп танылды. Ал қылмыс барысында жәбірленушіге қатысты күш қолдану арқылы жасалған мүлікті иемдену қарақшылық деп есептелді. «Азаматтардың жеке меншігін қорғауды күшейту туралы» Жарлықта қарақшылықтың екі жеңіл және ауыр түрі қарастырылды. Жеңіл түрдегі қарақшылық қылмысы кезінде жәбірленушінің өмірі мен денсаулығына қауіпті емес күш қолдану немесе күш қолдану қатерін төндірумен жасалған шабуыл ретінде қарастырылады. Ал, ауыр қарақшылық жәбірленушінің өмірі мен денсаулығына қауіпті күш қолдану немесе өлімге немесе денесіне ауыр дене жарақатын келтіру қаупімен жасалған шабуылдарды жатқызатын болған. Сондай-ақ ауырлататын түріне адамдар тобымен жасау және қайталап жасау әрекеттері жатқызылған.

1958 жылы 25 желтоқсанда КСРО Жоғарғы Кеңесі «мемлекеттік қылмыстар үшін қылмыстық жауапкершілік туралы» Заң қабылдады, сонымен бірге «КСРО одағы мен одақтас республикалардың қылмыстық заңнамасының негіздері» қабылданды.

Қарақшылық қылмысы, тіпті, сол кездегі контрреволюциялық қылмыстар санатындағы мемлекетке қарсы қылмыстар қатарына жатқызылған. Ол заңда да қазіргі заң сияқты қарашылық, тонау, мүлікке қол сұғу, шекара бұзу, қауіпті күш қолдану жазасы ретінде қарастырылып, қылмыс дәрежесіне қарай жауаптылық көзделген және жазаның жеңілі 5 жылға дейін бас бостандығынан айыру ал, ең ауыр түрі өлім жазасы белгіленген [16].

Содан соң, 1959 жылғы 22-шілдеде Қазақ КСР Қылмыстық кодексі қабылданды. Бұл кодекстің 5-тарауында «Меншікке қарсы қылмыстар» бөлімінің 134-бабында қарақшылық қылмысы қарастырылған [17]. Бұл Қазақстандағы алғашқы Қылмыстық кодекс болды, өйткені оған дейін республикамыздың аумағында 1926 жылғы РКФСР Қылмыстық кодексі

қолданылған. Қазақ КСР Қылмыстық кодексі меншікке қарсы қылмыстарды реттейтін қылмыстық-құқықтық нормаларды жетілдіріп жүйелендірді. 1959 жылғы Қазақ КСР Қылмыстық кодексінде жымқырудың (ұрлық) көлеміне үлкен мән берілді. Ірі мөлшерде ұрлық жасау ұрлық, тонау және қарақшылықтың аса сараланған белгілерінің бірі ретінде қарастырылды.

Жоғарыда келтіргеніміздей бұл қылмыс бөтеннің мүлкін иемдену мақсатында жәбірленушінің өміріне немесе денсаулығына қауіп төндіретін шабуылды көздейтін екі объектілі қылмыстан тұрады. Қол сұғудың маңызды белгісі мүлікті иемдену мақсатында мүліктің меншік иесі немесе мүлікке қаржылық тұрғысынан жауапты тұлға, не мүлікті талан-таражға салуға жол бермеген немесе алдын алуға болатын тұлға түсініледі.

Айта кету керек, бұрынғы кеңестік жүйенің саяси ықпалымен қылмыстық заңдардың өзінде жеке адамның құқықтары мен бостандықтары мемлекет мүдделерінен төмен тұрды. Қылмыстық құқықтың қағидаларында ең алдымен мемлекет мүддесі барлық қоғамдық қатынастардан жоғары қойылып, мемлекет мүддесі үшін жеке адамның құқықтары мен бостандықтары екінші кезекте тұрды.

Мемлекеттік меншікке қол сұғушылық тіпті өлім жазасына кесіліп, жеке меншікке осындай қол сұғушылық жеңіл жаза ретінде қарастырылды.

Мемлекеттік саясат қылмыстық заңдарда ғана емес, заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілерде де көрініс тапты. Атап айтқанда, социалистік мемлекет меншігіне қарсы қылмыстардың сот тәжірибесі бойынша КСРО Жоғарғы Сотының қаулысы жеке, ал азаматтардың жеке меншігіне қарсы қарақшылық, тонау, жымқыру қылмыстары бойынша басқаша қаулы шығарылды. Бұрынғы кеңестік жүйе кезеңінде тіпті құқықтық нормаларда заңның үстемдігінің қағидалары өрескел бұзылды.

Мемлекеттік мүлікті талан-таражға салу, тонау қылмыстары туралы заңдар бірнеше рет қабылданып, үнемі жетілдірілу үстінде болды. Ал жеке тұлғалардың меншік құқықығы туралы көп айту социалистік принциптерге сәйкес келмеді және заңдар өзгеріс қалып, қарақшылық қылмысын тергеу және ашу біршама қиындықтар әкелді.

КСРО Жоғарғы Соты Пленумының ережелері құқықтық нормалар деп аталса да, Қазақстанның сол кездегі Қазақ КСР Қылмыстық кодексінің заңды күші болған жоқ. Сот қылмысты заң бойынша емес, КСРО Жоғарғы Сотының жалпы отырысының қаулылары мен нормалары бойынша саралауға міндетті болды. 1959 жылғы Қазақ КСР Қылмыстық кодексі 1995 жылы елеулі өзгерістерге ұшырап, күші жойылды.

Үшінші кезең, 1991 жылы Кеңес Одағы тарап, Қазақстан тәуелсіздікке қол жеткізген соң, еліміздің құқықтық жүйесінде бірқатар өзгерістер орын алды. Тәуелсіздік алғаннан кейін 1997 жылы еліміздің алғашқы Қылмыстық кодексі қабылданып, онда адамның жеке меншік құқықтары мен еркіндіктері мемлекетпен тең дәрежеде қорғалатын болды. Заңның 6-тарауы меншікке қарсы қылмыстар болып келесідей баптардан тұрды. Ұрлық (ҚК 175-бабы),

сеніп тапсырылған бөтен мүлікті иемдену немесе ысырап ету (ҚК 176-бабы), алаяқтық (ҚК 177-бабы), тонау (ҚК 178-бабы), қарақшылық (ҚК 179-бабы), ерекше құнды заттарды ұрлау (ҚК 180-бабы).

Сол кодекс бойынша қарақшылық ұғымына былай анықтама берілген, яғни, «бөтен мүлікті ұрлау мақсатында шабуыл жасауға ұшыраған адамның өмірі мен денсаулығына қауіпті күш көрсетумен немесе тікелей осындай күш қолданамын деп қорқытумен ұштасқан шабуыл жасау» [18].

Қарақшылықты бөтеннің мүлкін жымқыру қылмыстарының ішінде ең қауіптісі ретінде белгіленіп, бірден екі қылмыс меншікке қол сұғу және жәбірленушінің өміріне немесе денсаулығына зиян келтіру ретінде қарастырған.

Содан соң, 2014 жылы Қазақстан Республикасының ҚК қайта қабылданып, біршама өзгертулер енгізіліп, қарақшылық қылмысына қатысты нормалар қайта қаралды. Бірқатар өзгерістер мен толықтырулар енгізіліп, қылмыстардың түрлері, атап айтқанда, қарақшылықтың ұйымдасқан түрде жүзеге асырылуы, қару қолданып қарақшылық жасау сияқты қылмыстық құқықтық сақтандыру шаралары күшейтілді.

Қазақстан Республикасының қазіргі заңнамасында қарақшылыққа арналған нормалар әлі де өзекті болып отыр. Заңнамалық деңгейде қылмыстың түрлері мен оған қатысты жаза шараларының нақты анықтамалары жазылған. Заң шығарушы органдар заңнаманы халықтың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында үнемі жаңартып отырады.

Қорытындылай келе, қылмыстық заңнамасы бойынша қарақшылықтың тарихи-құқықтық талдауы оның уақытпен байланысты қалай дамығанын көрсетеді. Заңнаманың өзгерісі мен құқықтық жүйенің динамикасы, әлеуметтік және экономикалық жағдаяттардың өзгеруімен тікелей байланысты. Бұрын КСРО құрамында болған кезде жаза анағұрлым қатаң болып, мемлекет мүдделеріне басымдылық берілсе, тәуелсіздік алғаннан кейін азаматтардық құқықтық еркіндіктеріне басты назар аударылып жатыр. Қарақшылыққа қарсы құқықтық механизмдердің тиімділігі қоғамның құқықтық мәдениеті мен құқық қорғау органдарының жұмысына да байланысты екені даусыз.

### 1.3 Қарақшылық қылмысының объективтік белгілері

Қарақшылық қылмысы кез келген басқа қылмыстар сияқты, қоғамға, мемлекетке және жеке адамдарға белгілі бір дәрежеде зиянын келтіреді. Басқаша айтқанда, кінәлінің қоғамға қауіпті әрекеті нақты екі объектіге қол сұғады. Қылмыстың ерекшелігі бір іс-әрекет арқылы бірден екі объектіге қарсы бағытталғандығында. Сондықтан қылмыс объектісіне қатысты кейбір теориялық аспектілерді қарастыруды қажет деп санаймыз.

Қазіргі таңда, қолданыстағы қылмыстық заңнамамызға сәйкес, қылмыстың объектісі деп қылмысты қол сұғушылықтан қылмыстық кодекс бойынша қорғалатын барлық қоғамдық қатынастарды айтамыз [19, 57 б.].

Қарақшылықтың объективтік жағы бұл – «адамның өмірі мен денсаулығына қауіпті күш қолданумен немесе тікелей осындай күш қолдану қатерін төндіріп қорқытумен ұштасқан шабуыл жасау арқылы белгіленеді. Осыған орай қарақшылықтың объективтік жағы негізінен екі заңға қайшы әрекет арқылы сипатталады. Яғни, шабуыл жасау және күш қолдану немесе күш қолдану қатерін төндіру арқылы жүзеге асырылады» [8, 378 б.].

Қылмыстың объективтік жағы көптеген сипатамалар мен белгілердің жиынтығынан қалыптасады. Оның негізінде қылмыстық заңмен қорғалатын қоғамдық қатынастар мен адамның өміріне, денсаулығына зиян келтіретін немесе оларға қауіп төндіретін қоғамға қауіпті әрекет (немесе әрекетсіздік) жатыр. Жалпы айтқанда, қоғамға қауіпті іс-әрекеттер, қылмыстық салдар және себеп-салдарлық байланыстар кез келген қылмыстың объективтік жағының негізгі элементтерін қалыптастырып отырады.

Қоғамға қауіпті әрекет деп – «адамның заңға қайшы, саналы түрде және белсенді іс-қимылымен қоғамдық қатынастарға залал келтіретін мінез-құлқының сыртқы көрінісі болып табылады» [20, 114 б.].

Ал, іс-әрекет дегеніміз – «кінәлі адамның сыртқа шыққан мінез-құлқының шынайы көрінісі. Бұл тұрғыда біздің басты міндетіміз қарақшылық қылмысының объективтік жағын сипаттайтын белгілерді анықтау және қарақшылықтың қандай нақты әрекеттер арқылы жүзеге асырылатынын ашып көрсету» [8, 41 б.].

Бөтеннің мүлкін заңсыз иемдену – кінәлі тұлғаның мүлікке меншік құқығының болмауы және оның иелену немесе өз пайдасына айналдыру құқығының жоқтығы танылады. Қайтарымсыз иемдену меншік иесінің мүлігінен айырылған кезде ешқандай өтемақы (мысалы, пайдалы еңбек нәтижесі немесе мүліктің құнына сәйкес төлем) алмауымен сипатталады [7].

Қарақшылық екі объектіге бағытталған қылмыс саналып, кінәлі тұлғаның негізгі тікелей объектіге қол жеткізуі үшін қосымша объектіге зиян тигізуін білдіреді. Осыған орай, ғылыми әдебиеттерде бұл қылмыс қасақана жасалатын әрекет екендігі тұрғысынан дұрыс зерттелген.

Қарақшылықтың негізгі және қосымша тікелей объектілерін анықтау кезінде кінәлі адамның ниетінің қай бағытқа бағытталғанын ескеру қажет.

Қарақшылық жағдайында негізгі тікелей объект ретінде бөтеннің мүлкін заңсыз түрде иелену, пайдалану және оған билік ету құқықтарын реттейтін қоғамдық қатынастардан туындайтын әрекеттерді атауға болады. Н.И. Коржанскийдің пікірінше тікелей объект ол адамның денсаулығы деп қарастырады. Егер кінәлі адам жәбірленушіден белгілі бір мүлікті күш қолданып немесе оны қолдану қатерін төндіремін деп қорқыту арқылы талап етсе, бұл зиян мүлікті иелену, пайдалану және билік ету деген қоғамдық қатынастарын білдіреді. Осыдан шығатын қорытынды мүлікті қылмыстың тікелей объектісі деп тану дұрыс емес көзқарас [21, 81 б.].

Мүлікті немесе белгілі бір заттарды қылмыстың тікелей объектісі деп тану объект ұғымының мағынасын бұрмалайды және қарақшылықты меншікке

қарсы қылмыс ретінде қате түсіндіруге әкеледі. Өйткені, қарақшылық қылмысын жасау кезінде мүлікке (көптеген жағдайларда) нақты зиян келмейді. Ал құқықтық нормаларда «объект» дегеніміз – негізінен, зиян келтірілген нақты нәрсе. Құқықтық әдебиеттерде дұрыс атап көрсетілгендей, адамдардың қоғамдық өмірінде заттар мен адамдар арасында емес, адамдардың өзара қарым-қатынасында заттарға байланысты құқықтық қатынастар орын алады [21, 21 б.].

В.А. Владимировпен Ю.И. Ляпуновтың пікірінше, меншікке қарсы қылмыстардың объектісі ретінде көбінесе нақты физикалық сипатқа ие мүлік танылады. Мұндай мүлік қозғалмалы да, қозғалмайтын да болуы мүмкін. Ол меншік иесінің әртүрлі қажеттіліктерін (жеке, өндірістік, рухани немесе физикалық) қанағаттандыратын заттар мен объектілер түрінде көрінеді. Сонымен қатар, мүлік ретінде оның орнын басатын – ақша, құнды қағаздар және т.б. түрінде де қарастырылуы мүмкін. Алайда, мұндай мүліктер міндетті түрде объективті дүниеге жататын және кез келген физикалық күйде ұстауға, немесе көруге болатын материалдық зат ретінде көрініс табуы қажет [22, 200 б.].

Демек, қарақшылық қылмысы кезінде негізгі тікелей объект ретінде мүлікке қатысты қоғамдық қатынастарды атауға болады. Себебі қылмыс жасаушы кінәлі тұлғаның бастапқы нақты мақсаты мүлікті иелену. Бұл қатынастар мүлікті иелену, пайдалану және билік ету арқылы көрініс табады. Осы нақты ерекшелік қарақшылықтың түрлік объектісі мен негізгі тікелей объектісі арасындағы айырмашылықты айқындайды.

Қарақшылықтың қосымша тікелей объектісі жәбірленушінің денсаулығын қорғауға қатысты қоғамдық қатынастар болып табылады. Бұл мәселеге қатысты қазіргі қылмыстық-құқықтық әдебиеттерде айтарлықтай пікірталас жоқ. Дегенмен, біз тарихи-құқықтық тұрғыда қарақшылықты реттеуді талдау барысында атап өткендей, бұған дейін қосымша тікелей объект ретінде адамның өмірі танылған жағдайлар да болған. Яғни, егер қарақшылық шабуылы барысында жәбірленушіні өлтіру әрекеті жасалса, адамның өмірі қосымша объект ретінде қарастырылған.

Танымал ғалым И.Я. Фойницкийдың пікірінше жымқырудың объектісі ретінде қолмен ұстауға және иемденуге болатын материалдық заттарды қарастыруға болатындығын атап көрсеткен. Оның айтуынша, жымқыру объектісі әдетте, сезілетін, қолға ұстауға болатын, нақты физикалық түрде келетін материалдық затты білдіреді. Э.С. Тенчов бұл контексте мүлік деп «материалдық құндылықтарды, ақшалай қаражаттарды және құнды қағаздарды» түсіну қажет деп санайды. Оның айтуынша, мұндай мүліктер қылмыстық құқықта меншікке қарсы қылмыстардың негізгі нысаны ретінде қарастырылады деп айтқан [23, 174 б.]. Ал, профессор А.В. Наумов болса қылмыстың жалпы объектісін қылмыстық заң нормаларымен қорғалатын кез келген игіліктер жатады деп атап көрсеткен [24, 149 б.].

Демек, қарақшылық қылмысының тікелей объектісі тек меншік иесінің нақты қажеттіліктерін қанағаттандыруға немесе оған материалдық пайда әкелуге қабілетті физикалық объектілерді ғана қамтиды. Бұл анықтама қылмыстық құқықтың маңызды ерекшелігі болып табылады және меншікке қарсы жасалатын қылмыстардың саралануында маңызды рөл атқарады.

Қарақшылықтың объективтік жағын сипаттау үшін қылмыстық әрекеттердің қауіптілігі қылмыстық қол сұғушылыққа бағытталған объектінің ерекшеліктерімен анықталады. Тек осы қасиеттерге сәйкес келетін әрекеттер ғана қылмыстық-құқықтық ережелермен қорғалатын қоғамдық қатынастарға елеулі зиян келтіруі мүмкін. Сондықтан қылмыстық әрекеттер деп тек заңмен қорғалатын қоғамдық қатынастарға белгілі бір зиян тигізуге қабілетті әрекеттерді тануға болады.

Жоғарыда көрсеткендей қарақшылық бөтеннің мүлкін жымқырудың ерекше әрі қауіпті түрі болғандықтан, алдымен қарақшылық шабуыл барысында мүлікті иемденудің ерекшеліктерін талдап өтуіміз қажет. Мұндай иемдену мүлік иесінің немесе мүлікті заңды иеленушінің билігіндегі мүлікті жалпы мүліктік қордан бөліп, оқшаулау немесе алып қою арқылы жүзеге асырылады. Қарақшылық кезінде мүлік заңды иесінің бақылауынан еріксіз шығып, басқа мүліктен ажыратылып, қылмыс жасаған кінәлі тұлғаның қолына өтеді. Нәтижесінде, меншік иесі мүлікті иелену, пайдалану және оған билік ету мүмкіндігінен толығымен айырылады. Бұл әрекеттер мүліктің меншік иесіне тиесілігін жоққа шығарып, онымен еркін әрекет жасау құқығынан айырады. Мұндай әрекеттер қылмыстық құқықта қарақшылықтың басты белгісі ретінде танылып, меншікке келтірілген залал ретінде сараланады [25, 67 б.].

Қарақшылықтың объективтік жағының тағы бір маңызды белгісі мүлікті жымқыру барысында мүліктің заңды иесіне немесе оны заңды түрде иелік етіп тұрған тұлғаға зиян келтіру. Бұл зиян қарақшылық жасалған сәттен бастап, жәбірленушінің иелігінде болған мүліктің белгілі бір көлемде азаюынан немесе мүлік толығымен айырылуынан көрінеді.

Жәбірленуші тарапқа келтірілген барлық мүліктік шығынның мөлшері мен көлемі, жымқырылған мүліктің құнының бағасы арқылы өлшенеді. «Бөтеннің мүлкін заңсыз иемдену жөніндегі істер бойынша сот тәжірибесі туралы» Жоғарғы соттың нормативтік қаулысында көрсетілген ұсынымдарға сәйкес, ұрланған мүліктің құнын анықтау кезінде жымқырылған мүлік меншік иесі тарапынан қалай және қандай жағдайда алынғанына байланысты есептеледі. Бағаны есептеу кезінде қылмыс жасалған сәтте базар немесе коммерциялық бағаларға немесе бөлшектеп сату кезінде болған бағаларға негізделеді.

Егер жоғарыда көрсетілген негіздерде мүліктің нақты бағасын анықтау мүмкін болмаса, оның құны сот тауарлық сараптама қорытындысы негізінде анықталады. Сарапшылар бағалау жүргізу кезінде қылмыс жасалған уақыттағы нарықтық бағаны басшылыққа алады. Сонымен қатар, қылмыстық заңнамада жасалған қарақшылық қылмысы үшін жауапкершілікке тарту кезінде

келтірілген шығынның ең төменгі мөлшері белгіленбеген. Яғни, жымқырылған мүліктің құнына қатысты қандай да бір шектеу немесе төменгі шек қарастырылмайды. Заңнаманың бұлай есептеу себебі қарақшылық қылмысы шабуыл жасалған сәттен бастап аяқталған қылмыс ретінде танылатындығымен түсіндіріледі. Мұнда жымқырылған мүліктің мөлшері немесе құны қылмысты саралауға әсер етпейді.

Осылайша, біз қарақшылықтың объективтік жағының ең маңызды және ерекшеліктеріне тоқталып өттік. Енді объективтік жақты сипаттаушы тағы бір маңызды бөлігі яғни қылмыс жасау кезінде жасалатын шабуыл туралы мәліметтер келтіріп өтсек. Себебі осы шабуылдың әрекетіне байланысты қарақшылық қылмысын басқа қылмыстардан ажырату және жәбірленушіге төнген қауіптілік дәрежелерін анықтауға болады.

Шабуыл жасау деп – «кінәлі адамның жәбірленушіге кенеттен, оның қарсылығын тойтару мақсатында өте жылдам түрде күш қолдануы болып табылады. Шабуылға ашық түрде жасалған күш қолдану немесе қолдану қатерін төндіру әрекеттерінен де басқа, жәбірленушіні ту сыртынан ұру, тасада тұрып оған оқ ату, жәбірленушінің өміріне, денсаулығына қауіп келтіретін жағдайда оған қатты әсер ететін, уландыратын немесе жындандыратын нәрселер беру арқылы оны есеңгірететін жағдайға келтіру сияқты әрекеттер жатады» [8, 379 б.].

Сонымен бірге, шабуыл жасау белгісі қылмыстық-құқықтық әдебиетте ең көп талқыланатын мәселелердің бірі болып табылады. Мәселен осы шабуылға қатысты бірнеше ғалымдардың ой пікірлеріне назар аударып өтсек. Мысалы; Ю.Б. Мельникова мен Т.Д. Устинованың пайымдауынша, шабуыл – бұл «өте агрессивті және заңға қайшы әрекет» деп түсіндірілуі керек деген [26, 95 б.].

Ғалым С.М. Кочи «шабуыл» термині тек қарақшылық қылмысында ғана күш қолдану немесе оны қолдану қатерінде агрессивті сипатқа ие, дегенмен бұл термин тек қана қарақшылыққа қатысты қолданылмайды. Басқа қылмыстарда шабуыл қарақшылық сияқты агрессивті сипатқа ие емес. Сондықтан шабуылды тек күш қолдану үшін, кінәлі мақсатқа жету үшін қолданатын әрекет деп түсіну қажет екендігін келтірген [27, 221 б.].

Ал В.А. Владимиров, өз еңбегінде шабуылды «агрессивті және заңға қайшы әрекет, кінәлі қылмыстық мақсатты жүзеге асыру үшін қолданып, күш қолдануды кенеттен қолдану қаупін нақты тудыратын әрекет» деп түсіндіреді [28, 63 б.].

В.И. Симонов пен В.Г. Шумихиннің пікірінше, шабуыл – бұл қарақшылық қылмысын жасаудың алғашқы кезеңі. Бұл кезең «жәбірленушіге қарсы бағытталған тез, агрессивті және жедел әрекеттерді» білдіреді. Ал күш қолдану немесе қолдану қатерін төндіру – бұл екінші кезең, онда шабуыл әрекеті күш қолдану немесе қолдану қатерін төндірумен табиғи түрде бірігеді, бірақ өз дербестігін жоғалтпайды деп түсіндірген [29, 68 б.].

Мұндай шабуыл әрекеттері кейбір қылмыстарда, мысалы ретінде атап өтетін болсақ, адам өлтіру, зорлау немесе бұзақылық қылмыстарын жасау

жағдайларында қосымша (факультативтік) белгі ретінде қарастырылатын болса, бандитизм мен қарақшылық үшін бұл әрекеттер қылмыс құрамының міндетті бір белгісі болып саналады.

Шабуылдың аяқ астынан жасалуы жәбірленушінің өзін-өзі қорғау немесе қарсылық білдіру қабілетінен айыра отырып, полиция қызметкерлеріне немесе басқа адамдардың көмегіне жүгінуге мүмкіндік бермеуіне әкеледі. Себебі шабуыл әрекеті күтпеген жерден және жылдам түрде орын алады.

Кінәлі тұлға, қарақшылық шабуылы кезінде, егер жәбірленуші мүлікті иемденуге кедергі жасаса, оған қатысты қылмыстық ойын жүзеге асыру үшін, нақты күш қолдануды немесе қолдану қатерін төндіруді саналы түрде көздейтін объективті және субъективті жағдайларды туындатады.

Жәбірленушіге шабуыл жасау мен күш қолданудың арасында белгілі бір уақыт өтуі мүмкін. Осы аралықта кінәлі өз әрекеттерін жоспарлап, жәбірленушінің сол сәттегі әрекетіне қарап, оған қандай күш қолдану қажеттігін ойластыру мүмкіндігіне ие болады. Егер шабуыл мен күш қолдану бір мезгілде жүзеге асырылса, онда жәбірленушіге кенеттен сол сәтте соққы беріледі. Бұл өз кезегінде жәбірленушінің қорғануға немесе шабуылға қарсы шара қолдануға мүмкіндігін төмендетеді.

Тәжірибеде адамның дене бітімі мен физиологиялық жағдайына қандай да бір әсер етпейтін немесе тек болмашы ғана жеңіл ықпал ететін, денсаулықтың қалыпты қызметін бұзбайтын, жәбірленушінің денсаулығына және өміріне тигізетін қауіптілік деңгейіне қарай құралдармен заттарды қолданып жасаса, қауіптіліктің дәрежесіне байланысты кінәлінің жасаған қылмыстық әрекетін тонау немесе қарақшылық қылмысы ретінде қарастырылады.

Бөтеннің мүлкін иемдену мақсатында қауіпті күш көрсету арқылы жасалған шабуыл сәтінен бастап, заңда оны аяқталған қылмыс ретінде бағалайды. Қарақшылық шабуыл басталған және кінәлі тұлға физикалық немесе психологиялық күш көрсеткен сәттен аяқталған болып есептеледі. Бұл жағдайда бірден екі объектіге қол сұғылады. Біріншісі адамның өмірі мен денсаулығы болғандықтан, қолданыстағы заңнамамызда қарақшылықты қауіпті қылмыстар қатарына жатқызады.

Сонымен қатар, ғалымдар мен заңгерлердің арасында қарақшылық қылмысына оқталу деген даулы мәселе бар. Кейбір заң танушы ғалымдар қарақшылыққа оқталу бар деп санаса, ал екінші топтағы ғалымдар қарақшылыққа оқталу мүмкін емес, өйткені келте құрам болған соң, шабуыл басталған сәттен бастап қылмыс аяқталады деп пайымдайды.

Шынында, кінәлі тұлғаның жәбірленушіге шабуыл жасау әрекеті мен шабуыл алдындағы дайындық әрекеттерінің арасы өте тығыз байланыста болады.

Осы орайда оқталуға қатысты И.Ш. Борчашвили қарақшылыққа дайындалу және оқталу негізінен кінәлінің шабуыл жасауға бағытталған әрекеттерін қамтиды. Дегенмен, бұл қарақшылыққа оқталудың жоқ екенін

білдірмейді. Мұндай оқталу кейбір ерекше жағдайларда ғана орын алуы мүмкін екендігін атап көрсеткен [30, 421 б.].

Сонымен, қарақшылықты бөтеннің мүлкін заңсыз иемдену мақсатында жүзеге асырылатын, жәбірленушінің өмірі мен денсаулығына қауіп төндіретін, белсенді саналы түрде жасалатын, қасақана және заңға қайшы қылмыстық әрекет екендігін түсіндік. Мұндай қауіпті күш қолдану немесе қолдану қатерін төндіру арқылы жәбірленушіге физикалық тұрғыдан да, психологиялық тұрғыдан да әсер етуі мүмкін.

Физикалық немесе психикалық тұрғыдағы күш қолдану, бөтеннің мүлкін иемденудің құралы ретінде әрекет ете отырып, негізінен, мүлік иесіне, оны заңды иеленушіге немесе қорғауға тырысқан адамға бағытталады. Алайда, мұндай күш көрсету немесе күш қолданамын деп қорқыту меншік иесінің жақындарына, мысалы, туыстарына, отбасы мүшелеріне немесе басқа жақын тұлғаларына да әсер етуі мүмкін [31, 223 б.].

Қарақшылық қылмыс құрамында физикалық және психикалық күш көрсету әрекеттері тек жәбірленушінің өміріне немесе денсаулығына нақты қауіп төндіргенде ғана бұл қылмыстың құрамын құрайды.

Күш қолданамын деп қорқыту жәбірленушіге нақты, әрі бірден жүзеге асырылатын қауіп тудыруы тиіс. Егер қорқыту жәбірленушінің денсаулығына нақты тікелей қауіп келтіретіндей дәрежеде болмаса, бұл әрекет тонау ретінде қарастырылады.

Қорқыту сөзбен, қимылмен немесе қаруды көрсету арқылы жүзеге асырылуы мүмкін. Қорқыту әрекетінің шынайы және қауіпті екенін дәлелдейтін маңызды факторлардың бірі – қылмыс жасалған жер және жәбірленушінің жағдайы мен психологиялық жай күйі.

Сөз арқылы қорқыту кінәлінің жәбірленушіге қандай да бір зиян тигізетінін білдіретін тікелей ниеті арқылы көрініс табады. Мысалы: «мен сені өлтіремін», «саған ауыр жарақат саламын», «мүгедек қыламын» деген сияқты сөздер арқылы. Сонымен бірге, кінәлі тұлға жәбірленушінің алдына балама талап қоюы мүмкін. Мысалы «өміріңді таңда, не болмаса ақшаңды таңда», «ақшаны бермесең, мүгедек болып қаласың» деген сияқты шарттарды айтуы мүмкін.

Қарақшылық кезінде жасалатын күш қолданудың адам өмірі мен денсаулығына қауіпті болуы қылмыстық заңның негізгі талабы болып табылады. Осыдан шығатын қорытынды қарақшылықтың қосымша тікелей объективті белгісі ретінде адамның өмірі мен денсаулығы. Әрине, денсаулыққа ауыр зиян келтірілсе кей жағдайда адам өміріне де қауіп төндіруі мүмкін.

Қарақшылық әрекеттері кезінде қылмыскердің түпкілікті мақсаты – бөтеннің мүлкін күш қолдану немесе қолдану қатерін төндіру арқылы иемдену болып табылады. Бұл тұрғыдан қарағанда, қарақшылық барысында жасалған қасақана адам өлтіру жеке, дербес қылмыстық құрамға жатып, бөлек саралануы тиіс.

Осыған байланысты зерттеуші А.И. Санталовтың пікірі орынды деп айтуға болады. Ол қарақшылықтың объектісі адам өмірі емес, тек оның денсаулығы екенін, ал қарақшылық кезінде қасақана адам өлтіру әрекеті қарақшылықтың құрамына кірмейтінін бөлек қылмыс екенін атап көрсетеді [32, 47 б]. Осы пікірді ғалымдар А. Игнатов пен Л. Гаухман да қолдайды. Олар да қарақшылықтың негізгі объектісі ретінде адамның өмірі емес, денсаулығын қарастырады. [33, 56 б.].

Демек, қарақшылық кезінде жасалатын шабуыл мен күш қолданудың сипаты қылмыстың құрамын анықтауда маңызды рөл атқарады, ал адам өміріне қасақана қол сұғу әрекеттері бөлек қылмыс ретінде бағалануы тиіс.

Қарақшылық қылмысындағы «өмірге немесе денсаулыққа қауіп төндіретін күш қолдану» деп – жәбірленушінің өмірі мен денсаулығына тікелей қауіп төндіретін қасақана әрекеттерді айтады. Бұл әрекеттер денсаулыққа ауыр, орташа немесе жеңіл зиян келтіруді қамтиды. Сонымен қатар, жәбірленушіге келген бұл зиян оның еңбекке қабілеттілігін уақытша жоғалту немесе денсаулығына қысқа мерзімді жеңіл өзгерістер әкелуі мүмкін.

Қылмыстық құқықта физикалық күш қолдану мен күш қолдану қатері деп адамның денесіне оның еркінен тыс жасалатын заңсыз, қауіпті әсер етуді түсінеміз. Мысалы, есірткі немесе улы заттарды еркінен тыс қабылдаттыру да күш қолдану әрекеттеріне жатады. Бірақ жәбірленушінің өзі еркімен осы заттарды қабылдап, артынан кінәлінің қатысуымен қылмыстық әрекеттер жасалса, онда күш қолдану әрекеті ретінде қаралмайды.

Осы орайда ғалым, Л.Д. Гаухман, масайтқыш заттарды пайдалану қарақшылықтың физикалық күш қолдану ретінде есептелуі керек деп есептейді [33, 56 б.]. Ал, Л.Г. Хулапова жәбірленушіні алкогольдік ішімдікпен улап немесе масайтқыш заттармен масайтып мүлкін тартып алу әрекеттері қарақшылық немесе тонау ретінде саралануы тиіс деп тұжырымдайды. Бірақ егер жәбірленуші затты өз еркімен қабылдаса, онда қылмыскердің әрекеті қарақшылыққа жатпайды деген көз қарасын білдірген [34, 100 б].

Қарақшылық қылмысындағы жәбірленушіге психикалық зиян келтіру дегеніміз, бұл шабуыл кезінде жәбірленушінің өміріне немесе денсаулығына қауіпті физикалық күш қолдану қауіпін төндіру арқылы қысым жасап қорқытуын айтамыз. Бұл қорқыту ауызша (мысалы, «өлтіремін», «кесемін», «ұрамын», «күйдіремін» деген сөздер), әр түрлі ымыра немесе қару көрсету арқылы жүзеге асырылуы мүмкін. Мұндай жағдайда қауіп шынайы болуы керек және қылмыс жасаушы кінәлі тұлға оны бірден орындауға дайын болуы тиіс.

Егер қылмыскер қылмыстық әрекет жасау барысында болашақта күш қолданамын, зиян келтіремін деп қорқытса, немесе жәбірленушінің өмірі мен денсаулығына нақты қауіп төнбейтін әрекеттер жасаса, бұл әрекеттер қарақшылық ретінде емес, басқа қылмыс құрамымен қарастырылуға тиіс. Сонымен қатар, кей жағдайларда «жағдайдан туындайтын қауіп» ұғымы да қолданылады. Бұл жәбірленушіге қылмыскердің нақты ниетін түсінуге

мүмкіндік беретін жағдайлар. Егер осындай кез туындап, жәбірленуші қылмыскердің әрекетінен қауіптің жоқтығын байқаса және қылмыс қаруы болмаса онда қылмыс басқа қылмыс құрамдарымен саралануы мүмкін.

Сондықтан тергеу барысында қылмыс жасап тұлғаның жәбірленушіні қорқытуға деген субъективтік көзқарасын нақты анықтау маңызды. Қорқытуды жәбірленушінің мүлкін иемдену жолындағы кез келген қарсылықты жоюдың немесе алдын алудың тиімді құралы ретінде қарастырылуы тиіс.

Қорқытудың мәнін анықтау кезінде жәбірленушінің бұл әрекетті қалай қабылдағанын ғана емес, сонымен бірге шабуыл жасаушының жәбірленуші тарапынан қарсылық әрекет жасау мүмкіндігін басу мақсатында қолданылған нақты құралдар арқылы қалай бағалағанын да ескеру қажет [25, 71 б.].

Қарақшылық шабуыл жасалған сәттен бастап, кінәлі тұлғаның бөтеннің мүлкін иемденгеніне немесе иемденбегеніне қарамай аяқталған қылмыс болып саналады. Қылмыстың объективтік жағы заңда көрсетілген келесі элементтерден тұрады: құқыққа қайшы келетін әрекеттер, баптың диспозициясында көрсетілген нақты мүліктік зиян ретінде танылатын зардаптар, құқыққа қайшы әрекет барысында туындайтын зардаптың арасындағы себеп-салдарлық байланыстың маңыздылығы деп қарастырылған [35, 64 б.].

Қорытындылай келе қарақшылық қылмысы меншікке қарсы бағытталған қылмыстық әрекет ретінде бірден екі объектіге қол сұғып, біріншісі тікелей объект, екіншісі қосымша объект ретінде көрініс табады. Қарақшылық барысында бөтеннің мүлкін заңсыз және қайтарымызсыз иемдену жүзеге асырылады, яғни мүлік меншік иесінің немесе оны заңды иеленушінің жалпы мүліктік қорынан бөлініп, жеке меншіктен заңсыз шығарылады.

Қарақшылықтың объективтік жағы бөтеннің мүлкін жымқыру мақсатында шабуыл жасаумен сипатталады. Бұл шабуыл жәбірленуші үшін күтпеген, кенеттен, тұтқиылдан болатын және қысқа мерзім ішінде (бірнеше минуттан бірнеше сағатқа дейін) жүзеге асырылатын әрекеттерді қамтиды. Сонымен қатар, бұл әрекеттер жәбірленушінің өмірі мен денсаулығына тікелей қауіпті күш қолданумен немесе тікелей осындай күш қолдану қатерін төндіру қаупін білдіреді.

Қарақшылықтың қылмыстық құрамы жағынан келте құрам болып табылады, себебі бұл қылмыс шабуыл жасалған сәттен бастап аяқталған деп танылады. Яғни, нақты мүліктік зиян келтірілгені маңызды емес. Дегенмен, егер қарақшылық барысында мүліктік зиян келтірілсе және сол зиян келген мүлік жәбірленушіге қайтарылмаса бұл жағдайда кінәлі тұлғаға тағайындалатын жазаның көлеміне әсер етеді.

#### 1.4 Қарақшылық қылмысының субъективтік белгілері

Қарақшылық қылмысының субъективтік белгілері кінәлі тұлғаның жәбірленушіге күш қолдану немес қолдану қатерін төндіру арқылы оның

мүлкін тартып алуға деген ниетімен және осы әрекеттердің салдарынан қоғамдық қауіпті жағдайдың туындау мүмкіндігін түсіне отырып, қасақана жасалған әрекет ететіндігімен ерекшеленеді. Қарақшылықтың субъективтік жағынан тікелей қасақаналықпен және пайдакүнемдік мақсатпен көрініс табады [8, 379 б].

Бұл қылмыс әрқашан тікелей ниетпен қасақана түрде жүзеге асады (осы жөнінде төменде толықтырып талдайтын боламыз). Әрекеттің қоғамдық қауіптілігін түсіну және қарақшылықтың объективтік белгілерін іске асыру барысында зиянды салдардың болу ықтималдығын алдын ала болжау кінәлі адамның тікелей ой-ниетінің құрамдас бөлігі болып табылады.

Заңнама тұрғысынан алғанда, тікелей ниеттің маңызды сипаттамасы – бұл зиянды салдардың туындауын қалау және осы мақсатқа қол жеткізуге бағытталған ерік-жігермен мақсаттың болуы.

ҚР ҚК-ның 192-бабы 1-бөлігіне сәйкес, қарақшылық қылмысы әдетте алғашқы екі жағдайды орындау үшін жүзеге асырылады. Яғни, түпкі мақсаты бөтеннің мүлкін заңсыз жолмен иемдену және оны өз мүддесіне алып пайдалану. Бұл мақсатқа қол жеткізу үшін кінәлі тұлға күш қолдану әрекеттеріне барады, ол көп жағдайда жәбірленушінің денсаулығына зиян тигізуі мүмкін. Дегенмен, жәбірленушіге бұл зиянды келтіру қылмыскердің басты мақсаты емес, тек көздеген мүлікті иемденудің құралы ретінде ғана қолданылады.

Қарақшылық қасақана жасалатын қылмыс, ол ҚР ҚК-ның 24-бабында көрсетілген ережелерге сәйкес және осы қылмыстың диспозициясында сипатталған әрекеттерге (қылмыстың формальды немесе келтеқұрам) негізделеді. Сонымен бірге, қылмыстық-құқықтық әдебиеттерде келте құрамдағы қылмыстарға қатысты заң шығарушылардың ұстанымдарына қайшылықтар жиі байқалады.

Мысалы, А.Н. Ивановтың пікірінше, материалдық құрамды қамтитын қылмыстарға қатысты заңнамалық анықтама құқық қолданушыдан мынаны талап етеді: қоғамға қауіпті салдардың туындау ықтималдығын кінәлі адамның алдын ала болжап-болжамағанын анықтап, оның әрекеттерінде қасақана ниеттің бар-жоғын дәлелдеуі қажет. Егер бұл мән-жайлар жеткілікті дәрежеде дәлелденбесе, онда адамға қасақана әрекет жасады деп айып тағуға негіз болмайды [36, 26 б.].

Қылмыстың субъективтік жағы негізінен адамның саналы түрде қалаған әрекеттерінің қылмыс жасау процесіндегі психологиялық қырларын көрсететін маңызды элемент есептеледі. Ол қылмыстық әрекетті жүзеге асыру кезінде ішкі дүниесін, ой-өрісі мен ерік-жігерін көрсетеді. Қылмыстың сыртқы белгілерін сипаттап беретін объективтік жаққа қарағанда, субъективтік жақ қылмыстың нақты, әлі терең мәні мен мақсатын, оның мазмұны мен ішкі құрылымын ашады.

Субъективтік және объективтік жақтар өзара тығыз байланыста болып, қылмыстың біртұтас жүйесін қалыптастырады. Бұл байланыс олардың бір-бірін

толықтырып, себеп-салдарлық қатынаста әрекет ететіндігінен көрінеді. Сондықтан қылмыстың субъективтік жағын терең әрі жан-жақты зерттеу маңызды, себебі бұл зерттеу қылмыстық әрекеттердің түпкі мақсатын және қылмыс жасаушы тұлғаның ниет-пиғылын, ойын түсінуге мүмкіндік береді.

Субъективтік жақтың құрамдас бөліктері заңмен бекітілген үш негізгі элементтен тұрады:

Кінә – қылмыстың барлық құрамында міндетті түрде кездесетін басты элемент.

Қылмыстық ниет – тұлғаның қылмыс жасауға деген саналы бағыт-бағдары.

Мақсат – қылмыскердің өз әрекеті арқылы көздеген нәтижесі немесе түпкі мұраты [8, 31 б.].

Осы аталған элементтер қылмысты жасаған тұлғаның ішкі дүниесінде орын алатын психологиялық процестерді және оның ойлау жүйесі мен ерік-жігерінің өзара байланысын көрсетеді.

Қылмыс құрамының бар екендігін анықтау үшін кінә дәлелденуі қажет. Егер тұлғаның әрекеттерінде кінә болмаса, онда қылмыстық жауаптылық тарту мүмкін емес. Демек, «кінәсіздік презумпциясы» принципі бұл жерде ерекше маңызға ие [8, 41 б.].

Қылмыстық ниет пен мақсаттың заңды маңыздылығы кінәмен салыстырғанда айтарлықтай төмен деп қарастыруға болады. Олар кейбір жағдайларда ғана заңда көрсетілген міндетті элемент ретінде танылып, нақты қылмыс құрамының ерекшеліктеріне байланысты сипатталады. Егер қылмыстық ниет пен мақсат заңда міндетті элемент ретінде белгіленбесе, олар қылмыс құрамының қосымша (факультативтік) белгілері ретінде қарастырылады [8, 41 б.].

Мәселен, кейбір қылмыстарды жасау барысында мақсаттың болуы немесе болмауы кінәлінің қылмыстық әрекетінің ауырлығын анықтауда шешуші рөл атқаруы мүмкін. Дегенмен, барлық жағдайда қылмыстық ниет пен мақсат қылмыскердің ерік-жігерінің нақты көрінісі ретінде қарастырылады.

Қылмыстық әрекеттің қоғамға қауіптілігін түсіну және қарақшылықтың объективтік белгілерін жүзеге асыру барысында қоғамға қауіпті салдардың туындау мүмкіндігін болжау – бұл қылмыс жасау ниеттің элементін құрайды.

Қолданыстағы заңнамаға сәйкес, ниеттің айрықша белгісі – бұл қоғамға қауіпті салдардың туындауын тілеу, қалау, яғни оның ерік-жігерлік қырын көрсетеді.

Қылмыстық құқық теориясында ниеттің бар екендігін сипаттайтын қоғамға қауіпті салдарды қарастыруға болады. Қоғамға қауіпті салдар қылмыс құрамының элементі ретінде кінәлінің түпкі мақсаты мен қалауы. Мұндай салдар орындалған кезде, кінәлі тұлға мақсатына қол жеткізіліп, қылмыс жоспары толығымен қанағаттандырылады немесе нақты мақсатқа жетудің белгілі бір кезеңі ретінде көрініс табуы мүмкін [37, 99-100 б.].

Ғалым, Н. Иванов өз еңбектерінде қарақшылық қылмысына қатысты заңнамалық тұрғыда қасақаналық анықтамасы көбінесе материалдық құрамды қылмыстарға бағытталғанын айтады. Ол қасақана әрекетті дәлелдеу үшін құқық қолданушы тұлға қылмыс жасаған адамның өз әрекеттері арқылы қоғамға қауіпті салдардың туындау мүмкіндігін нақты алдын ала болжағанын анықтауы керек деп тұжырымдайды. Егер бұл жағдайлар дәлелденбесе, онда тұлғаға қасақана қылмыс жасады деп айып тағуға жеткілікті негіз жоқ. Соның нәтижесінде, құқық қолданушы заңның нормаларын дұрыс қадағаламай формальды құрамға ие қылмыстарды қасақана жасалған деп саралау кезінде қателіктерге жол беріледі. Ғалымдардың бұл тұжырымдамасы да өз кезегінде қылмыс жасаған кінәлі тұлғаның конституциялық құқықтарының бұзылуына әкеліп, заң нормаларының үстемдігі деген қағидаттың сақталмауына әкеп соғады [36, 28 б.].

Сонымен қатар, қылмыстың субъективтік жағына қатысты А.Х. Юнусов қарақшылық шабуыл кезінде «адамға зиян келтірудің психологиялық қатынасы тікелей немесе жанама ниет, ал кей жағдайларда абайсыздық формасында көрінуі мүмкін» деп жазады.

Дегенмен, бұл көзқараспен толық келісе алмаймыз. Себебі қарақшылық шабуылының ерекшелігі – кінәлінің бөтен мүлікті иемдену мақсатында белсенді, мақсатқа бағытталған күш қолдану немесе оны қолдану әрекеттері арқылы жүзеге асырылады. Егер кінәлі тұлға денсаулыққа зиян келтірмей, тек мүлікті иемденуді мақсат етсе, бірақ қылмыс барысында жағдай өзгеріп жәбірленушінің өмір мен денсаулығына қауіпті емес, жеңіл сипаттағы зиян келсе, онда бұл әрекет қарақшылық болып саналмайды. Мұндай жағдайда қоғамдық қауіптілігіне байланысты денсаулыққа зиян келтіру немесе тонау қылмыстары ретінде саралануы мүмкін [38, 21 б.]. Негізінен қарақшылық жасаған кінәлі тұлға қылмыстық ойын жүзеге асыру үшін басынан бастап бір уақытта екі мақсатты көздейді. Яғни, жәбірленушінің өмірі мен денсаулыққа қауіпті күш қолдануды және сол арқылы бөтен мүлікті иемденуді.

Қарақшылықтың субъективтік жағының ерекшелігі дәл осы екі мақсаттың бір уақытта орын алуында болып есептеледі. Дегенмен, бұл екі түрлі мақсат қылмыскердің екі түрлі ниетпен әрекет етуін білдірмейді, себебі екі жағдайда да әрекет тікелей қасақаналықпен пайда табу мақсатында жүзеге асады. Егер адам бөтен мүлікті жымқыру мақсатында заңға қайшы әрекет етіп, жәбірленушінің өміріне немесе денсаулығына қауіпті күш қолдану ниетінсіз абайсыздықпен жасап, нәтижесінде оған ауыр дене жарақатын келтірілсе (мысалы, жәбірленушіні соққының әсерінен құлатып, оның басы жердегі тасқа соғылып, ауыр зиян келтірілсе), онда бұл жағдайда қылмыстардың жиынтығы ретінде қарау керек. Яғни, тонау және абайсыздықтан денсаулыққа ауыр зиян келтіру қылмыстары қатар саралануы қажет. Себебі кінәлі тұлғаның бастапқыда ауыр зиян келтіру мақсаты болмаған. Егер кінәлі тұлға жәбірленушінің басын әдейі тасқа ұрса, онда бұл әрекет қарақшылықтың ауырлататын түрі ретінде саралануы керек. Бұл көзқарасты ғалымдардың

қылмыстық құқық әдебиеттерінде және ғылыми мақалаларда қолдаушылар көп. Дегенмен бұл мәселелерді талқылап, қарақшылық кезінде кінә абайсызда болуына қарсылық білдірген ғалымдардың бірі С.М. Кочои: «Заңда қарақшылық кезінде зорлық-зомбылық қасақаналықпен жасалатыны, ал зиянның абайсыздықпен келтірілуі мүмкін екендігі туралы ешқандай ескертпе жоқ. Біздің ойымызша, абайсыздықтан зиян келтіру қарақшылық құрамына кірмейді» – деп атап өткен [27, 224 б.].

Жалпы қарақшылықтың субъективтік жағын қарастыра отырып, бұл қылмыстың қасақаналық бағытта екендігін ескере отырып, пайдакүнемдік ниеттің бар екендігін және абайсыздықпен жасалуы мүмкін еместігін атап өту маңызды.

Пайдакүнемдік ниет дегеніміз кінәлінің бөтеннің мүлкін заңсыз жолмен иемденуге деген саналы ұмтылысы, бірақ бұл ұғым заңнамалық тұрғыда немесе нормативтік құқықтық актілерде термин ретінде нақты анықталмаған. Мұндай анықтаманың болмауы құқықтық тәжірибеде түсініспеушіліктер мен әртүрлі пікірлердің туындауына себеп болуда. Мәселен, заң шығарушы қылмыс құрамында «пайдакүнемдік ниет» ұғымының нақты бір мағынасын көрсетпейді. Кейбір жағдайларда заңда «мүлікті жымқыру мақсатындағы шабуыл» сияқты тұжырымдар қолданылса, басқа жағдайларда «мүлікті пайдакүнемдік мақсатта иемдену» деген әр түрлі сөз тіркестері қолданылады. Бұл жағдай мақсат пен ниеттің ара-жігін түсінуді қиындатады. Сонымен бірге, заңдарда кейде «пайдакүнемдік мақсат», «пайдакүнемдік мүдде» немесе «жеке мүдде» сияқты әртүрлі терминдерді қолданады. Бұл ұғымдар әртүрлі жағдайларда қолданыла отырып, түбі бір ғана мәнді – «пайдакүнемдік ниет» дегенді білдіреді.

Қарақшылық жасайтын кінәлі тұлғаның қаржылай қажеттіліктері қоғамға қауіп төндіріп, қарсы сипатта болады. Себебі осы қажеттіліктерден қылмыс жасаудың ішкі себептері, яғни ниеттері туындайды. Қылмыстың ниеті – бұл белгілі бір қажеттіліктер мен мүдделердің әсерінен туындайтын ішкі себептер, ол тұлғаның қылмыс жасау туралы шешім қабылдауына түрткі болады және оның әрекетіне бағыт береді [39, 90 б.].

Э.Ф. Побегайло құқықтық энциклопедиясында ниетке қатысты анықтама беріп, оны «қылмыстық әрекеттің ішкі қозғаушы күші» деп сипаттайды. Ол қылмыс жасау ниеттерін атап өтіп, бізді қызықтыратын ниетті бір сөзбен «пайдакүнемдік» деп көрсетеді [40, 549 б.].

А.И. Рарогтың пікірінше, қылмыстың ниеті – бұл белгілі бір қажеттіліктер мен мүдделерге негізделген және тұлғаның қылмыс жасауға деген шешімін қалыптастыратын ішкі түрткі, бұл түрткі әрі қарай қылмыс жасауға итермелеп көрініс табады. Осылайша, мотив – бұл кез келген әрекеттің негізі. Қылмыстық мінез-құлықтың мотиві – бұл қылмыс жасау туралы ішкі шешімнің негізі ғана емес, сонымен қатар қылмыскердің өз әрекетін ақтау немесе басқа адамдар алдында ақталу үшін жалған себептерді көрсетуі [41, 139 б.].

Қылмыстың субъективтік жағының сипаттамасы ретінде мақсат – бұл саналы түрде заңға қайшы әрекеттер арқылы қол жеткізуді көздеген нәтижені алдын ала елестету. Басқаша айтқанда, қылмыскер ұмтылған қылмыстық нәтиже бұл кінәлі тұлғаның санасындағы болашақтағы қалаған нәтижесінің идеалды бейнесі, ол қоғамға қауіпті әрекет жасау арқылы жүзеге асырылады [37, 184 б.]. Сонымен қатар, мақсат қарақшылық қылмысының субъективтік жағының бір элементі болып табылады.

Ниет пен мақсат адамның қандай да бір нәрсеге ұмтылуындағы көрсеткіштер ретінде әрекет етеді, бірақ олардың айырмашылығы – бұл ұмтылыстың нақтылану және жүзеге асыру деңгейінде. Мәселен, ниет – бұл адамның ішкі түрткісі, ол нақты объектіге немесе оны қанағаттандыратын құралға бағытталмаған. Ал мақсат, керісінше, осы қызметті орындалуын жүзеге асырып, ниетті қанағаттандыру үшін қандай нәтиже қажет екенін көрсетеді [42, 101 б.].

Осы мәселелерді қарастыра отырып, ғалым Э.Ф. Побегайло былай деп атап көрсеткен: «Қылмыс ниеті мен қылмыс мақсаты арасында ішкі, табиғи байланыс бар. Яғни тұлғаның ниетін қалыптастыруы, белгілі бір мақсат қоюды болжайды. Бұл мақсат жүзеге асқан кезде, қылмыстың мақсаты қоғамға қауіпті салдардың орын алуымен объективтенеді» [40, 1061 б.].

Қарақшылық қылмысы кезінде кінәлі тұлғаның қылмыс жасағанға дейін бірінші пайдакүнемдік ниеті қалыптасады, ал бұл ниет өз кезегінде қылмыстың мақсатын бөтеннің мүліктен иемденуді айқындайды. Бұл мақсатқа қол жеткізу үшін бөтен мүлікті заңсыз иемдену арқылы және оны өзінің пайдасына немесе үшінші тұлғалардың пайдасына айналдыру арқылы жүзеге асады. Дегенмен, мазмұны жағынан пайдакүнемдік мақсат пен пайдакүнемдік ниет жиі бір-біріне ұқсас түсініктер болып табылады және кей жағдайларда оларды бірдей деп қабылдайды. Мысалы, А.И. Бойцовтың айтуынша, пайдакүнемдік мақсат дегеніміз – бұл «бөтен мүлікті иемдену арқылы материалдық пайда табуға деген ұмтылыс». Алайда, бұл пайда заңсыз жолмен жеке мүлікті сақтап қалуды көздемейді [43, 287 б.]. Сонымен пайдакүнемдік ниет қарақшылық қылмыстың негізгі қозғаушы күші ретінде қалады. С.М. Кочои бұл мәселе бойынша былай дейді: мақсаттың өз табиғаты бойынша пайдакүнемдік сипатқа ие болуы мүмкін емес, ал пайдакүнемдік тек оңай қаржы табуға жатады. Сонымен қатар, оның пікірінше, пайдакүнемдік ниет Қылмыстық кодексте жымқыру деп аталатын қылмыстардың міндетті белгісі болып табылмайды [27, 114 б.].

Пайдакүнемдік кінәлінің немесе басқа тұлғалардың материалдық пайда табуына бағытталған іс-әрекеттерден тұрады. Бұл пайда әр түрлі мысалы: ақша, мүлік, сол мүлікке құқық алу, тұрғын үйге құқық немесе басқа да материалдық игіліктер түрінде көрінуі мүмкін. Сонымен қатар, пайдакүнемдік кейде материалдық шығындарды болдырмау, азайту немесе олардан құтылуға бағытталады. Мысалы, мүлікті қайтару, қарызды өтеу, қызметтерге ақы төлеу, мүліктік міндеттемелерді орындаудан жалтару немесе алимент төлеуден бас тарту т.б. сияқты жағдайлар пайдакүнемдік ниетке жатады. Сондықтан бұл

түсініктеме айрықша маңызға ие, өйткені заңнамада пайдакүнемдік ниеті нақты анықтамасы жоқ екендігі байқалады.

Біздің ойымызша, пайдакүнемдік ниеттің ұғымы барлық қылмыс құрамдары үшін біркелкі болуы тиіс. Егер бұл ұғымның заңнамалық анықтамасы әр қылмыста әртүрлі түсіндірілсе, оның мазмұны бұлыңғыр болып, құқық қолдану барысында қосымша қиындықтар туындауы мүмкін. Сондықтан пайдакүнемдік ниеттің анықтамасын қылмыстық заңнамада нақтылап бекіту өте маңызды. Егер бұл ұғым заңда бекітілмесе, тергеу және сот тәжірибесінде, көрсетіліп отырғандай, қоғамға қауіпті әрекеттерді дұрыс саралауда әртүрлі қайшылықтар мен түсінбеушіліктер орын алуы мүмкін.

Қылмыстың субъективтік белгілеріне қылмыс субъектісін сипаттайтын ерекшеліктер жиынтығы да кіреді.

Қылмыс субъектісі міндетті түрде есі дұрыс адам болуы тиіс. Бұл дегеніміз, тұлға өзінің әрекеттерінің немесе әрекетсіздігінің салдар сипатын және оның қоғамға қауіптілігін түсінуге, сондай-ақ оны басқаруға қабілетті болуы керек. Психикалық есепте тұратын, ауытқулары бар адамдар қылмыс субъектісі болып танылмайды.

Сонымен қатар, психикалық тұрғыдан сау адамның да құқыққа сәйкес сана-сезім мен ерік-жігерін басқару қабілеті белгілі бір жасқа жеткенде пайда болады. Осыған байланысты қылмыстық заңнама қылмыстық жауапкершілікке тартуға қажетті жас 14 жастан бастап туындайды. Бұл бөтеннің мүліккін жымқырудың осы түрі ауырлығымен және қоғамға келтіретін үлкен зиянымен түсіндіріледі [5, 15-бап.].

Тәжірибеде қылмыс жасалған уақытта кінәлі адамның туған жылын ғана емес, туған күнін де нақты анықтау қажеттілігі жиі туындайды. ҚР Жоғарғы Сотының 2002 жылғы 11 сәуірдегі «Кәмелетке толмаған адамдардың қылмыстық құқық бұзушылықтары және оларды қылмыстық құқық бұзушылықтар мен қоғамға қарсы өзге де іс-әрекеттер жасауға тарту жөніндегі істер бойынша сот практикасы туралы» қаулысында былай делінген: «Тұлға қылмыстық жауапкершілікке өз туған күнінде емес, сол күннен кейінгі тәуліктің нөл сағатынан бастап тартылады» [44].

Егер сот-медициналық сараптама барысында тұлғаның нақты туған күні анықталмаса, онда туған күн ретінде сарапшылар көрсеткен жылдың соңғы күні болып есептеледі. Егер сараптама тұлғаның жас мөлшерін минималды және максималды жас ретінде көрсетсе, онда сот тұлғаның ең төменгі жас мөлшерін негізге алуы қажет. Қылмыстық жауапкершілікке тек ақыл есінде ауытқуы жоқ, есі дұрыс және өз іс-әрекеттерінің себеп-салдарын толыққанды түсінуге қабілетті тұлға ғана тартылады. Қылмыс жасау, бұл қылмыстық құқықтыққа қарсы әрекет немесе әрекетсіздік және осының негізінде кінәлі тұлға мемлекет тарапынан жасаған әрекетіне сай мәжбүрлеу шараларына ұшырайды.

Қорытындылап айтқанда, қарақшылық қылмысының субъективтік жағы келесі сипаттарға ие деп айтуға болады. Қарақшылық жасаған кінәлі тұлға

денсаулыққа зиян келтіріп, бөтеннің мүлкін заңсыз иемденетінін саналы түрде түсінеді және мұны өз белсенді әрекеттерімен жүзеге асыруға тырысады. Сонымен қатар, кінәлі тұлға жәбірленушіге күш қолдану немесе оны қолдану қатерін төндіріп және мүлкін жымқыру арқылы қоғамға қауіпті салдардың туындауын болжап қалайды. Бұл қылмыс тікелей қасақаналықпен жасалады. Қылмыстық әрекеттің қоғамға қауіптілігін түсіну және осындай салдардың туындауын болжау арқылы қылмыстың объективтік белгілерін жүзеге асыру арқылы кінәлі адамның интеллектуалдық ниетінің элементін құрайды. Қарақшылықтың түпкі мақсаты – бөтеннің мүлкін өзінің пайдасына иемдену. Осы мақсатқа жету үшін кінәлі жәбірленушіге күш қолданады, яғни денсаулыққа зиян келтіреді немесе зиян келтіру қаупін тудырады, бірақ бұл қоғамға қауіпті салдар қылмыскердің негізгі түпкі мақсаты болып табылмайды.

Жоғарды көрсеткеніміздей әдебиеттерде жәбірленушінің денсаулығына зиян келтіру мәселесінде кінәлінің психикалық қатынасы кейде тікелей, кейде жанама ниет, тіпті кейбір жағдайларда абайсыздық формасында көрінуі мүмкін деген пікірлер кездеседі. Бірақ бұл көзқараспен келісе алмаймыз, себебі қарақшылықтың қылмыстық әрекет ретіндегі негізгі ерекшелігі – кінәлінің белсенді, қасақана, мақсатты түрде және өмір мен денсаулыққа қауіпті күш қолдану немесе қолдану қатерін төндіру әрекеттері арқылы бөтен мүлікті иемденуге ұмтылуы. Егер тұлға денсаулыққа зиян келтіруді ойламай, тек мүлікті иемденуді мақсат етіп, бірақ, қылмыстық әрекет барысында жәбірленушінің өмірі мен денсаулығына қауіп төндірмейтін, жеңіл сипаттағы зиян келтіруді қолданса, онда бұл әрекетті қарақшылық деп саналуға жатпайды. Осындай жағдайда, бұл денсаулыққа зиян келтіру немесе тонау қылмысы ретінде бөлек саралануға жатады.

2. Қарақшылық жасаған тұлғаларды жауаптылыққа тарту, тергеу практикасындағы сабақтас қылмыстардан ажырату және қару қолдануға қатысты проблемалық сұрақтары. Шетелдік заңнамаларды салыстыру арқылы талдап, дәлелдеу субъектілерінің қызметін оңтайландыру

2.1 Қарақшылық қылмысын басқа ұсқас қылмыстардан ажырату мәселелері

Алыс және жақын шетелдік қылмыстық-құқықтық әдебиеттерде, соның ішінде еліміздің құқықтық ғылыми еңбектерінде де, меншік құқықығына қарсы жасалатын қылмыстарды саралау мәселелеріне әрдайым ерекше көңіл бөлініп, көптеген ғалымдардың ғылыми еңбектерінде олардың айырмашылықтары туралы мәліметтер жазылған. Бұл зерттеулердің көптігі бізді қарақшылық шабуылдарын саралаудың теориялық негіздеріне терең тоқталмай-ақ, тек негізгі практикада көптеп кездесетін сабақтас қылмыстардың маңызды аспектілеріне ғана назар аударуымыз жеткілікті.

Әсіресе, тергеу практикасы мен сот тәжірибесінен кездесіп жатқан нақты мысалдар арқылы талдап көрсетеміз. Өйткені, құқық қолдану тәжірибесінде, атап айтқанда, қарақшылық шабуылдарды саралау кезінде әлі де шешілмеген, ашу керек пікірталас тудыратын жайттар жеткілікті.

Пікірталас тудыратын мәселелердің бірінші тобы қарақшылықты басқа сабақтас қылмыс құрамдарынан ажырату проблемасымен байланысты. Бұл үшін қарақшылықтың негізгі құрамының (ҚР ҚК 192-бабының 1-бөлігі) диспозициясын жәбірленушінің өмір мен денсаулығына, сондай-ақ бөтеннің мүлкіне қарсы бағытталған басқа қылмыстардың құрамдарымен егжей-тегжейлі салыстырып, талдап өтуіміз қажет.

Екінші топтағы мәселелер меншікке қарсы бағытталған күрделі әрекеттерді саралау ерекшеліктерімен байланысты. Бұл әрекеттер құрамында қарақшылық белгілері, атап айтқанда, денсаулыққа зиян келтіру және бөтеннің мүлкін жымқыру сияқты элементтерден қамтылған.

Қылмысты саралау дегеніміз адамның қоғамға істеген қауіпті іс-әрекетін қылмыстық заңда көрсетілген нақты қылмыстық құқық бұзушылықтың құрамының белгісі бар бапқа дәлме-дәл жатқызу болып табылады. Қоғамға қауіпті іс-әрекет қылмыстық заңда көрсетілген нақты қылмыстық құқық бұзушылық құрамымен қамтылса, онда ол дұрыс сараланған деп саналады [8, 6 б.].

Меншікке қарсы жасалатын қылмыстардың ішінде қарақшылық қылмысының құрамына ең жақыны әрі практикада көп қателіктер кететіні тонау қылмысы болып табылады. (ҚР ҚК 191 және 192-баптары)

Бұл мәселені қарастырған ғалымдардың еңбектерінде және көптеген сот шешімдерінде қарақшылық пен тонау қылмыстарының арасындағы негізгі айырмашылық осы қылмыстар жасалған кезде жәбірленушіге жасалған күш қолданудың немесе оны қолдану қатерінің жоғары қарқындылығында екені

атап өтіледі. ҚР ҚК-нің 191-бабы тонауға мынадай анықтама береді: «Тонау – бұл бөтеннің мүлкін ашық түрде жымқыру». Бұл қылмыстың қоғамдық қауіптілігі меншікке құқықты бұзу арқылы көрініс табады [5].

Қарақшылық пен тонаудың басты айырмашылығы меншікті жымқыру үшін жәбірленушіге төндіретін қауіптің қарқындылығы мен көлемінде.

Қарақшылық қылмысында әрдайым жәбірленушінің өміріне немесе денсаулығына қауіп төндіретін күш қолдану немесе оны қолдану қатерімен байланысты болып келеді.

Ал, тонау күш қолданбай ақ шабуыл кезінде жәбірленушіге өмірі мен денсаулығына нақты қауіп төндірмейтін күш қолдану арқылы да жасалады.

Шабуыл кезінде өмірге немесе денсаулыққа қауіпті күш қолдану деп, жәбірленушінің денсаулығына ауыр дәрежедегі немесе орташа ауырлықтағы зиян келтірілсе, сондай-ақ денсаулығына жеңіл дәрежедегі зиян келтіріп, қысқа мерзімге денсаулығы бұзылуын немесе жалпы еңбек қабілетінің белгілі бір уақытқа тұрақты жоғалуынан тудырған әрекеттерді таныймыз. Сонымен қатар, осындай күш қолданудың қатарына, кінәлі әрекеті барысында жәбірленушінің денсаулығына физикалық тұрғыда зиян келтірмей, бірақ оның өмірі мен денсаулығына нақты зиян келтіру қауіпін туғызып, қорқытқан жағдайлар да танылады.

Жоғарыда көрсеткендей, қарақшылық пен тонау қылмыстары (әсіресе күш қолданып жасалған тонау) бір-біріне қатты ұқсас болғандықтан, сот тәжірибесінде бұл екі қылмысты дұрыс саралауда қиындықтар туындайды. Кейде қарақшылықты тонау қылмысы деп, ал тонауды қарақшылық қылмысы деп қате саралау жағдайлары жиі орын алып жатады. Сондықтан тонау мен қарақшылықты нақты ерекшеліктері арқылы құрамдарын ажырату қажет.

Тонау қылмысының (күш қолданып жасалған жағдайда) қарақшылықпен негізгі ұқсас тұсы, оның объектісі болып меншік табылады, ал қосымша объект ретінде денсаулық қарастырылады. Бірақ қарақшылық қылмысының объектісі қоғамға қауіпті екі негізгі элементтен тұрады: меншік және адамның өмірі мен денсаулығы. Қарақшылықта бұл екі объектінің болуы міндетті, ал тонауда меншік басты объект болып, ал адамның өмірі мен денсаулығы екінші дәрежелі объект болып есептеледі.

Қылмыстардың құрамы жағынан тонау материалдық құрамға жатады. Бұл дегеніміз, қылмыс толығымен аяқталған деп танылуы үшін, көзделген меншікке нақты залал келуі немесе алынуы қажет. Ал, қарақшылық қылмысы келте құрамға жатады. Бұл жерде объектіге залалдың болуы шарт емес, шабуыл жасалған сәттен бастап қылмыс аяқталған деп саналады [5].

Сонымен қатар, тонау қылмысы қарақшылықпен салыстырғанда, жеңіл, қоғамға қауіптілігі төмен қылмыс ретінде қарастырылады. Мысалы, жәбірленушінің өмірі мен денсаулығына қауіпті емес күш қолдану арқылы жасалған тонау, жағдайдың өзгеруіне байланысты жәбірленушінің өмірі мен денсаулығына қауіп төндірсе қарақшылыққа ұласуы мүмкін. Тәжірибеде күш қолдануды екі түрге бөліп қарастыруға болады. Біріншісі қауіпсіз күш қолдану:

Бұл жеңіл жарақаттар, мысалы, дененің қанталауы, тырналуы, ауыр жарақат қалдырмайтын денеге нақты қауіпті емес ұрып-соғу сияқты әрекеттер. Екіншісі қауіпті күш қолдану: Шабуыл кезінде жәбірленушінің денсаулығына немесе өміріне қауіпті зиян келтіру ықтималдығы бар әрекеттер. Егер мұндай әрекеттер орын алса, бұл қарақшылық қылмысы ретінде қарастырылады.

Осы тұрғыда Е.А. Фроловтың пікірінше «кінәлі әрекет барысында жәбірленушінің денесіне оның еркінен тыс енгізілген улы немесе есеңгірететін заттар, егер олар өмір мен денсаулыққа қауіп төндірмесе, тонау ретінде саралануы қажет. Ал, бұл енгізілген заттар өмірге қауіпті болса, онда бұл қарақшылық ретінде бағалануы тиіс» - деп атап көрсеткен [45, 106 б.].

Сот тәжірибесіне қарайтын болсақ, кейбір қылмыстық істер керісінше тонау емес, қарақшылық ретінде бағаланып жатады. Мұндай жағдайларда жәбірленушіге соққы берілгені немесе басқа да күш қолдану әрекеттері жасалғанымен, олар денсаулықтың қысқа мерзімге бұзылуына немесе жалпы еңбек қабілетінің аздап тұрақты жоғалуына әкелмесе де, сот бұл әрекеттерді өмір мен денсаулыққа қауіпті күш қолданды деп қарастыруы мүмкін.

Мұндай жағдайда сотта жәбірленушінің өзіне төнген нақты қауіпті қалай қабылдағанын және сол кездеге болған жағдайға аса мән берген жөн.

Қылмысты тонау немесе қарақшылық деп саралау кезінде мыналар ескерілуі тиіс:

- Күш қолданудың немесе қолдану қатерінің жәбірленушіге қарқындылығы

- Қылмыс құралдары (қару, қауіпті заттар)

- Соққылар жасалса дененің қай бөлігіне және қандай затпен жасалғаны

- Кінәлі тұлғаның іс-әрекеттерінің сипатына байланысты объективті түрде мүмкін болған ауыр зардаптар немесе олардың неліктен қылмыс толығымен орын алмағанын анықтау

Егер кінәлі тұлға мүлікті иемдену мақсатында қару немесе басқа да қауіпті заттарды қолданса немесе жәбірленушіні тұншықтырса немесе қозғалыстағы автокөліктен, пойыздан итеріп жіберсе және тағы басқа осындай өмірге қауіпті әрекеттер болса, онда бұл қарақшылық қылмысы деп саралануы тиіс, қылмыстық зардаптың ауырлығына қарамастан қауіпті деп танылуы тиіс.

Дәл осылай кінәлі тұлға бөтен мүлікті иемдену мақсатында жәбірленушіге физикалық ауырсыну немесе жеңіл зиян келтіретін (мысалы, көгерулер, тырналулар, сырылған жерлер) күш қолданса, бұл күш қолдану жасалған сәтте жәбірленушінің өмірі мен денсаулығына нақты қауіп төндірсе, қарақшылық ретінде саралануы тиіс. Қарақшылықтың екінші басты белгісі, қылмыс жасалған уақытта жәбірленушінің өміріне немесе денсаулығына шынайы түрде қауіп төнуі. Мұндай жағдайда жәбірленушінің нақты алған дене жарақатының сипаты маңызды емес, бастысы күш қолданудың қауіптілігін ескеру қажет. Қарақшылықтың үшінші белгісі күш қолданамын деп қорқыту сипаты. Кейбір жағдайларда тонау қылмысына тән физикалық күш қолдану жәбірленушінің өмірі мен денсаулығына қауіпті күш қолданамын деп қорқыту

тәсілі ретінде қолданылуы мүмкін. Мұндай жағдайларда кінәлінің әрекеттерін саралау кезінде жәбірленушінің нақты алған жарақатына емес, күш қолданудың нақты сипаты мен оның шынайы қауіптілігіне назар аудару қажет. Қорқыту қарақшылық қылмысының маңызды белгісі болып табылады. Егер кінәлі тұлға жәбірленушіге «өлтіремін», «пышақтап кетемін», «мүгедек қыламын» деген сияқты сөздер айтса, сондай-ақ қаруды немесе оны қару ретінде қолдана алатын басқа да заттарды қолданамын деп қорқытса, немесе оларды жәбірленушіге көрсету арқылы психологиялық тұрғыда қысым жасаса, бұл қарақшылыққа тән психикалық күш қолдану ретінде қарастырылады. Қарақшылық қылмысы мен тонау қылмыстарын саралау кездегі маңызды факторларды атап өтсек:

Жәбірленушінің қылмыс барысында қауіпті субъективті қабылдауы

- Егер жәбірленуші кінәлі тұлғаның айтқан қорқытуын өміріне немесе денсаулығына нақты қауіп ретінде қабылдаса, онда бұл қарақшылық деп танылады.

- Сот тәжірибесінде осындай қылмыстық істерде жәбірленушінің қорқыныш сезімін анықтау маңызды рөл атқарады.

Қылмыстың жасалған орны, уақыты және кінәлілердің саны

- Егер қылмыс түнгі уақытта, адам көп жүрмейтін жерде, бірнеше адамдармен бірлесіп жасалса, бұл күш қолданудың қауіптілігін арттырады және қарақшылық деп саралануы тиіс.

- Кінәлі тұлғаның қолданған заттарының сипаты, олардың іс-әрекеттерінің объективті қауіптілігі де саралау кезінде ескерілуі керек.

Кінәлі тұлғаның шынайы ниеті

- Егер кінәлі тұлға жәбірленушіні қорқытқанымен, кейіннен олар оның өмірі мен денсаулығына физикалық қауіпті күш қолданудан немесе қолданамын деп қорқытудан бас тартып, жәбірленуші өміріне қауіпті сезінбесе, онда бұл тонау ретінде бағалануы мүмкін.

- Дегенмен, егер олардың әрекеттері жәбірленушіні өлім немесе ауыр дене жарақатын аламын деп ойлауға мәжбүр етсе, бұл қарақшылық деп қаралуы қажет.

Қарақшылық пен тонаудың аяқталу сәті.

- Тонау материалдық қылмыс, яғни ол қылмыскер бөтен мүлікті нақты иемденген сәтте аяқталған деп саналады.

- Қарақшылық келте құрамды қылмыс, яғни ол кінәлі тұлға жәбірленушіге шабуыл жасап, оған өмірі мен денсаулығына қауіпті күш қолданған немесе осындай күш қолданамын деп қорқытқан сәтте аяқталды деп танылады.

- Бұл ретте кінәлі тұлға мүлікті иемденіп үлгерді ме, жоқ па – маңызды емес. Егер күш қолдану немесе қолдану қатерін төндіру көрсетілген болса, қылмыс аяқталған болып саналады.

Қорытындылай келе қарақшылық пен тонаудың негізгі айырмашылықтары олардың объектісінен, құрамынан және қолданылатын

күштің сипатымен және кей жағдайларда қолданған қарудың түрлерімен айқындалады. Қарақшылық қоғамға қауіптілігі жоғары, ауыр қылмыс ретінде қарастырылса, тонау салыстырмалы түрде қоғамға жеңіл болып табылады. Осы ерекшеліктерді ескере отырып, бұл екі қылмысты дұрыс саралап, құқық қолданудың нормаларын сақталуын қамтамасыз етуі үшін құқық қорғау органдары мен соттарға маңызды болып есептеледі.

Қарақшылық қылмысына жақын келетін келесі қылмыс құрамы қорқытып алу (ҚР ҚК 194-бап). Қарақшылықты қорқытып алудан ажырату мәселесіне келген кезде, кінәлі тұлға қылмыс жасау барысында жәбірленушіге күш қолданудың қаупі мен оның жүзеге асырылу орны, уақыт өлшемі арқылы бір-бірінен айырмашылығын қарастыруға болады.

Егер қарақшылық кезінде психикалық күш қолдану жәбірленушіге сол мезетте күш қолдану қаупімен көрінсе, ал қорқытып алу кезінде кінәлі тұлға бұл қауіпті болашақта жүзеге асыратынын айтып қорқытады. Сонымен қатар, қорқытып алуда талапты орындау мерзімі белгілі бір уақытқа шегерілуі де немесе мүлікті беру уақыты нақты көрсетілмеуі де мүмкін немесе талап қойылғаннан кейін негізгі мүліктің орнына басқа мүлікті кепілге алу арқылы орындалуы да мүмкін.

Қарақшылық пен қорқытып алу қылмыстары бір-бірімен өзара ұқсас болып көрінгенімен, олардың құқықтық табиғаты мен қылмыстың орындалу сипаты тұрғысынан айтарлықтай ерекшеленеді. Бұл ерекшеліктерді объектісі, мақсаты, қылмыстық әрекеттің сипаты және қоғамдық қауіптілік дәрежесі арқылы анықтауға болады.

Қарақшылық кезінде күш қолдануды мүлікті иеленудің тікелей құралы ретінде қолданылса, қорқытып алуда күш қолдану жәбірленуші өзінің заңсыз талаптарын орындаудан бас тартқаны немес қарсыласқаны үшін кек алу құралы ретінде де пайдаланылуы мүмкін. Қорқытып алу кезінде күш қолдану мыналар арқылы көрініс табады: денеге физикалық күш қолдану қаупі, мүлікті жою немесе бүлдіру қаупі, жәбірленуші немесе оның жақындары туралы олардың беделіне нұқсан келтіретін мәліметтерді немесе басқа да құпия ақпараттарды жариялау қаупі, туысқандарына зиян келтіру сияқты қауіптері жатады. Қорқытып алу және қарақшылық кезінде күш қолдану физикалық сипатқа ие және физикалық күш қолдану немесе оны қолдану қаупі арқылы жүзеге асырылады.

Қорқытып алу мен қарақшылықты ажырату үшін келесі анықтамаларды қолдану қажет. Қорқытып алу мүлікті беру талабы көбінесе болашаққа бағытталады, бірақ кей кезде қазіргі уақытқа да қойылуы мүмкін. Қарақшылықта мүлікті болашақта иемдену мүмкіндігі жоқ, сондықтан мұндай жағдайда тек мүлікті беру талабы қазіргі уақытта қойылған кезде ғана ажырату жүргізіледі. Мұндай жағдайда екі қылмысты бір бірінен ажырату қолданылатын күш қолданудың немесе қолдану қатерінің сипаты мен қарқындылығына қарай анықталады.

Мысалы, қарақшылық пен қорқытып алу қылмыстардың жиынтығы ретінде де құрауы мүмкін. Егер кінәлі тұлға өмірге немесе денсаулыққа қауіпті күш қолдануды қазіргі уақытта қолданып мүліктің бір бөлігін алып, қалған бір бөлігін болашақта беруді талап етсе, бұл екі қылмыс бір мезгілде орын алаған болып есептеледі.

ҚР ҚК-нің 194-бабында қорқытып алуға қатысты мынадай анықтама береді – «Қорқытып алушылық, яғни күш қолдану не бөтеннің мүлкін жою немесе бүлдіру қатерін төндіріп, сол сияқты жәбірленушіні немесе оның жақындарын масқаралайтын мәліметтерді не жариялануы жәбірленушінің немесе оның жақындарының мүдделеріне елеулі зиян келтіруі мүмкін өзге де мәліметтерді тарату қатерін төндіріп бөтеннің мүлкін немесе мүлікке құқықты беруді немесе мүліктік сипаттағы басқа да әрекеттер жасауды талап ету» [5]. Сонымен қатар, кінәлі тұлға жәбірленушінің немесе оның туыстарының жеке өміріне қатысты ақпаратты жариялаймын деп қорқытуы да мүмкін.

Қорқытып алушылықтың объектісі тек меншік емес, сонымен қатар жәбірленушінің жеке өмірі, қадір-қасиеті, бостандығы мен ар-намысы тағы да басқа заттар болуы мүмкін. Қылмыстың мақсаты жәбірленушіні қорқытып, бопсалау арқылы оның нақты мүлкін немесе болашақ мүліктік құқықтарын бұзып заңсыз жолмен тартып алу.

Қарақшылық кезінде күш қолдану тікелей меншікті заңсыз иемденуге бағытталса, ал қорқытып алу барысында қылмыскерлер жәбірленушінің қолындағы мүлікпен қатар, сол сәтте оның меншігінде болмаған мүлікке қатысты құқықтарды да талап етуі мүмкін. Сондай-ақ, кінәлі тұлға жәбірленушіден өз пайдасына мүліктік сипаттағы белгілі бір іс-әрекеттерді орындауын мәжбүрлеуі мүмкін [30, 423 б.].

Қарақшылық қылмысы кезінде күш қолдану физикалық немесе психикалық сипатта болуы мүмкін және жәбірленушінің өмірі мен денсаулығына тікелей қауіп төндіріп, жәбірленушіні тез арада мүліктен айыру мақсатында қолданылады. Ал қорқытып алушылықта күш қолдану тек психологиялық қысым көрсету түрінде орын алып, тікелей сол сәтте жәбірленушінің өміріне қауіп төндірмейді. Қорқыту көбінесе болашақта орын алатын күш көрсету немесе мүлікті жою қаупімен шектеледі.

Қорқытып алудың нысаны тек мүлікпен шектелмей, ауқымдырақ болып, қоғамдағы үлкен жастағы адамдардың құқықтары мен мүдделерін де қамтуы мүмкін. Мысалы алатын болсақ, кінәлі тұлға жәбірленушінің ар-намысына, абыройы мен қадір қасиетіне нұқсан келтіретін ақпаратты жариялаймын деп әрекет етуі ықтимал. Ал қарақшылықта мұндай аспектілер қарастырылуға жатпайды. Сонымен қатар, қарақшылық кезінде күш қолдану тікелей жәбірленушінің өмірі мен денсаулығына қарсы бағытталады. Ал қорқытып алу барысында кінәлі тұлға адам өміріне қауіп төндірмей, оның денсаулығы мен жеке бас бостандығына тікелей қол сұға алмайды [46, 213 б.].

Қарақшылықта қылмыс шабуыл жасау сәтінде аяқталған деп саналады, яғни мүліктің нақты иемденілуі міндетті емес.

Қорқытып алушылықта қылмыс жәбірленушіге мүлікті беру туралы талап қойылған сәтте аяқталған болып саналады. Екі қылмыста келте құрамға жатады.

Қарақшылық пен қорқытып алушылықты бір-бірінен ажыратудың негізгі белгілері

1. Мүлікті иемдену әдісі.

Қарақшылық кезінде мүлік бірден сол сәтте тартып алынады. Қорқытып алушылықта мүлік болашақта берілуі мүмкін немесе белгілі бір келісім аясында бір бөлігі талап етіледі.

2. Қолданылатын қауіп-қатердің уақыты.

Қарақшылықта денсаулыққа қауіп төндіру немесе күш қолдану дереу жүзеге асады. Қорқытып алушылықта қауіп-қатер болашақта айтқанын орындамаған жағдайда жүзеге асырылатыны ескертіледі.

Мәселен қарақшылық кезінде қылмыскер қару қолданып, жәбірленушіні қорқытып, оның әмиянын тартып алды. Мұнда физикалық қауіп пен мүлікті иемдену бір уақытта орын алады.

Қорқытып алушылықта қылмыскер жәбірленушінің жеке өміріне немесе абыройына қатысты ақпаратты жариялаймын деп қорқытып, бірнеше уақыттан кейін белгілі бір мөлшерде ақша төлеуді талап етеді. Мұнда болашақта күш қолданамын деген қауіп бар.

Қорытындылай келгенде, қарақшылық пен қорқытып алушылық қылмыстарын ажырату кінәлі тұлғаға қылмыстық құқықты дұрыс қолдану үшін өте маңызды. Жоғарыда көрсеткеніміздей, қарақшылық тікелей физикалық немесе психикалық күш қолдану арқылы жүзеге асырылады және бірден орындалады, ал қорқытып алушылық талаптарын орындамаған жағдайда жәбірленушіні болашақта қорқыту арқылы жүзеге асырылады. Қорқытып алушылық қарақшылыққа қарағанда қауіптілігі төменірек болғанымен, ол да меншікке және жеке тұлғаларға елеулі зиян келтіруі мүмкін. Сондықтан қылмыстардың бұл түрлерін дұрыс саралау және жауаптылыққа тарту құқықтық әділеттілікті қамтамасыз ету үшін шешуші мәнге ие [47, 103 б.].

Енді қарақшылық пен бандитизм қылмыстарының айырмашылықтарын қарастырып көрейік.

Тәжірибеде қарақшылық пен бандитизм қылмыстары кейбір ортақ объективтік белгілеріне байланысты ұқсас сипатқа ие. Екі қылмыс та бөтеннің мүлкін заңсыз иемдену мақсатында адамдарға қарсы қауіпті шабуыл жасаумен жүзеге асырылады. Осыған орай, тергеумен сот тәжірибесінде бұл қылмыстарды дұрыс саралау мәселесі жиі туындайды. Көп жағдайда бандитизм элементтері бар қылмыстар қарақшылық ретінде қарастырылып жатады. Дегенмен, бұл қылмыстардың табиғаты әртүрлі, ал бандитизм қарақшылыққа қарағанда қауіптірек, себебі ол қоғамдық қауіпсіздік пен тәртіпті бұзуға тікелей бағытталады.

Банда – «қаруды не қару ретінде пайдаланылатын заттарды қолданып немесе қолдану қатерін төндіріп, азаматтарға немесе ұйымдарға шабуыл жасау мақсатын көздейтін ұйымдасқан топ» [8, 21 б.].

ҚР ҚК-нің 268-бабында бандитизм қылмысына қатысты мынадай анықтама береді – «Тұрақты қарулы топты (банданы) құру, сол сияқты осындай топқа (бандаға) басшылық ету» [5].

Бандитизм - «аса қауіпті қылмыстардың бірі. Бұл қылмыстар жылма-жыл өріс алып, дамуда, оның қоғамға аса қауіптілігі сол, банда құрылымы жөнінен тұрақты, қаруланған топ болып, аса ауыр қылмыстарды алдын ала жоспарлап жасайды. Қылмыстың тікелей объектісі - қоғамдық қауіпсіздік, ал тікелей қосымша объектісі - адамдардың өмірі, денсаулығы, меншігі, сондай-ақ басқадай мүдделері жатады» [8, 482 б.].

Қылмыс құрамы жағынан қарақшылық қылмысының адамдар тобының алдын ала сөз байласуы арқылы жасаған қылмысқа өте қатты жақын болып келеді. Осы тұрғыда заң әдебиеттерінде қарақшылық пен бандитизмді зерттеуге арналған ғылыми еңбектер жеткілікті. Бірақ бұл қылмыстарды саралау бойынша әртүрлі бір-біріне қарама-қарсы пікірлер бар. Кейбір заңгерлер қарулы топпен жасалған қарақшылықты бандитизммен бірге саралау қажеттілігін алға тартады. Олардың пікірінше, кез келген қарулы топ жасаған қылмыс бандитизмге жатқызылуы мүмкін. Алайда бұлай саралаған дұрыс емес, себебі бандитизм тұрақты, ұйымдасқан қарулы топтарды ғана қамтиды және сол үшін жауаптылықта болады.

Осылайша, тәжірибеде қарулы топтық қарақшылықты бандитизмнен ажырату ерекше қиындық туғызатын жағдайлар кездеседі. Қарақшылық шабуылдары ұйымдасқан қарулы топпен адамдар тобымен жасалып, екі қылмыстың да аяқталған деп танылатын қылмыс құрамдары болғандықтан, олардың аражігін нақты анықтау қажет болады. Бұл жерде негізгі мәселе қай қылмыстық құрамның элементтері бандитизмге тән, ал қайсысы қарақшылыққа жататынын дәл анықтау қажеттілігінде жатыр.

Мұндай мәселенің себебі бандитизм мен адамдар тобының алдын ала сөз байласуымен жасалған қарақшылықтың көптеген ұқсастықтарына байланысты. Осыған орай, кейбір зерттеушілер, соның ішінде В. Быков, өз мақаласында ұйымдасқан адамдар тобының алдын ала сөз байласуымен жасалған қарақшылықты бандитизм ретінде тануды ұсынады [48].

Мұндай жағдайда бір маңызды мәселені атап өту қажет: Яғни, қарақшылық қылмысы қаруды міндетті түрде қолданумен байланысты болса, бандитизмде бір қатысушыда қарудың бар болуының өзі жеткілікті, тіпті оны қылмыс жасау барысында да қолдану міндетті емес.

Адамдар тобының алдын ала сөз байласуымен қаруды қолдану арқылы жасалған қарақшылық кезінде мынадай әрекеттерді түсіну қажет:

- Қаруды пайдаланып, жәбірленушінің денсаулығына жеңіл, орташа немесе ауыр зиян келтіру;

- Қарудың қауіп төндіретін қасиеттерін пайдалану, бірақ жәбірленушіге нақты зиян келтірмеу;

- Қаруды психикалық қысым жасау құралы ретінде қолдану.

Ал, бандитизмді қарақшылықтан ажыратып тұратын келесідей ерекше тұстары бар: бандитизмде қылмыстың аяқталуы қарулы топтың нақты құрылған сәтінен бастап есептеледі, топ шабуыл жасады ма, жоқ па, бұл маңызды емес. Ал қарақшылықта қылмыс тек нақты шабуыл жасалған сәттен бастап аяқталған болып саналады. Кей бір ғалымдарды көзқарастары бойынша қарақшылықта егер тек топ құрылған болса, бірақ шабуыл жасалмаса, бұл әрекет қарақшылыққа дайындық, яғни қылмыс жасауға оқталу ретінде қарастыруды алға тартады [49, 96 б.].

Осы пікірді қолдаған Н.М. Кожухановтың пікірінше қарулы банданың ұйымдастырылған сәтінен бастап-ақ аяқталған қылмыс болып саналады, тіпті ол банда бірде-бір шабуыл жасамаған жағдайда да. Ал қарақшылық жасау мақсатында құрылған ұйымдасқан топқа қатысу, егер ол әлі ешбір шабуыл жасамаған болмаса, қарақшылық жасауға дайындалу ретінде қарастырылуы керек деген [50, 21-23 б.].

Қарақшылық пен бандитизм қылмыстарының негізгі ерекшеліктері олардың объектілерінен көрініс табады:

Объектісі:

- Қарақшылық жеке меншікке және қосымша объектісі адамның өмірі мен денсаулығына қарсы бағытталған.

- Бандитизм қоғамдық қауіпсіздік пен қоғамдық тәртіпке қарсы бағытталған.

Қылмыстың аяқталуы:

- Бандитизм қылмыстық топ құрылған сәттен бастап қылмыс аяқталған деп саналады.

- Қарақшылық шабуыл жасалған сәттен бастап қылмыс аяқталған болып танылады.

Топ құрылымы:

- Бандитизмде тұрақты және ұйымдасқан қарулы топтың (банданың) болуы міндеттеледі.

- Қарақшылық бір адаммен немесе ұйымдасқан адамдар тобымен жүзеге асырылуы мүмкін.

Мақсат:

- Қарақшылық тек бөтен мүлікті иемдену мақсатында ғана жасалады.

- Бандитизмде басқа да мақсаттар болуы мүмкін (мүлікті жою, зорлау қинау немесе адам өлтіру).

Бандитизм қылмысы құрамындағы объективтік және субъективтік белгілеріне байланысты ерекше сипатқа ие болып келеді. Банда – бұл кемінде екі немесе одан көп адамның ұйымдасқан, тұрақты, қаруланған қылмыстық топты құруы және банданың келесідей міндетті белгілері бар:

- Қатысушылардың саны жағынан кемінде екі адам болуы;

- Қарулану (кем дегенде топтың бір мүшесінде нақты қару болуы керек);
- Құрылған қылмыстық топтың тұрақтылығы;
- Шабуыл жасаудың нақты мақсаты.

Осы белгілер болған жағдайда ғана қылмыс бандитизм ретінде қарастырылуы қажет [51, 28 б.].

Қорытындылай келе қарақшылық пен бандитизм қылмыстарының негізгі айырмашылықтары жоғарыда көрсеткендей олардың құқықтық объектілерінде, қылмыстық топтың ұйымдасу деңгейінде және әрекетті жүзеге асыру тәсілінде көрініс табады. Екі қылмыста келте құрамға жатады. Бандитизм қоғамдық қауіпсіздікке айтарлықтай қатер төндіретіндіктен, оның қоғамдық қауіптілігі жоғары болып келеді. Сондықтан бұл қылмыстарды дұрыс саралау құқық қорғау органдарының негізгі міндеттерінің бірі.

Келесі қарақшылық пен бұзақылық қылмысының айырмашылықтарын қарастырып көрейік. Қарақшылық пен бұзақылық объективтік жағынан ұқсас болуы, кейбір жағдайларда тергеу органдарымен соттардың өндірісінде дұрыс бағаламауына әкеліп соғады.

Бұзақылық – қоғамдағы тәртіп пен күнделікті өмір салтына тікелей қауіп төндіретін жағымсыз қылмыс. Кей жағдайларда бұл әрекеттер бөтеннің мүлкін әдейі жою немесе зиян келтіру арқылы көрініс табады. Дәл осы тұста қарақшылық пен бұзақылық арасындағы айырмашылықты нақты ажырату мәселелері қиындық тудырады. ҚР ҚК-нің 293-бабы бұзақылыққа мынадай анықтама береді: «Бұзақылық, яғни қоғамдық тәртіпті қоғамды құрметтемеу анық көрінетін, азаматтарға күш қолданумен не оны қолдану қатерін төндірумен, сол сияқты бөтеннің мүлкін жоюмен немесе бүлдірумен не барынша арсыздықпен ерекшеленетін әдепсіз әрекеттер жасаумен ұштасқан аса қатыгездікпен бұзу» [5].

Бұзақылық жасаған адам қоғамдық тәртіпті, соның ішінде адамгершілік қағидаттарын өрескел бұзатын, көбінесе себепсізден себепсіз немесе болар-болмас себепті пайдаланып, қоғамдық ортаны мейлінше сыйламаушылықтан көрінетін, тәртіпке ашық қарсыласуымен, өзін айналасындағы адамдарға қарсы қоюымен, оларға немқұрайлы қарым-қатынасымен сипаталатын әдейі жасалған әрекеттері арқылы анықталады. Бұзақылық қоғамда тұрақты тұрмыс салтының және қоғамдық тәртіптің бірден-бір жауы деп қарастыруға болады. Қылмыстық құқық бұзушылықтың тікелей объектісі қоғамдық тәртіптің бұзылуы, ал қосымша объектісі адамның денсаулығы немесе ар-намысы кей жағдайларда меншігі болып табылады [8, 511 б.].

Бұзақылықтың объектісіне байланысты Н.Д. Дурмановтың пайымдауынша, «бұзақылықтың негізгі объектісі – қоғамдық тәртіп пен қауіпсіздікті сақтау. Бұзақылық барысында жәбірленушінің денсаулығына қол сұғады және кей жағдайларда мүлкіне зиян келтірілуі мүмкін, бірақ бұл әрекеттер негізгі мақсат бола алмайды» [52, 365 б.]. Ал қарақшылық қылмысы,

керісінше, әрдайым адамның өміріне, денсаулығына және жеке меншігіне тікелей қауіп төндіретін әрекеттен тұрады.

Бұзақылықпен қарақшылық қылмысының объективтік жағынан айырмашылықтарын қарастырып көрейік.

Бұзақылық бұл қоғамдық тәртіпті өрескел бұзып, қоғамға құрметсіздік көрсету және оны анық кемсіту белгілері арқылы жүзеге асырылады.

Қарақшылық болса, жәбірленушінің мүлкін заңсыз иемдену мақсатында оның өміріне және денсаулығына қауіп төндіру немесе осыған ұқсас күш қолданамын деп қорқыту арқылы жүзеге асырылатын қылмыстық әрекет.

Шабуыл жасау қарақшылықта мүлікті иелену үшін негізгі құрал болып табылады, ал бұзақылықта мұндай мақсат жоқ, әрекеттер тек қоғамға және қоғамдық қарым қатынасқа қарсы сипатта болады.

Енді қылмыстардың субъективтік айырмашылықтарына тоқталып өтсек. Қарақшылық қылмысы кезінде кінәлі тұлғаның басты мақсаты бөтеннің мүлкін ашық иемдену. Сондықтан, мұндай қылмыстарда кінәлі тұлға өзінің құрбанын таңдап, оның әрекетін бақылап, материалдық пайда табуды көздейді. Мұндай қылмыс жоспарланған қасақана сипатта болады. Бұзақылықта, керісінше, қылмыскер құрбанын алдын ала өзі таңдамайды және арнайы пайдакүнемдік ниетпен әрекет етпейді. Оның әрекеті көбінесе кездейсоқ, аяқ асты ойластырылмаған сипатта болады. Қарақшылық кезінде кінәлі тұлғаның ниеті тек тікелей пайдакүнемдік мақсатқа бағытталады. Ал, бұзақылықта көбінесе қасақаналықпен қоса жанама болып, материалдық пайда табуды көздемейді [30, 115 б.].

Қорытындылай келе қарақшылық пен бұзақылық қылмыстарының негізгі белгілерін анықтай келе, олардың басты айырмашылықтары бұзақылықтың объектісіне қоғамдық тәртіппен қоғамдық қауіпсіздік жатады. Ал, қарақшылықтың негізгі объектісі бөтеннің меншігі мен жәбірленушінің денсаулығы және өмірі. Сонымен қатар, қарақшылықта күш қолдану бөтеннің меншігін иелену мақсатының құралы болып табылады. Бұзақылықта мұндай мақсат болмайды.

## 2.2 Қарақшылық қылмысы бойынша шетелдік заңнамаларды салыстыру арқылы зерделеу

Қарақшылық қоғамдық қауіпсіздікке қауіп төндіретін қылмыс және көптеген елдерде аса ауыр санаттағы қылмыстардың бірі ретінде сипатталады. Бұл қылмыс бөтеннің меншігін заңсыз иемдену мақсатында, адамның өмірі мен денсаулығына қауіпті күш қолдану немесе күш қолдану қатерін төндіремін деп қорқыту арқылы жүзеге асырылады. Соның ішінде қарақшылық қылмысының ерекшелігі қоғамдық қауіптілігі оның орындалу тәсіліне тікелей байланысты. Әсіресе, қару немесе қаруға ұқсас заттарды қолдану қарақшылық қылмысының ауырлығын арттырып, құқықтық тұрғыдан алғанда қылмыстық жауапкершілікті арттыратын мән-жай болып табылады.

Қарақшылық қылмысының заңнамалық реттелуі әр елде құқықтық жүйенің ерекшеліктеріне байланысты түрліше қарастырылып жауаптылық белгіленген. ҚР Қылмыстық кодексінде 192-бабында және осы заңның орнына құқықтық норма ретінде жүретін Жоғары Соттың нормативтік қаулысында қарақшылықтың анықтамасы келтірілгенмен, тәжірибеге келгенде қылмыстық әрекетті жасау барысында қару немесе қаруға ұқсас заттарды пайдалану мәселесінде кейбір құқықтық олқылықтарды тудырып, қылмыстың бұрмалауына әкеліп жатыр. Сондықтан бұл мәселені болдырмау мақсатында шетелдердің халықаралық тәжірибелерін зерделеп, олармен салыстыра отырып талдау қажет санадық.

Шетелдік тәжірибелерде қару немесе қаруға ұқсас заттарды пайдалану арқылы қарақшылық қылмысын жасау, ең ауыр нысандарының бірі болып саналады. Мысалы, көршіміз Ресей, Беларусь, Украина және АҚШ, Ұлыбритания, Германия сияқты елдердегі қарақшылық қылмысына берілетін заңнамалық анықтамалар мен оған қолданылатын жаза мөлшері мен сот тәжірибелері біршама айырмашылықтарға ие. Соның ішінде қару қолданылған немесе оны қолданамын деп қорқыту арқылы жасалған қарақшылық қылмыстары үшін қатаң жауапкершілік қарастырылған.

Кінәлі тұлға қарақшылық қылмысын жасау барысында қару қолдану немесе қаруға ұқсас заттарды пайдаланылса ең маңызды және күрделі құқықтық аспектілерінің бірі болып табылады. Көптеген шетелдерде нақты қару қолданылған жағдайда жаза қатаңдатылады, бірақ қаруға ұқсас заттарды қолдану немесе оны қолданамын деп қорқыту әртүрлі елдерде түрлеше бағаланып, құқықтық нормаларында өзгешеліктері бар.

ҚР ҚК-ның 192-бабының 2-бөлігі 4-тармағының диспозициясында «Қарақшылық, яғни бөтеннің мүлкін жымқыру мақсатындағы шабуылға ұшыраған адамның өміріне немесе денсаулығына қаруды немесе қару ретінде пайдаланылатын заттарды қолданып қауіпті күш қолданумен немесе тікелей осындай күш қолдану қатерін төндірумен ұласқан шабуыл» - деп көрсетілген [5]. Бұл жерде қару ретінде пайдаланылатын заттар деген ұғымға нақты түсінік бермеген. Осы заңның нормаларымен бірдей қолданылатын «Бөтеннің мүлкін заңсыз иемдену жөніндегі істер бойынша сот тәжірибесі туралы» ҚР Жоғары Сотының 2003 жылғы 11 шілдедегі №8 нормативтік қаулысының 21-тармағында «Кінәлінің әрекеттерін ҚК-нің 192-бабы 2-бөлігінің 4-тармағымен саралау кезінде соттар шабуыл жасауда қолданылған зат, қару немесе денсаулыққа зиян келтіретін қару ретінде пайдаланылған зат екендігін ескеруі керек. Егер кінәлі жәбірленушінің өмірі мен денсаулығына қауіпті дене жарақатын келтіру үшін пайдалану мүмкін емес көрінеу жарамсыз немесе оқталмаған қарумен не қаруға ұқсас (тапаншаның нобайы, ойыншық қанжар және т.б.) затпен қорқытса, онда кінәлінің әрекеттерін, егер басқа саралау белгілері болмаса, ҚК-нің 191-бабының 1-бөлігі бойынша саралау керек» - деп көрсетілген [7].

Бұл өз кезегінде кінәлі тұлғаның бастапқы нақты мақсаты мен ниеті қарақшылық қылмысын жасау бола тұра, жәбірленушінің оқиға болған кездегі психологиялық зиянын ескерілмей, сот тәжірибесінде кейбір істерде ойыншық қару немесе шынайы қаруға ұқсас зат қолданылған қарақшылық қылмыстық істері тонау немесе басқа қылмыстарға сараланып, кінәлі тұлға жеңіл жазаға тартылып жатыр. Бұл мәселе бойынша келесі тарауда кеңірек тоқталып талқылайтын боламыз. Ал, қазір осы келтірген дерек Ресей, Беларусь, Украина заңнамаларымен салыстырғанда құқықтық олқылық болып табылады. Себебі осы елдерде қару шынайы ма, жоқ па ол жағы маңызды емес, кінәлінің бастапқы мақсаты және егер ол ойыншық қаруды жәбірленушіге қауіп төндіретін құрал ретінде пайдаланылып, жәбірленуші өзіне қауіпті сезінсе бұл қарақшылық немесе басқа ауырлататын қылмыстар қатарына жатқызылады.

Енді осы мәселелер бойынша кеңінен тоқталып шетелдердің заңнамалық құқықтық актілерін қарастырып көрейік.

Көршіміз Ресей Федерациясының заңнамаларына келсек. РФ ҚК-ның 162-бабының 2-бөлігінің диспозициясында «Қарақшылық, бөтен мүлікті иемдену мақсатында жәбірленушінің өмірі мен денсаулығына қауіпті зорлық-зомбылық қолдану немесе осындай зорлық-зомбылық қолданамын деп қорқытуды қару немесе қару ретінде пайдаланылған заттарды қолдану арқылы жасалған шабуыл» - деп анықтама берілген [53]. Енді осы заң аясында Соттар тәжірибесінде жинақталған РФ Жоғарғы Соты Пленумының 2002 жылғы 27 желтоқсандағы №29 қаулысы "Ұрлық, тонау және қарақшылық қылмыстары бойынша сот тәжірибесі туралы" нормативтік қаулысының 23-тармағында «Қару ретінде пайдаланылған заттар деп жәбірленушінің өміріне немесе денсаулығына зиян келтіруі мүмкін кез келген материалдық нысандар түсініледі. Оларға қалта немесе ас үй пышағы, балта және т.б. жатады» [56]. Сонымен қатар, жәбірленушінің өмірі мен денсаулығына нақты қауіп төндірген басқа да заттар, мысалы, механикалық шашыратқыштар, тітіркендіргіш заттармен жабдықталған аэрозольдер және басқа да құрылғылар да қару ретінде қарастырылады. Соттарға қарақшылық кезінде қару немесе қару ретінде пайдаланылатын заттарды қолдану деп оларды жәбірленушіге физикалық әсер ету, сондай-ақ өмірі мен денсаулығына қауіпті зорлық-зомбылық қолданамын деп қорқыту арқылы психологиялық әсер ету үшін қасақана пайдалануды түсіну керектігін түсіндіру қажет. Егер тұлға алдын ала жарамсыз екенін білетін немесе оқ-дәрісі жоқ қарумен, сондай-ақ қаруды имитациялайтын заттармен (мысалы, пистолет макеті, декоративті қару, ойыншық қару және т.б.) қорқытса және оларды жәбірленушінің өмірі мен денсаулығына қауіпті зиян келтіру мақсатында қолдануды ниет етпесе, онда оның әрекеті (егер қылмыстың басқа ауырлататын мән-жайлары болмаса) істің нақты мән-жайларын ескере отырып, РФ ҚК 162-бабының 1-бөлігіне сәйкес қарақшылық ретінде саралануы тиіс. Ал егер жәбірленуші өзіне қауіп төндіріп тұрған қарудың жарамсыз немесе оқ-дәрісі жоқ екенін, сондай-ақ оның тек имитация

екенін түсінген болса, онда бұл әрекет тонау (грабеж) ретінде қарастырылуы тиіс» - деп жазылған [54].

Осы орайда, заң танушы ғалымдар И.Я. Козаченко мен В.Н. Кудрявцев өз еңбектерінде ойыншық қаруды қолдану тек қылмыскердің мақсаты мен ниетінен ғана емес, сонымен қатар оның жәбірленушіге нақты қауіп төндіру мүмкіндігіне де байланысты деп санайды. Олар соттардың мұндай заттарды бағалауда нақты қауіптің болуын басшылыққа алу қажеттігін атап өтеді. [55, 78 б]. Ал, А.В. Наумов қаруға ұқсас заттарды қолдану арқылы жасалған қылмыстарды қарақшылық деп саралау үшін, қару ретінде қолданылған заттың жәбірленушінің қорқынышын арттырып, оны мүліктен айыруға итермелеу мүмкіндігі маңызды екенін атап өтеді. [24, 167 б.].

Демек, Ресей Федерациясында қарақшылық кезінде қаруды қолдануға қатысты нақты құқықтық заңдарында бекітіліп, ойыншық қару немесе қарудың макеті қолданылған қылмыстарды нақты қарақшылық қылмысы ретінде саралайтындығын келтірген.

Енді Беларусь Республикасындағы қарақшылық қылмысына тоқтала кетейік. БР Қылмыстық кодексінің 207-бабында қарақшылық пайдакүнемдік мақсатта өмірге немесе денсаулыққа қауіпті күш қолданумен немесе осындай күш қолдану қатерімен жасалған шабуыл ретінде сипатталады [56]. Қару немесе қару ретінде пайдаланылатын заттарды қолдану туралы нақты жазылмаған. Дегенмен егер кінәлі тұлға қылмысын жасау кезінде ойыншық қару немесе қаруға ұқсас зат қолданылса және бұл әрекет арқылы жәбірленушінің өмірі мен денсаулығына нақты қауіп төндіру жағдайын тудырып, жәбірленуші өзіне нақты осындай қауіп төніп тұр деген қауіпті қабылдаса кінәлінің бұл әрекеті қарақшылық қылмысы бойынша саралануы мүмкін.

Беларусь Республикасы Жоғарғы Соты Пленумының «Соттардың мүлікті жымқыру істері бойынша қылмыстық заңнаманы қолдануы туралы» 2001 жылғы 21 желтоқсан № 15 қаулысында «Қарақшылықтың (ҚК 207-бабы) ерекшелігі жәбірленушінің өмірі мен денсаулығына қауіпті зорлық-зомбылық қолдану немесе осындай зорлық-зомбылықпен қорқыту арқылы мүлікті тікелей иемдену мақсатында шабуыл жасау. Жәбірленушінің өмірі мен денсаулығына қауіпті зорлық-зомбылық деп жеңіл дәрежедегі дене жарақаттарын салу, соның салдарынан қысқа мерзімді денсаулықтың бұзылуы немесе жалпы еңбекке қабілеттіліктің аздап тұрақты жоғалуы, сондай-ақ ауырлау немесе ауыр дене жарақаттарын келтіру түсініледі. Сонымен қатар, жәбірленушіге нақты дене жарақаты келтірілмеген жағдайларда да, егер зорлық-зомбылық оның өмірі мен денсаулығына шынайы қауіп төндірген болса, бұл әрекет қарақшылық ретінде бағаланады. Өмірі мен денсаулығына қауіпті зорлық-зомбылық қолдану қауіп деп кінәлінің жәбірленушіге қатысты осындай зорлық-зомбылықты дереу қолдануға ниетті екенін білдіретін әрекеттері немесе мәлімдемелері түсініледі. Қарақшылық кезінде жасалған қорқыту нақты және шынайы болуы тиіс. Бұл ретте жәбірленушінің субъективті қабылдауы ғана емес, сондай-ақ істің нақты

мән-жайлары мен кінәлінің қасақана ниетінің бағыты да ескерілуі қажет» – деп жазылған [57].

Беларусь заңгерлері мен ғалымдары бұл мәселе бойынша әртүрлі пікірлер білдіріп, сот тәжірибесінде олқылықтар бар екенін алға тартқан. Заң ғылымдарының кандидаты, доцент В.И. Самарин ойыншық қару қолдану арқылы жасалған әрекеттерді қарақшылық деп тану үшін нақты қару қолдану қажеттігін атап өтеді. Оның пікірінше, қаруға ұқсас заттарды пайдалану қорқыту ретінде қарастырылып, қарақшылықтан басқа, тонау немесе басқа қылмыс құрамына жатқызылуы мүмкін [58, 45 б.].

Енді Украинаның қарақшылық қылмысына келсек. УР Қылмыстық кодексінің 187-бабы қарақшылық қылмысына арналған. Бұл бапта қарақшылық қылмысын қару немесе қару ретінде пайдаланылатын заттарды қолдану арқылы жасау ауырлататын мән жай ретінде қарастырылған [59].

Украина Жоғарғы Сотының Пленумы «Меншікке қарсы қылмыстар туралы істер бойынша сот практикасы туралы» 2009 жылғы 6 қарашадағы № 10 қаулысында «Қарақшылық (Қылмыстық кодекстің 187-бабы) – бұл бөтеннің мүлкін иемдену мақсатында жасалған шабуыл, ол жәбірленушінің өмірі мен денсаулығына қауіпті зорлық-зомбылық қолданумен немесе осындай зорлық-зомбылық қолданамын деп қорқыту арқылы жүзеге асырылады. Қарақшылық кезінде зорлық-зомбылық қолдану қауіпі – бұл жәбірленушіні қорқыту мақсатында оған дереу физикалық күш қолдану ниетін білдіру, ол оның өмірі мен денсаулығына нақты қауіп төндіруі мүмкін. Мұндай қорқытуға өлтіремін деп қорқыту, ауыр немесе орташа дәрежедегі дене жарақатын саламын деп қорқыту, сондай-ақ жеңіл дене жарақаты арқылы денсаулықтың бұзылуына немесе еңбекке қабілеттіліктің азаюына әкелетін әрекеттер жасауға ниет білдіру жатады. Егер нақты жағдайларда осындай әрекеттер ауыр зардаптарға әкелуі мүмкін болса, олар қарақшылық ретінде бағаланады. Ал тонау кезінде қолданылатын зорлық-зомбылық жәбірленушінің өмірі мен денсаулығына қауіп төндірмейтін сипатта болады» – деп көрсетілген [60].

Украинаның қылмыстық заңдары мен нормативтік құқықтық құжаттарында қарақшылық шабуылы барысында ойыншық қару қолдануға қатысты нақты бір анықтамалар мен сипаттамалар келтірілмеген. Дегенмен, сот тәжірибесінде шабуыл барысында егер жәбірленуші өзіне нақты бір қауіпті ұғынып, ойыншық қару екендігін білмей өмірімен денсаулығынан қауіптенсе және қару ретінде қабылдаса онда сот бұл қылмыстық істі қарақшылық қылмысы ретінде саралайды. Өз кезегінде, бұл жоғарыда көрсеткендей ауырлататын мән-жай ретінде қарастырылады. Ал жәбірленуші шабуыл кезінде ойыншық қару екендігін ұғынса, онда ҚК-тың басқа баптарымен саралайды.

Енді АҚШ-ның қарақшылық қылмысына қатысты заңнамаларына тоқталсақ. Қылмыстық заңдарындағы құқықтық нормалар негізінен федералдық және штаттық деңгейде қарастырылады. Қарақшылық қылмысының ережелері жалпыға ортақ Қылмыстық кодексінің (United States Code) «Hobbs Act» (18 U.S.C. § 1951) атты заңның 18-тарауының 2113-

бөлімімен ( әрі қарай «18 U.S.C. § 2113») реттеледі. Қарақшылық жасаған адамға қатысты жасаған қылмысының ауырлығына қарай 15 жылға дейін бас бостандығынан айыру жазасы қарастырылған. Сонымен қатар, осы заң бойынша банк немесе басқа да қаржы ұйымдарына жасалған қарақшылық қылмыстары үшін 25 жыл мерзімге дейін бас бостандығынан айыру жазасы қарастырылған. Бұл заң бойынша АҚШ-тағы кәсіпкерлерге немесе экономикалық қызметке әсер ететін күш қолданумен жасалған қарақшылық әрекеттерін ауыр қылмыс деп таныйды.

«18 U.S.C. § 2113» негізгі ережелері бойынша қарақшылық қылмысын ауырлататын мән-жайлар ретінде келесілерді қарастырған:

(a) тармағы: Күш қолдану, қорқыту немесе қорқыту әрекеттері арқылы кез келген банк, несие ұйымына немесе ақша жинау мекемесіне шабуыл жасау немесе олардың мүлкін жымқыру.

(d) тармағы: Қарақшылық шабуылы кезінде қару қолдану немесе жәбірленушіге ауыр дене жарақатын салу жағдайлары.

(e) тармағы: Қарақшылық барысында адам өлтіру немесе адам ұрлау әрекеттері [61].

Бұл ережелерге сәйкес, қарақшылық кезінде қару қолдану немесе ауыр зардаптар келтіру қылмыстың ауырлығын арттырады және қатаң жазаларға әкеледі.

Сонымен қатар, АҚШ-та әрбір штаттың өз қылмыстық кодексі бар, және көптеген штаттарда қарақшылыққа қатысты арнайы заңдар қабылданған. Мысалы, Калифорния штатында қарақшылық Қылмыстық кодекстің 211-бөлімімен (California Penal Code § 211) реттеледі, онда қарақшылық күш қолдану немесе қорқыту арқылы мүлікті ұрлау ретінде анықталады. Қару қолдану, зорлық-зомбылық көрсету немесе ауыр зардаптар келтіру сияқты ауырлататын мән-жайлар қатаң жазаларға әкеледі. Нью-Йорк штатында қару қолданылған қарақшылық үшін міндетті түрде 5 жылдан 25 жылға дейін бас бостандығынан айыру жазасы қарастырылған.

Қарақшылық қылмысына қатысты АҚШ заңнамасындағы негізгі ерекшеліктердің бірі – қару қолдану немесе қолдану қаупі. Егер қылмыс барысында атыс қаруы қолданылса немесе қолдану қаупі төндірілсе, жаза мерзімі айтарлықтай ұлғаяды. Мысалы, 18 U.S.C. § 924(c) бабына сәйкес, атыс қаруын қолдану немесе алып жүру қосымша 5 жылдан өмір бойына дейін бас бостандығынан айыру жазасын көздейді, бұл негізгі қылмыс үшін тағайындалған жазаға қосымша жаза ретінде қолданылады [62].

АҚШ-та қару қолдану арқылы жасалған қылмыстық әрекеттер «18 U.S.C.» заңның § 924 (c) тармағымен қосымша жазаланады. Бұл бөлім зорлық-зомбылық қылмыстары кезінде қару қолдануды немесе алып жүруді жеке қылмыс ретінде қарастырады және оған міндетті түрде қосымша ретінде қатаң жаза қолданылады.

Бұл баптың негізгі талаптары:

Егер адам қарақшылық қылмысын жасаған кезде қару қолданса немесе оның барын көрсетіп қорқытса, қосымша 5 жыл бас бостандығынан айыру жазасы тағайындалады;

Егер атыс қаруынан оқ атқан болса, міндетті түрде 10 жыл бас бостандығынан айыру жазасы қолданылады;

Егер шабуыл кезінде автомат түріндегі қару немесе соған ұқсас қарулармен жарылғыш заттар қолданылса, қосымша 30 жылға дейін бас бостандығынан айыру жазасы тағайындалуы мүмкін;

Осы аталған жазалар негізгі жазаға қосымша тағайындалады және шартты түрде босап шығу жазасына тиым салынады.

АҚШ заңнамасы қарақшылық қылмысына соның ішінде қару қолдануға қатысты қатаң жазалау саясатын ұстанады. Әсіресе қаруды қолданылған жағдайда жаза күшейтіледі. «Hobbs Act» және 18 U.S.C. § 924(c) заң нормаларына сәйкес, кез келген бөтеннің мүлікке қарсы шабуыл, егер күш қолдану зорлық-зомбылықпен немесе қорқыту арқылы жүзеге асса, ауыр қылмыс ретінде қарастырылады және жоғары деңгейдегі жаза тағайындалады.

Қорытындылай келе, қылмыстық құқықтық саласында шетелдік тәжірибелерді зерттеу және олардың осы тұрғыда заң нормаларының ұтымды тұстарын алып, еліміздің қарақшылық қылмысының құқықтық аспектілерін нығайтуға және заңнаманы жетілдіру бағытында қажетті, тиімді шараларын енгізу арқылы, азаматтардық конституциялық құқықтарының сақталуына мүмкіндік береді.

### 2.3 Қарақшылық үшін жауаптылықтың түрлері және қылмыстық істер бойынша дәлелдеу субъектілерінің қызметін оңтайландыру

Қылмыстық құқықтың маңызды және негізгі институттарының бірі қылмыстық қол сұғушылық жасағаны үшін кінәлі тұлғаға тағайындалатын жаза түрлері. Бұл институт қылмыспен күресу және қылмыстың алдын алу мәселесінде үлкен рөл атқарады. Бөтеннің мүлкін жымқырудың қылмыстық түрі ретінде қарақшылық та осы ережеден тысқары қалмайды. Осыған байланысты, қарақшылық үшін тағайындалатын жауаптылықтың тиімділігін талдап, оларды меншікке қарсы басқа қылмыс құрамдарымен салыстыру орынды болмақ. Және де қарақшылық барысында қару немесе қаруға ұқсас заттарды пайдалану мәселесі қылмыстық-құқықтық және процессуалдық тұрғыдан күрделі аспектілердің бірі.

Қарақшылық қылмысы бойынша жауаптылықтың түрлерін және қару қолдануға байланысты сот тәжірибесіндегі туындаған мәселелерді зерттеу – құқық қорғау органдарының қызметі мен сот процесін жақсарту және қарақшылық қылмыстарының заңдық нормаларының саралануын нақтылау үшін маңызды.

Талдауды қарақшылық қылмысының әртүрлі құрамдарынан ауыр және аса ауырлататын жағдайлармен жасалған (ҚР ҚК 192-бабының 2 және 4-

бөлімдері) қылмыстарға байланысты жазаларды қарастырудан бастайық. Алдымен, заң шығарушы орган қарақшылық қылмысы үшін тек екі жаза түрін белгілегенін атап өту қажет:

- Белгілі бір мерзімге бас бостандығынан айыру жазасы – негізгі жаза ретінде қаралады;

- Мүлкі тәркіленуі (айыппұл) – мүмкін немесе міндетті қосымша жаза ретінде қаралады.

Енді қарақшылық қылмысы үшін тағайындалатын жазаның мерзімдеріне тоқталып өтейік. Қазіргі қылмыстық заңнамамызға сәйкес кінәлі тұлғалар қарақшылық жасағаны үшін бас бостандығынан айырудың төмендегіше мерзімдері қарастырылған:

192-бабының 1-бөлігі бойынша жауаптылық – үш жылдан жеті жылға дейін;

192-баптың 2-бөлігі бойынша жауаптылық – бес жылдан он жылға дейін;

192-баптың 3-бөлігі бойынша жауаптылық – жеті жылдан он екі жылға дейін;

192-баптың 4-бөлігі бойынша жауаптылық – он жылдан он бес жылға дейін.

Демек, қарақшылық үшін жазаның ең төменгі мерзімі үш жыл болса, ал аса ауырлататын жағдайлармен жасалған қарақшылық үшін (192-баптың 4-бөлігі) ең жоғарғы мерзімі он бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыру жазасы көзделген.

Енді, қарақшылық қылмысының ең төменгі сатысы (ҚР ҚК-ның 192-бабының 1-бөлігі) бойынша қарастырылған жаза түрлерін талдап көрейік. Бұл бап бойынша жаза үш жылдан жеті жылға дейінгі аралықтағы мерзімге бас бостандығынан айыруды және мүлкін тәркілеуді көздейді.

Еске сала кетсек, қарақшылық қылмысының объективтік жағы бөтеннің мүлкін жымқыру мақсатында шабуыл жасаудан тұрады. Бұл ретте кінәлі тұлға өзінің қылмыстық ниетін жәбірленушінің денсаулығына зиян келтіру арқылы оның меншігіне қол сұғумен жүзеге асырады. Яғни, қарақшылық әрекетін жасау барысында заңмен қорғалатын екі объектіге бір уақытта зиян келтіріледі. Жәбірленушінің өмірімен денсаулығына қатысты қоғамдық қатынастар және меншік құқығына қатысты қоғамдық қатынастар.

Сөйтіп, қарақшылық бір мезетте қосарланған әрекеттен тұрады және оның ерекше сипаты дәл осы екі объектіге бағытталған қылмыстық қол сұғуда. Мұндай қос әрекет үшін заң шығарушы орган жоғарыда көрсетілген мерзімдегі бір ғана жазаны қарастырып отыр.

Келесі, жәбірленушінің өмірі мен денсаулығына қауіпті күш қолдану немесе қолдану қатерін туғызу әрекеттеріне және мүлікті жымқыру қылмысына жеке-жеке тағайындалған жазаларды қарастырып, оларды қарақшылық үшін белгіленген жазамен салыстырып көрейік. Осы салыстыруды нақты және әділ жасау үшін қылмыстық әрекеттердің негізгі құрамдарына қатысты ең төменгі жаза мөлшерлерін талдап көрейік.

ҚР Жоғарғы Сотының 2003 жылғы 11 шілдедегі «Бөтеннің мүлкін заңсыз иемдену жөніндегі істер бойынша сот тәжірибесі туралы» қаулысында «адам өмірі мен денсаулығына қауіпті зорлық-зомбылық деп қарумен немесе қару ретінде пайдаланылған, денсаулыққа зиян келтіруге бейімделген өзге де заттармен денсаулыққа зиян келтіруді, сондай-ақ жәбірленушінің денсаулығына ауыр немесе орташа ауырлықтағы зиян келтіруге әкеп соққан өзге де зорлық-зомбылықты түсіну керек» - деп анықтама берілген [7].

Сонымен қатар, мұндай күш қолдану (зорлық-зомбылық) әрекеті барысында нақты зиян келтірмесе де, қолдану сәтінде жәбірленушінің өмірі мен денсаулығына шынайы қауіп төндірген жағдайда қауіпті деп саналуға жатады.

Осы қаулыға сәйкес, жәбірленушінің өмірі мен денсаулығына қауіпті күш қолдану деп (ҚР ҚК 192-бабы 1-бөлігі) келесілер танылады:

- жәбірленушінің денсаулығына ауыр немесе орташа ауырлық дәрежедегі зиян келтіру;
- денсаулыққа жеңіл зиян келтіру, егер ол қысқа мерзімді денсаулықтың бұзылуына немесе жалпы еңбекке қабілеттіліктің шамалы, бірақ уақытша жоғалуына алып келсе [7].

Бұл аталған түсініктер күш қолдану әрекеттерінің қарақшылық құрамындағы маңыздылығын және кінәлінің жәбірленушіге тікелей әсерін анық көрсетеді.

Біздің әдістемелік көзқарасымыз бойынша денсаулыққа ауыр зиян келтіруді қарастырмауға болады, өйткені бұл әрекет қарақшылықтың ерекше сараланған белгісі ретінде бөлек қарастырылады (ҚК ҚК 192-бабының 2-4 бөлігі). Сондықтан, қарақшылықтың негізгі құрамында қасақана жәбірленушінің өмірі мен денсаулығына қауіпті денсаулыққа жеңіл зиян келтіруді (ҚР ҚК 108-1-бабы) және денсаулыққа орташа ауырлықтағы зиян келтіруді (ҚР ҚК 107-бабы) қамтиды.

Бірінші жағдайда, жаза ретінде ең төменгі санкция түрі, екі жүз айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға немесе сол мөлшерде түзеу жұмыстарына, немесе екі жүз сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға, немесе елу тәулікке дейінгі мерзімге қамаққа алуды қарастырады [5].

Екінші жағдайдағы ең төменгі санкция түрі, бір мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға немесе сол мөлшерде түзеу жұмыстары немесе алты жүз сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тарту немесе екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыру көзделеді. [5].

Бөтеннің мүлкін жымқырудың бір түрі, яғни мүлде күш қолданусыз, бірақ қарақшылықпен өзара байланысты сипатқа ие болған әрекет, қылмыстық заңнамада ұрлық (ҚК ҚК 188-бабы) ретінде қарастырылады. Мұнда кінәлі тұлға қылмыс жасаған сәтте меншік иесінің еркіне қарамастан мүлікті жасырын заңсыз иемденіп, өз пайдасына айналдырады. Бұл әрекет тонауға жатпайды,

себебі тонау барысында ашық түрде күш қолданылады, бірақ ол қарақшылықтағыдай қауіпті қарқынға ие болмайды. Ұрлық жасағаны үшін негізгі құрам бойынша ең төменгі санкция түрі, бір мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға немесе сол мөлшерде түзеу жұмыстарына немесе сегіз жүз сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тарту немесе үш жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеу немесе сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады [5].

Егер кінәлі тұлға алдымен бөтеннің мүлкін ұрлап, содан кейін денсаулыққа қасақана жеңіл зиян келтірсе, бұл әрекеттер қылмыстар жиынтығын құрайды (ҚР ҚК 108-1 және 188-баптары). Бұл жағдайларда ең төменгі жаза екі жағдайда да айыппұл салу (басқа балама) болып табылады. Қылмыстар жиынтығы бойынша, ҚК ҚК 58-бабына сәйкес, егер басқа мән-жайлар болмаса, жазаның соңғы түрі екі айыппұлдың толық немесе ішінара қосындысы негізінде анықталады. Айыппұлдың түпкілікті мөлшері ұрлықпен денсаулыққа жеңіл зиян келтіруге арналған айыппұлдардың әртүрлі екенін ескере отырып, сот шешіміне байланысты есептеледі. Сондықтан бұл нақты санның маңыздылығы жоқ.

Алайда, егер сол мүлік әрекет барысында шабуыл жасау арқылы ұрланатын болса, онда бұл әрекет қарақшылық құрамын құрайды. Қарақшылық бойынша, жоғарыда айтылғандай, негізгі құрам үшін ең төменгі жаза үш жыл бас бостандығынан айыруды және қосымша мүлкін тәркілеуді қамтиды. Көріп отырғанымыздай, бір жағынан – тек айыппұл, ал екінші жағынан – бас бостандығынан айыру (мүмкін болатын мүлікті тәркілеумен). Бұл жазалардың арасындағы айырмашылық өте үлкен.

ҚР Қылмыстық кодексінің 40-бабына сәйкес, осы екі жаза түрінің арасында көптеген басқа жаза түрлері қарастырылған:

- белгілі бір лауазымды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыру;
- арнайы, әскери немесе құрметті атақтардан, сыныптық шендерден және мемлекеттік марапаттардан айыру;
- қоғамдық жұмысқа тарту;
- түзету жұмыстары;
- әскери қызмет бойынша шектеу;
- бостандығын шектеу;
- қамауға алу;
- тәртіптік әскери бөлімде ұстау. т.б [5].

Басқаша айтқанда, еліміздің қазіргі қолданыста жүрген қылмыстық заңнама бойынша, айыппұл салу мен бас бостандығынан айыру жазасының арасында дерлік жазалаудың барлық сатылары орналасқан.

Тіпті айыппұлды бөлек ұрлық үшін және жеңіл зиян келтіру үшін бөлек тағайындап, бұл жазаларды қарақшылық (күш қолдану мен ұрлау) жазасымен салыстырғанда, қарақшылықтың әлдеқайда өрескел қауіпті қылмыс болып саналатыны сөзсіз айта аламыз. Бұл екі әрекеттің (күш қолдану мен ұрлық) бір

уақытта жүзеге асырылуы оның қоғамға қауіптілігін арттырады. Бірақ мұндай жазалар арасындағы үлкен алшақтық ақыл тұрғысынан және әлеуметтік әділеттілік принциптеріне қайшы келетіндей көрінеді.

Айырмашылық әсіресе, егер ұрлық (бір мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі айыппұл) пен орташа ауырлықтағы денсаулыққа зиян келтіру үшін тағайындалатын ең жоғары (екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға) жаза мен қарақшылық үшін тағайындалатын ең төменгі жазаны (үш жыл бас бостандығынан айыру (мүмкін болатын мүлікті тәркілеумен) салыстыратын болсақ айқын көрінеді.

Жоғарыда айтылғандар қылмыстық заңнамада қарақшылық пен басқа мүлікті ұрлауға немесе күш қолдануға байланысты қылмыстар үшін көзделген санкциялардың арасындағы үйлесімділікке күмән тудыратынын көрсетеді. Мысалы, денсаулыққа ауыр зиян келтіру қарақшылықтың ерекше сараланған белгісі ретінде қарастырылады (ҚР ҚК 192-бабының 2-бөлігінің 5 тармағы). Ал қарақшылықтың басқа бір аса сараланған құрамында (192-баптың 4-бөлігі) күш қолданумен байланысты белгі мүлдем жоқ.

Сонымен бірге, қарақшылықтың негізгі құрамында (192-баптың 1-бөлігі) бірден екі әрекет қамтылған: денсаулыққа жеңіл зиян келтіру және орташа ауырлықтағы зиян келтіру. Алайда, бұл екі қоғамға қауіпті әрекет заң бойынша көзделген санкциялар тұрғысынан бір-бірінен едәуір ерекшеленіп тұр. Құқықтық әдебиеттерде мұндай шешімнің қателігі көптеген әділ сынға ұшырап отыр. [27, 223 б.].

Шынында да, біз көрсеткендей, қарақшылық үшін көзделген санкциялар мен ұрлық пен күш қолдану сияқты салыстырмалы қылмыстар үшін жаза мөлшерлерінің арасындағы айырмашылық біршама жоғары, әсіресе денсаулыққа жеңіл зиян келтіру жағдайында айқын көрінеді. Осыған байланысты, қазіргі жағдайдағы жауаптылық мәселелеріне өзгерістер енгізіп, оны неғұрлым оңтайлы етуге болады. Мұнда егер кінәлінің әрекетінде өмірге қауіпті жағдай анықталмаса денсаулыққа жеңіл зиян келтіруді «өмір мен денсаулыққа қауіпті күш қолдануды» құрамынан алып тастап, бұл түрдегі күш қолдануды қарақшылық құрамынан тонау қылмысының құрамына көшіру арқылы жүзеге асыруға болады. Немесе қарақшылықтың бірінші бөлігіндегі қылмыстық жауаптылықтың жазасын екі жылдан алты жылға дейін қысқартып қарастыруға болады.

Қарақшылықтың негізгі құрамы бойынша санкцияларды талдап, зерделеу нәтижелері осы мәселенің мәнін жеткілікті дәрежеде көрсетеді. Бұл мәселе қарақшылық қылмысы үшін қылмыстық жауаптылықпен жеке тұлғаға және меншікке қарсы басқа да қылмыстарға байланысты жауапкершілік арасындағы оңтайлы теңгерімді табуға бағытталған.

Ең алдымен, ҚР Қылмыстық кодексінің 192-бабында қарастырылған ауырлататын жағдайдағы қарақшылыққа тоқталайық. Мұнда жаза жеті жылдан он екі жылға дейінгі бас бостандығынан айыруды және қосымша мүлкін тәркілеу сынды жауаптылықтарын қамтыған. Ауырлататын белгі ретінде

жәбірленушінің денсаулығына ауыр зиян келтіріу және абайсызда адамның өліміне алып келген денеге ауыр зиян келтіру қарастырылған.

Егер, денсаулыққа ауыр зиян келтірудің өзіне (мысалы, ҚР ҚК 106-бабы бойынша) жүгінсек, мұнда заң шығарушы ауырлататын белгі ретінде «ауыр зиян келтіру» ұғымын келтіріп отыр. Бұл кез келген ауыр зиян келтіру, оның ішінде жәбірленушінің абайсызда өліміне әкелген ауыр зиян келтіру (106-баптың 3-бөлігі) қарақшылық қылмысының үшінші бөлігінің құрамына енгізілген дегенді білдіріп отыр. Осы бап бойынша сегіз жылдан он екі жылға дейін бас бостандығынан айыруды қамтып отыр.

Ал, қарақшылық барысында абайсызда жәбірленушінің өліміне әкелетін қылмыстар үшін жаза жеті жылдан он екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруды қарастырған. Бұл қарақшылық, соның ішінде денсаулыққа ауыр зиян келтіру және мүлікті ұрлау, сонымен қатар, жәбірленушінің өліміне әкелген ауыр зиян келтіру сияқты бірнеше жазаларға тартылады. Мұндай жағдайда заң шығарушы органның логикалық, әлеуметтік әділеттік принциптеріне және ҚР Қылмыстық кодексінің 52-бабында бекітілген қылмыстық жаза тағайындау принциптеріне қайшы келеді. Себебі, абайсызда өлімге алып келген денсаулыққа ауыр зиян келтіру және мүлікті тонау, ұрлау тәрізді қылмыстарды жиынтығы ретінде қарастырғанда, тек денсаулыққа ауыр зиян келтірумен салыстырғанның өзінде қаталырақ жазаға тартылуы тиіс. Мысалы ұрлықпен жәбірленушінің өліміне әкелген ауыр зиян келтіру сияқты жазаларды қоса есептеп тоғыз жылдан бастап, он екі жылдан астам мерзімге бас бостандығынан айыру сияқты жаза тағайындалуы қажет.

Сондықтан, шабуыл кезінде жәбірленушінің денсаулығына ауыр зиян келтіру сияқты ауырлататын жағдайдағы қылмыстың белгісі бар қарақшылық үшін көзделген жазаны қайта қарау орынды болып табылады.

Осы орайда, ғалым В.И. Коваленко өз еңбегінде Қылмыстық кодексте қарақшылық қылмастырының ауырлататын жағдайлары бойынша санкцияларды 15 жылға дейін бас бостандығынан айыруға дейін ұлғайтуды ұсынады. Ол өз еңбегінде қарақшылық кезінде қарудың халық арасында бақылаусыз таралуы мен қарулы қылмыстың өсуі қарақшылықты қару қолдану арқылы жасағаны үшін жазаны қатаңдату қажеттігін негіздеп отыр [63, 9 б]. Ал, Б.Г. Карганова өз еңбегінде жазықсыз адамды өлтіру (ауырлататын мән-жайларсыз) үшін жазаның мерзімі алты жылдан он бес жылға дейін, ал ерекше сараланған қарақшылық үшін сегіз жылдан он бес жылға дейін бас бостандығынан айыру және міндетті түрде мүлікті тәркілеу екенін атап өтеді [64, 15 б.].

ҚР Қылмыстық кодексінің 3-бөлімінде қарастырылған қылмыстық жаза тағайындаудың жалпы қағидаттары ең алдымен қылмыс жасағаны үшін кінәлі деп танылған тұлғаға әділ жаза тағайындау қажеттілігін алға тартады. Қылмыстық заңда белгіленген әрбір жаза тағайындау қағидаты жеке маңызға ие, олардың жиынтығы әділ жазаны тағайындауды қамтамасыз етеді. Әділ жаза

тағайындау тұтастай алғанда қылмыстық құқықтың негізгі принциптерінің бірі болып табылады [65, 88 б.].

Қорыта айтқанда, меншікке қарсы қылмыстардың бірі ретінде қарақшылық шабуыл үшін әртүрлі тарихи кезеңдерде еліміздің және шетелдік заң ғалымдарының еңбектерінде жазалау шараларының шектеулі тізімін енгізгенін атап өту қажет. Қазіргі таңда, бас бостандығынан айыру жазасы негізі, ал мүлкін тәркілеу тағыда басқалар қосымша жаза ретінде қолданылуда. Жалпы алғанда, елімізде қарақшылық қылмысы үшін жаза деңгейін біртіндеп жетілдіру үрдісі байқалады. Бұрынғы Кеңес Одағы кезіндегі империялық кезеңдерде өлім жазасы сияқты ауыр жаза түрлері қолданылған еді.

Бөтеннің меншігіне қарсы бағытталған қылмыстық істер соның ішінде қарақшылықты тергеп-тексеру барысында дәлелдеу субъектілерінің қызметін оңтайландыру және жетілдіру аса маңызды, себебі қылмыстық процесті жүргізудің тиімділігі, іс бойынша дәлелдемелерді дұрыс жинау, бағалау және оларды соттардың өндірісінде пайдалану сапасына тікелей байланысты.

Еліміздің заңнамасы бойынша қылмыстық процестің дәлелдеу субъектілері ретінде тергеушілер, жедел-ізвестіру және анықтау органдары, прокурорлар және соттар әрекет етеді. Олардың басты міндеті – заңның құқықтық нормаларын сақтап қылмыстық әрекеттерін дәлелдеу, кінәлі тұлғалардың жасаған қылмысына сай заңды түрде жауапкершілікке тартылуын қамтамасыз ету және жәбірленушілердің құқықтарын қорғау. Дегенмен, қазіргі уақытта қарақшылық істері бойынша тәжірибеде қылмыстық заңның олқылықтары көрініп, дәлелдеу субъектілерінің қызметін жетілдіру қажеттілігі бірнеше себептерге байланысты өзекті болып отыр.

Қарақшылық істері бойынша дәлелдемелерді жинау және тергеп-тексеру амалдары ҚР ҚПК-де көзделген нормаларға сәйкес жүргізіледі. ҚР ҚПК-і дәлелдемелерді жинаудың заңдылығын, объективтілігін, жеткіліктілігі және дәлелдеу субъектілерінің өкілеттіктерін нақты реттеуге қойылатын талаптарды белгілейді.

Қылмыстық процеске қатысушы дәлелдеу субъектілері мынадай негізгі функцияларды орындайды:

Тергеушілер – қылмыстық істі тіркеп, ашу және іске қатысы бар кінәлілерді анықтау мақсатында дәлелдемелер жинайды, оларды тексеріп қажеттілігіне сай процессуалдық құжаттарға тіркеп, нақты процессуалдық шешімдерді шығарады және қажеттіліктеріне қарай прокуратураға қадағалау үшін жолдайдап, әрі қарай тергеу сотына заңдылығын бекітеді.

Жедел-ізвестіру (анықтау) органдары – күдіктілерді анықтау, оларды ұстау және айғақтарды жинау үшін жедел іс-шаралар жүргізіп, қылмыстық істің ашылуын жүзеге асырады.

Прокурорлар – қылмыстық істе тергеудің заңдылығын қадағалайды, айыптау актісін (бекітеді) дайындайды және сотта айыптауды қолдайды.

Сот – жиналған дәлелдемелерді талдап, олардың заңдылығын тексеріп, кінәлі тұлғаға қатысты үкім шығарып, кінәлі тұлғаны жауаптылыққа тарту мәселесін қарап шешім шығарады.

Қарақшылық қылмыстарын тергеп-тексеру және оларды дәлелдеу процесінде келесідей негізгі дәлелдемелер мен әрекеттер қолданылады:

- Жәбірленушінің, куәгерлердің айғақтары қылмыс жасаған тұлғаның бет-әлпеті, жасаған әрекеттері, қолданған қаруы, қылмыс жасау тәсілі туралы маңызды ақпарат береді.

- Оқиға орнының қарау және іске айғақ болатын заттай дәлелдемелерді алып қылмыстық іске қоса тіркеледі. Оқиға орнында бейнебақылау жазбалары қылмыстың жасалу сәтін түсіріп, кінәлі тұлғалардың әрекеттерін дәлелдеуге және оқиғаның шынайылығын ашуға көмектеседі.

- Қару немесе қаруға ұқсас заттар анықталса қылмыс жасау барысында қолданылған іс-әрекеттің заңдық бағасын анықтап, қылмыстық істі саралауда маңызды рөл атқарады.

- Сараптамалық зерттеулер – сот-медициналық, криминалистикалық және балестикалық, доктископиялық, трасологиялық, ситуациялық, генетикалық сараптамалар қарақшылық кезінде қолданылған күш қолданудың немесе күш қолдану қатерін сипатын анықтауға мүмкіндік береді.

Көп жағдайда тергеу органдарының қарақшылық қылмыстық істерді тергеп-тексеру кезінде туындайтын әр-түрлі жағдайлардың қалыптасуына көбінесе объективті және субъективті факторлардың әсері болады. Объективті факторларға тергеу әрекеті кезінде қылмыстық іске қатысушы тұлғалардың физикалық әрекеттері жағдайдың өзгеруіне себеп болады. Мысалы ретінде келтіретін болсақ;

- тергеушінің қолында дәлелді және нақты бағдарлаушы ақпараттың болуы. Бұл тергеліп жатқан қылмыстық істің механизміне және оның қоршаған ортада іздерінің пайда болу жағдайларына байланысты;

- әлі қылмыстық істің пайдаланылмаған дәлелдемелік ақпарат көздерінің және бағдарлаушы ақпаратты беретін сенімді арналарының болуы және орнықтылығы;

- іс бойынша дәлелдемелердің жойылу процестерінің қарқындылығы және осы процестерге әсер ететін факторлардың күшін бағалау;

- қазіргі уақытта тергеушінің және анықтау органының қарамағында қажетті деңгейдегі күштердің, құралдардың, уақыттың болуы және оларды оңтайлы пайдалану мүмкіндігі мен маңыздылығы;

Субъективті факторларға тергеуге қатысушылардың және сот ісін жүргізу саласына белгілі бір дәрежеде тартылған басқа адамдардың әрекеттері мен мінез-құлқынан туындаған себептер жатады:

- қылмыстық іс бойынша маңызы бар қатысушы тұлғалардың психологиялық жай күйі;

- тергеушінің психологиялық жағдайы, оның білімі мен іске дағдыларының деңгейі, қылмыстық істі ашуға бағытталған практикалық тәжірибесі;

- тергеушінің күтпеген төтенше жағдайларда шешімдерді дұрыс қабылдай білуі және оны іске асыру қабілеті;

- қылмыс жасаған тұлға мен оның байланыстары, кейде жәбірленуші тарапына қысымды жасап шындықты айтқызбау;

- тергеудің жан-жақты қолайлы (жанжалсыз) ағымы;

- тергеушінің тергеу амалдарын тергеу үшін қолайлы жаққа өзгертуге бағытталған күш-жігері;

- тергеушінің, жедел уәкіл қызметкердің, куәгерлердің қате әрекеттерінің салдары;

- алдын ала тергеу деректерін жария етудің салдары (ҚПК-нің 201-бабын бұза отырып);

- жәбірленушінің немесе іске қатысты тергеліп жатқан тұлғалардың немесе оқиғаға қатысы жоқ адамдардың күтпеген әрекеттері.

Осы аталған факторлардың әсері мен нәтижелердің қатаң сақталуы тергеу әрекеті кезінде қылмыстық іс-әрекет жасаған күдікті тұлғаны анықтауға мүмкіндік береді. Яғни, тергеуші қылмыстық істі ашу кезінде қажет болатын тергеу жағдайларының жиынтығы деп қарастыруға болады.

Тергеу жағдайын құрайтын жиынтық жүйесі келесі компоненттер (шарттар) тобынан тұрады:

а) психологиялық сипаттағы: тергеліп жатқан іс бойынша өтіп жатқан қатысушылардың психологиялық жағдайы, істі тергеп жатқан тергеушінің психологиялық жағдайы, тергеуші мен оған кедергі келтіріп тұрған адамдар арасындағы қақтығыстың нәтижесі, тергеудің жан-жақты қолайлы (жанжалсыз) ағымы және т. б.;

б) ақпараттық сипаттағы: тергеушінің жан-жақты хабардарлығы (қылмыстың мән-жайлары, болжамды дәлелдер, оларды анықтау мүмкіндіктері және сарапшы зерттеулері, маңызды қатысушыларды жасыру орындары, анықтау органдарының ниеттері, тергеуге қарсы тұлғалар және т. б.), тергеушіге және іс бойынша өтіп жатқан өзге де адамдарға мән-жайлардың (тергеуші мен куәгерлердің хабардар болу дәрежесі туралы, табылған дәлелдемелер туралы, тергеушінің ниеті туралы және т. б.) хабардар болуы, тергеуді және құпияны жария етудің салдары және т. б.;

в) процессуалдық және тактикалық сипаттағы: қылмыстық іс бойынша іс жүргізудің, дәлелдемелердің және олардың шығу көздерінің жай-күйі, әлі қылмыстық іс бойынша пайдаланылмаған сенімді ақпарат көздерінің болуы, қажетті бұлтартпау шарасын таңдау және іс бойынша өтіп жатқан жаңадан қосылған қатысушы тұлғаларды бір-бірінен оқшаулау мүмкіндігі, нақты мән-жайды анықтайтын тергеу әрекетін жүргізу, күтпеген тактикалық тәуекелдің болуы және оны азайту мүмкіндігі, қылмыскер мен оның таныстары тарапынан істі ашуға кедергі келтірулерді болдырмау, кейде жәбірленуші мен куәгерлер,

анықтау органдардың, куәгерлердің, жәбірленушілердің мамандар мен сарапшылардың дұрыс емес әрекеттерінің салдарына дайын болуы және т. б.;

г) материалдық және ұйымдастырушылық-техникалық сипаттағы: кезекші бөлім мен жедел-тергеу тобы арасындағы өзара тығыз байланыстар, құқық қорғау органдарының есепке алу аппараттарынан іс бойынша қажетті ақпаратты беру және қабылдау құралдарының болуы, қажетті материалдарға сұрау салу бойынша іздестірудің жылдамдығы мен нақтылығы, қолма-қол ақша және мобильді құрылыстармен аударымдарды бақылау мүмкіндігі және т. б.

Осы компонентердің өз-ара бір-бірімен үйлесуі тергеу жағдайының мазмұнын ашып, қалыптасуына әсер ететін факторлардың нәтижесі болып табылады және өз кезегінде бұл әрекеттер қылмыстық істі ашу кездегі әрбір тергеу жағдайының жеке сипатын анықтайды.

Қарақшылық қылмысы қоғамға қауіпті болып ғана қоймай тергелуі барысынан да күрделі қылмыстық істер қатарына жатады. Себебі қылмыстық істе бірден екі объектіге қол сұғатын болғандықтан кінәлі тұлғаның ойын мақсатын жоспарын жәбірленушінің жай-күйін анықтау маңызды. Тергеуші қылмысты ашудың бастапқы кезеңдеріннен ақ, өзіне жеткілікті уақытты қолдана отырып, қылмысқа қатысты кінәлі тұлғалардың мүмкіндігінше барлық ақпараттарын анықтап, шешілуі қиын мәселелерді күрделілік дәрежесіне қарай бөліп нақты жоспар бойынша жоғарыдағы компонентерді ескере отырып әрекет ету керек.

Қылмыс бойынша жеткіліксіз ақпараттардың көлемі мен сипаты бойынша тергеу жағдайлары келесі түрлерге бөлінеді, оларда:

- қылмыскер туралы толық ақпарат жоқ немесе толық емес;
- тергеліп жатқан оқиға туралы толық ақпарат жоқ;
- нақты қылмыс туралы да, жәбірленушілер туралы да толық емес әлі анықталмаған мәліметтер бар.

Қарақшылық қылмыстары туралы істер бойынша тергеудің алғашқы кезеңдерінде әдетте келесі жағдайлар орын алады:

- полиция органдарына қарақшылық қылмысы туралы ақпарат қылмыс жасалу сәтінде келіп түскен;
- келіп түскен мәліметтер нақты адамдардың қылмыс жасағаны туралы болады, алайда қылмыскерлер оқиға орнынан қашып кеткен;
- белгісіз адамдардың полиция органдарына қарақшылық шабуыл жасау фактісі туралы ақпараттар болып кеткен соң, біршама уақыттан кейін келіп түскен.

Қорыта айтқанда, қарақшылық қылмысы үшін заңнамамызда қатаң жауапкершілік белгілегенімен, бұл қылмыс түрін тергеп-тексеру және кінәлілерді әділ жазаға тарту барысында бірқатар құқықтық жағынан мәселелер туындайды. Сондықтан қылмыстық жауапкершілікті жетілдіру және дәлелдеу субъектілерінің қызметін оңтайландыру, қылмыстық тергеу және сот процесінің тиімділігін арттыру басты міндеттерінің бірі болып табылады. Жүргізілген зерттеу жұмысы барысында қарақшылық қылмысын жасағаны

үшін тағайындалатын жазаның заңдылығы мен негізділігі жан-жақты толық талданып, бірқатар кемшіліктері анықталды. Атап айтқанда, қарақшылық үшін белгіленген жаза мен басқа бөтеннің мүлкіне қарсы жасалатын қылмыстарға қолданылатын жаза арасындағы сәйкессіздіктер, ауырлататын мән-жайлар арқылы жасалған кезде тағайындалатын жазаның жеткіліксіздігі, тергеу мен дәлелдеу процесінде жедел-ізвестіру шараларын жетілдіру қажеттілігі анықталып, ұсыныстар келтірілді.

Қарақшылық қылмысын тергеу барысында дәлелдеу субъектілерінің жылдам әрі үйлесімді әрекет етуі өте маңызды. Осы ретте жедел-ізвестіру органдарымен тергеушілердің өзара әрекеттестігін күшейту, оқиға орнын қарап тексеру, болған жағдайда бейнебақылау жазбаларын алу, қажеттілігіне қарай сараптамаларды тағайындау қажеттілігі туындайды. Сонымен қатар, кінәлінің әрекетіне нақты баға беру, жәбірленушіге келтірілген зиянды анықтау, оқиғаның мән-жайларын толық ашу қылмыстық істердің әділ шешілуіне ықпалын тигізеді. Қылмыстық-құқықтық саясатты жетілдіріп, заң үстемдігін арттыру мақсатында қарақшылық қылмысына тағайындалатын жазаның әділдігін қамтамасыз ету және оның қауіптілік деңгейін ескере отырып, ауырлығына қарай сәйкестігін арттыру қажет. Қарақшылықтың жеңіл және ауырлататын нысандары бойынша жауаптылықты қайта қарау, сот тәжірибесіндегі біргеліктілікті қалыптастыру және өз кезегінде құқық қорғау органдарының кәсіби даярлығын жетілдіру маңызды. Қылмыстық істің толық сапалы тергелуі және сот процесінде әділ қаралуы, әділеттілікті қамтамасыз етудің маңызды факторы болып есептеледі. Осы бағыттағы кешенді шаралар жүйесі қарақшылықтың алдын алуға және тергеуді тиімді жүргізуге мүмкіндік беретіні сөзсіз.

2.4 Практикада қару қолдануға қатысты проблемалық мәселелер және қолданыстағы заңнамаларға өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы ұсыныс

Жоғарыда атап көрсеткіміздей қарақшылық қылмыстық істерін тергеу кезінде, соның ішінде қаруға ұқсас заттарды пайдаланып жасаған кезде, заң нормаларындағы олқылықтарға байланысты қылмыстық істі дұрыс сараламау мәселелері туындап жатады және де осы жағдай диссертациялық жұмысты бастауға және талдап өз ұсыныстарымды ұсынуға түрткі болды.

Алдыңғы бөлімде атап көрсеткеніміздей, Ресей және Беларусь елдеріндегі сот тәжірибесінде ойыншық қаруды қолдану арқылы жасалған қарақшылық қылмыстарын шынайы қару қолданумен бірдей дәрежеде қарастырылады. Өйткені қылмыс жасаған тұлғаның бастапқы қылмыстық ойымен жәбірленушінің қауіпті өзіне қабылдауы мен психологиялық жай-күйіне әсер ету факторы маңызды саналады. Қару қолдануға қатысты дәлелдеу процесі нақты регламенттелген, бұл тергеу тиімділігін арттыруға және сот процестерінің объективтілігін жан-жақты қамтамасыз етіп, кінәлі тұлғаларды

жасаған нақты қылмыстық іс-әрекеті бойынша жауаптылыққа тартып, заң нормаларының сақталуына мүмкіндік береді.

Ал, еліміздің Қылмыстық кодексінің 192-бабының 2-бөлігі 4-тармағында «қарақшылық, яғни бөтеннің мүлкін жымқыру мақсатындағы шабуылға ұшыраған адамның өміріне немесе денсаулығына қаруды немесе қару ретінде пайдаланылатын заттарды қолданып қауіпті күш қолданумен немесе тікелей осындай күш қолдану қатерін төндірумен ұласқан шабуыл» – деп анықтама берілген [5]. Бұл өз кезегінде қару қолданып жасаған іс-әрекеттер тонау қылмыстарындағы ауырлататын жағдайлармен ұқсас болып келеді.

Енді осы қылмыстық әрекет барысында қару ретінде пайдаланылатын заттарға қатысты еліміздің заңнамалық нормаларындағы ережелерге келсек. Көп жағдайларда сот тәжірибесінде кінәлі тұлғаларды жауаптылыққа тартуда Қылмыстық заңнамадан кейін қолданылатын ҚР Жоғарғы Сотының 2003 жылғы 11 шілдедегі «Бөтеннің мүлкін заңсыз иемдену жөніндегі істер бойынша сот тәжірибесі туралы» №8 нормативтік қаулысында берілген анықтамаларға жүгініледі.

Қаулының 21-тарауында қарақшылық кезінде қару қолдануға қатысты істерді қарған кезде, ««Жекелеген қару түрлерінің айналымына мемлекеттік бақылау жасау туралы» Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 30 желтоқсандағы № 339 заңына сілтеме жасап, маманның немесе сарапшының қорытындысымен қару деп танылған тірі немесе басқа нысананы жоюға арналған құрылғылар мен заттарды қару деп түсіну керек. Қаруды немесе қару ретінде пайдаланылатын заттарды қолдану деп олардың көмегімен іс жүзінде жәбірленушінің өмірі мен денсаулығына зиян келтіруді (оқ ату, тесу-кесу соққыларын келтіру және т.с.с), яғни қарудың немесе заттың тірі нысанаға зақым келтіру мүмкіндігін пайдалануды түсіну керек» – деп келтірген [7].

Мұндай жағдайда қылмыстың құралын екі топты бөліп қарастыруға болады:

- а) қару;
- б) қару ретінде қолданылатын заттар.

Қаруға атыс қарулары және суық қарулар жатады. Атыс қаруы дегеніміз «оқ дәрілер немесе басқа да заряд қуатының әсері нәтижесінде ұңғы оқпанынан оқты, снарядты, гранатаны ұшырып шығаратын қару түрлерін айтамыз. Оларға тапаншалар, автоматтар, пулеметтер, гранатометтер, мылтықтар, гранаталар, миналар және басқа да жарылғыш нысананы жоюға арналған заттар кіреді. Аңшылық мылтығы, газ тапаншалары мен газ баллондары тікелей қаруға жатпаса да, арнайы сараптама қорытындысынан соң кінәлінің қарақшылық әрекет кезінде оларды қару ретінде пайдалануы қылмыстың ауырлататын құрамын құрайды. Ал суық қару дегеніміз нысананы адамның бұлшық еті күшінің көмегімен физикалық түрде тікелей зақымдауға арналған қарулар денеге тікелей соққы беру, кесу, түйреу, шабу жатады» – деп анықтама берілген [66].

Бұл ерекшеліктер ауыр қылмыстарды саралау мен заңдық тұрғыдан қылмыстық әрекетке дұрыс бағалауға мүмкіндік беретін маңызды анықтамалар болып табылады.

Қаруды немесе басқа да заттарды қолдану деп «кінәлінің оны адамның денсаулығына зиян келтіру үшін шын мәнінде пайдалануы немесе шабуыл барысында оны дереу қолданбақшы болып қорқытатын әрекеттерді жасауы болып табылады. Қару ретінде пайдаланылатын заттарға жәбірленушінің өмірі мен денсаулығына нақты қауіп төндіретін және сол заттардың көмегімен өмірін қиюға немесе дене жарақатын салуға қолданылатын кез келген заттар жатады. Мұндай заттарға, негізінен балта, тас, балға, отвертка, темір лом, шоқпар, пышақ, ұстара және тағы басқа құралдар кіреді» [8, 380 б].

Кінәлі тұлғаның қарақшылық қылмысын жасау деген қылмыстық ойын жүзеге асыру үшін, жоғарыда аталған заттарды алдын ала дайындап қойуы немесе қылмыстық шабуыл барысында оқиға орнынан кездейсоқ табылып алынып пайдалану жағдайлары қылмыстық іс-әрекетті саралауға мүлдем әсер етпейді. Бұл жердегі маңызды нәрсе осы заттардың қарақшылық қылмысы кезінде жәбірленушінің өмірі мен денсаулығына нақты қауіп төндіретін қару ретінде қолданылуы және оған кінәлі тұлға саналы түрде барғандығы есептеледі.

Демек, кінәлі өзінің қылмыстық әрекеті барысында осы заттарды қолдану арқылы жәбірленушінің қауіпсіздігіне елеулі қауіп қатер туғызса, бұл оның заңды түрде қарақшылық әрекеті ретінде саралануына негіз болады.

Осы орайда, қарақшылық қылмысы мен тонау қылмысына қатысты оның ішінде қарақшылықтың қару қолдануға қатысты заң танушы ғалымдардың көзқарастары екі түрлі болып келеді.

А.Н. Ағыбаевтың пірікірнше «Іске жарамсыз қарумен немесе қарудың макеті арқылы жәбірленушіге оның өмірі мен денсаулығына қауіпті дене жарақатын салу ниетінсіз қорқыту қару қолданған қарақшылық деп саналмайды. Бірақта, жәбірленуші мұндай әрекетті өз өмірі мен денсаулығына нақты қауіп тудырды деп санағандықтан, мұндай шабуыл Қылмыстық кодекстің 192-бабының 1-тармағы бойынша саралануы қажет» – деп келтірген [8, 380 б.].

Осы пікірді И.Ш. Борчашвили қолдап, қарақшылықты саралау үшін қару немесе оған ұқсас заттардың қолданылған-қолданылмағаны рөл атқарады. «Қару немесе қару ретінде пайдаланылатын заттарды қолдану деп, жәбірленушінің өмірі немесе денсаулығына зиян келтіру үшін нақты қолдануды түсінеміз (мысалы, оқ ату, кесу немесе жарақат салу). Сондықтан, егер кінәлі тұлға қылмыс жасау барысында қаруды оның тікелей мақсатына сәйкес қолданбаса (мысалы, қарумен ұрып-соғу), онда бұл әрекетті ҚР ҚК 192-бабы 2-бөлігінің 4-тармағы бойынша (қару қолданумен қарақшылық) саралауға болмайды. Мұндай жағдайларда әрекет ҚР ҚК 192-бабының 1-бөлігі бойынша саралануы керек деген» [9, 134 б.].

Сонымен қатар, И.Ш. Борчашвили егер кінәлі газ қаруларын (газ пистолеті, аэрозольді және көзден жас ағызатын немесе тітіркендіргіш заттармен жабдықталған басқа құрылғылар) қолданып жасағанда, олардың жәбірленушінің өміріне немесе денсаулығына қауіптілік деңгейін сараптамалық қорытынды арқылы анықтайды. Жинақталған мәліметтерге сәйкес қылмыстық әрекет тонау немесе қарақшылық ретінде бағаланады.

Егер кінәлі тұлға жарамсыз қарумен, оқ-дәрісі жоқ қарумен немесе қаруға еліктейтін затпен (мысалы, пистолет макеті немесе ойыншық қанжар т.б.) қорқытып, жәбірленушінің денсаулығына зиян келтіру үшін қолдану ниеті болмаса, қылмыс жәбірленушінің шабуылдың сипаты мен қауіпін қалай қабылдағанына байланысты саралануы керек. Егер жәбірленуші өзіне жарамсыз немесе жалған қарумен қауіп төнгенін нақты түсінсе, бірақ күш қолдану шынымен қолданылса, бұл қылмыстық әрекет ҚР ҚК 192-бабының 1-бөлігі бойынша қарақшылық ретінде қарастырылуға жатады.

Жарамсыз қарумен немесе шынайы қаруды имитациялайтын заттармен қауіп төндіру қарақшылықтың ауырлататын белгісі ретінде қарастырылмайды. Себебі мұндай заттар жәбірленушіге қарудың қолданылғандай көрінісін береді, бірақ іс жүзінде кінәлі тұлғаның жоғары қауіп тудырғандығын дәлелдемейді және жәбірленушінің өмірі мен денсаулығына нақты қауіпті емес. Сондықтан осындай жағдайларда кінәлінің жасаған әрекетін ҚР ҚК 192-бабының 1-бөлігіне сәйкес сараланады [9, 134 б.].

Қару қолдануға қатысты В. Владимиров пен Я.И. Ляпунов өз еңбектерінде, ойыншық қаруды, қаруға ұқсас макеттерді тағы басқа соған ұқсас заттарға қатысты мәселені шешкен кезде, бір жақты жауаптылық қарастыруға болмайды деп санайды. Себебі кінәлі тұлға ол бастан сыртқы келбеті қаруға ұқсас заттармен немесе соған ұқсас имитациялармен шабуыл жасағанда тек қана жәбірленушіге психологиялық қысым көрсетіп қорқытып, мүлкін жымқыру мақсатында ғана әрекет етеді. Қолындағы заттармен жәбірленушіге физикалық күш қолдануға неіті болмайды деп санайды [22, 201 б.].

Осы пікірлерге ғалым И. Козаченко қарама-қарсы көзқараста. Кінәлі тұлғаның қаруды қолдану арқылы қарақшылық шабуылдары барысында жәбірленушіге ауыр дене жарақаттарын салуға немесе өлімге әкелуі мүмкін. Қаруды қолдану немесе қолданамын деп қорқыту жағдайларында жәбірленушінің психологиялық жай-күйі мен ерік-жігері әлсіреп, қарсылық көрсету қабілеті жойылады. Әрине, бұл жерде кінәлі тұлғаның өзінің қылмыстық мақсатына жету үшін қаруды қолданғанын ескерген жөн. Қарақшылық жасайтын кінәлі тұлға қару алып жүру, сақтау, жасау үшін жазаның қатаң екенін жақсы біледі. Сондықтан, олар қылмыс жасаған кезде өз әрекеттерін жасыру немесе қылмысы әшкереленген жағдайда басқа жауаптылығы жеңіл жазаға ауысы үшін, көбінесе күнделікті тұрмыста қолданылатын заттарды пайдаланады. Олардың қатарына ашылып-жабылатын пышақтар, шаруашылық құралдары, тұрмыстық пышақтар, балталар, біздер

және ұстаралар т.б. жатады. Бұл заттар тұрмыстық шаруашылықта маңызға ие болғанымен, олар қарақшылық шабуылдарда жиі қолданылады [67, 336 б.].

А.В. Арендаренко қарақшылықтың ең қауіпті әрі ауырлататын түрі - қаруланған шабуыл, онда кінәлі адам қаруды немесе қаруға өте ұқсас заттарды (қарудың ноябын, қаруға ұқсас макет) қолданады. Бұл өз кезегінде қарулы шабуыл жасаған кезде агрессивті күш қолдану деңгейін айтарлықтай арттырады. Қарумен жасалған шабуыл кезінде жәбірленушінің ерік-жігері күйзеліске ұшырап, қозғалыссыз қалып, психологиялық тұрғыдан қарсылық көрсетуге деген ынтасы жоғалып, жүйкесіне белгілі бір дәрежеде зиян келтіреді. Кінәлі қаруды қолданған кезде өзіндік сенімділігі күшейіп, үстемдік пен бағындырушылық сезімі пайда болады. [68, 119 б.].

Ғалымдардың бұл көзқарастары орынды, дегенмен тәжірибеде кінәлінің жасаған әрекеті дәлелденбей, тергеу барысында кінәлі тұлға жәбірленуші тараппен татуласу жағдайларында, қаруды қалай қабылдағанына байланысты берген жауаптары түрлеше өзгеріп, сол кезде болған нақты оқиғадан алшақтап жатады да қылмыстық іс көбінесе тонау немесе басқа жазасы жеңіл қылымстарға өзгеріп қайта сараланып жатады.

Себебі Жоғары Соттың қаулысының 21-тарауында «Егер кінәлі жәбірленушінің өмірі мен денсаулығына қауіпті дене жарақатын келтіру үшін пайдалану мүмкін емес көрінеу жарамсыз немесе оқталмаған қарумен не қаруға ұқсас (тапаншаның нобайы, ойыншық қанжар және т.б.) затпен қорқытса, онда кінәлінің әрекеттерін, егер басқа саралау белгілері болмаса, ҚК-нің 191-бабының бірінші бөлігі бойынша саралау керек», - деп нақты жазылған [7]. Бұл өз кезегінде жоғарыда атап келітіргеніміздей кінәліні жауапқа тартуда тергеу және сот практикасында айтарлықтай мәселе тудырып жатыр.

Жоғарыда келтірген деректер бойынша нақты сот тәжірибесіндегі болып жатқан бірнеше мәселелерге тоқталып өтсек.

2022 жылы 10 желтоқсан күні сағат 22:00 шамасында А.В. Ленник таныстары к/т А.А. Цыкунов, С.С. Лихачев және П.Р. Кузьминмен бірге Қара-Мырза ауылында болған дискотекадан ауылдарына қайтып келе жатып, Абай облысы Бескарагай ауданы Канонерка ауылы Гагарин көшесі №33 үйде тұратын танысы В.В. Юрьевтың үйіне соғады. Сол сәтте А.В. Линник туысы А.А. Юрьевты көріп, В.В. Юрьевпен бірге ішімдік ішіп отырғандығын көреді және оған бұл жағдай ұнамай екеуі сөзге келіп қалады да, А.А. Юрьевтың ақшасы бар екендігін біледі. Осыдан кейін А.В. Линниктың ойына қылмыстық жолмен А.А. Юрьевтың ақшасын ашық түрде иемденіп алуды ойлап, соғыдан ақша беруін талап етеді. Бірақ, оған А.А. Юрьев қасында ақшасы жоқ екенін айтады. Осы кезде А.В. Линник А.А. Юрьевтің бетіне екі рет ұрып, басын терезеге тағыда ұрып, терезе сынып қалады. Сонда да А.А. Юрьев ақша бермей тұрған соң, А.В. Линник үлкен емес ас үй пышағын алып, өмірне қауіп төндіріп қорқытады. Осы сәтте А.А. Юрьев өзінің өмірінен қауіптеніп, қалтасындағы әр түрлі бірліктен тұратын 105 000 тенгесін қалтасынан алып береді. Қылмыстық ойын жүзеге асырған А.А. Юрьев ақшаны алып оқиға орнын кетіп қалады.

Келесі күні 2022 жылы 11 желтоқсан күні сағат 10:00 шамасында А.В. Ленник қылмыстың ойын жалғастыра отырып, танысы В.В. Юрьевтың үйіне қайта барып, А.А. Юрьевтан тағы да ақша беруін талап етеді. А.А. Юрьев өз өмірінен қауіптеніп, қасында бар ақша деп, әр түрлі біріліктегі 20 000 теңге ақшасын А.В. Ленникке беріп, соңғы қылмыстық ойын жүзеге асырған соң, оқиға орнынан бой тасалаған.

2023 жылғы 28 наурыз күні Абай облыстық Бескарагай аудандық соты А.В. Ленникке ҚР Қылмыстық кодексінің 191-бабының 2-бөлігі, 1-тармағы бойынша кінәлі деп танып, 3 жыл мерзімге бостандығын шектеу жазасы тағайындаған. (жеңілдету жазасын толығымен мойындап, шығынды өтеген [69]).

Бұл жерде өзіңіз көргендей А.В. Леник қылмыстық әрекетін жасау барысында А.А. Юрьевтың өміріне нақты қауіп төндіріп тұр. Себебі ол бірнеше рет соққылар жасап, артынан қолына пышақ өміріне қауіп төндіріп қылмыстық әрекет агрессивті сипатқа ие болып отыр. Алайда екеуінің туыстығы және де қаруға қатысты құқықтық нормалардың дұрыс реттелмеуіне байланысты немесе басқа да мән жайларға байланысты қылмыстық іс қарақшылық бойынша сараланбаған.

Одан басқа, 2022 жылы 13 қараша күні сағат 20:00 шамасында И.Г. Петров алкогольдік ішімдікке масаң күйде кележатып, Ақтөбе қаласы, Бурабай көшесі, №10 үйде орналасқан «Мята» дүкенінен бұрын соңды өзіне таныс емес азаматша Н.Я. Умарованың шыққанын байқап, оның Изгілік тұйық көшесіне қарай бет алғанын көрген. Осы кезде И.Г. Петров қылмыстық оймен тез ақша табуды ойлап, оның артынан еріп, Тұйық көшенің қараңғы жеріне дейін еріп барып, қылмыстық ниетін жүзеге асыру үшін, Н.Я. Умарованың артынан жақындап келіп, бір қолымен оның мойнынан қылқындырып ұстап, екінші қолымен тергеу барысында анықталмаған өткір затпен бел тұсына тақап, физикалық күш қолданып, дене жарқатын салып, «қарсылық көрсетпе, әйтепесе пышақтап тастаймын» деп қорқытып, күш қолдану қатерін төндіріп, «ақша бер» деп, ақша беруін талап еткен. Н.Я. Умарова өзінде ақша жоқтығын айтқанда И.Г. Петров «үндемей алға қарай жүр» деп алға қарай итермелеген. Осы сәтте И.Г.Петров өзіне қарай жақындап келе жатқан полиция қызметкерлерін көріп, Н.Я.Умарованы жіберіп қашқан. Алайда полиция қызметкерлері И.Г.Петровты қуып жетіп ұстап алған.

Оқиға болған кезде Н.Я. Умарова үстіне ақ түсті күртеше киіп, күртешесінің бел тұсы өткір затпен кесілгені және «жеңіл» дәрежедегі дене жарақаты келгендігі анықталған.

2023 жылғы 29 наурыз күні Ақтөбе облысы Ақтөбе қаласы №2 соты И.Г. Петровты ҚР Қылмыстық кодексінің 194-бабының 2-бөлігі, 1-тармағы бойынша кінәлі деп танып, 4 жыл 6 ай мерзімге бостандығынан айыру жазасы тағайындаған [70].

Одан басқа, 2021 жылы 10 тамыз күні сағат 14:30 шамасында А.А. Грызуновпен сыбайласы Ю.П. Тагановпен бірге жүрген кезде, Астана қаласы

Жұмабаев көшесі, №7 құрлысы жүріп жатқан ғимаратының жанында өздеріне бұрын соңды таныс емес, к/т С.С. Тюленовты көрген. Осы кезде А.А. Грызуновпен сыбайласы Ю.П. Таганов қылмыстық жолмен ақша табуды ойлап, к/т С.С. Тюленовке келіп, әр түрлі сөздер айтып, «сен есірткі затын тартаптып жүрген закладчиксін» деп тиіскен. К/т С.С. Тюленов есірткі затын тасумен айналыспайтынын айтқанына қарамай, еркінен тыс күш қолдану төндіріп сөмкесін күштеп алып, ішіндегі 3 500 теңге ақшасын, банк картасын және құны 30 000 теңге тұратын қызыл түсті швейцарлық пышағын заңсыз иемденген. Содан соң, А.А. Грызунов, к/т С.С. Тюленовтен аяқ киімін шешуді талап етіп, ал Ю.П. Таганов сары түсті пышақпен қорқыту арқылы күш қолдану қаупін төндірген. Осы кезде, к/т С.С. Тюленовтың досы к/т Н.В. Сорокин келіп, Ю.П. Тагановтың бетіне аэрозольді газды баллонды шашып жіберген. Осыдан кейін, А.А. Грызунов, Ю.П. Таганов оқиға орнынан бой тасалаған. Нәтижесінде, к/т С.С. Тюленовке жалпы сомасы 33 500 теңге көлемінде материалдық шығын келтірілген.

2021 жылғы 15 қазан күні Астана қаласының Алматы ауданының №2 соты А.А. Грызуновпен Ю.П. Тагановке ҚР Қылмыстық кодексінің 191-бабының 2-бөлігі, 1,3-тармағы бойынша кінәлі деп танып, 3 жыл 6 ай мерзімге бостандығын айыру жазасы тағайындаған [71].

Қазіргі таңда, заман ағымана сай қылмыскерлер өз мақсатына оңай әлі жылдам жету үшін түрлі қару-жарақ пен құралдарды немесе оған ұқсас заттарды пайдалануда. Сондықтан олардың нақты тізімін жасап атын атау мүмкін емес. Себебі қауіпті зат ретінде пайдаланатын құралдардың түрлері өте көп, әрі жаңа қару мен құралдар үнемі ойлап табылып, жетілдіріліп отырады. Қазірдің өзінде қылмыстарда электрошок құрылғылары мен «серпігіш пышақтар» сияқты жаңа құралдар қолданыла бастаған. Олардың бірін жоғарыда мысал ретінде келтіріп өттік.

Қолданыстағы қылмыстың заңнамаға сәйкес қылмыстың қаруланған қарақшылық деп саналуы үшін келесі белгілер болуы керек:

- күш қолдану немесе күш қолдану қатерін төндіру.
- қоғамға үлкен қауіп төндіру.
- қылмысты әдейі қасақана жасау.
- қару немесе соған ұқсас затты қолдану. (бұл қылмыстардың басты белгісі.)

Мысалы, алысқа бармай ақ тұрмыста шаруашылықта қолданылатын балта жәбірленушінің денсаулығына ауыр зиян келтіретін немесе тіпті өлімге әкелетін құрал ретінде пайдаланылуы мүмкін, сонымен бір мезетте дәл солай қорқыту құралы бола алады.

Сонымен қатар, қаруды қолдану арқылы шабуыл жасау қойылған мақсатқа қол жеткізуді оңай әрі тез жеткізетінін ескерілуі керек. Қаруды жәбірленушіге психологиялық күш қолдану құралы ретінде де қолданады. Мысалы, пышақты тек ауыр жарақат келтіру немесе өлтіру үшін ғана емес, жәбірленушінің мойнына немесе денесіне тақап қорқыту құралы ретінде де

қолдануға болады. Тәжірибеде сыртқы түрі қаруға ұқсайтын заттарды (балаларға арналған ойыншық тапанша, тапанша пішініндегі оттық жарылғыш заттар және т.б.) қару ретінде қарастыру мәселесі өзекті болып отыр. Осы аталған ойыншық қарулардың құқықтық бағалануы қарақшылық қылмысының саралануында қару немесе қаруға ұқсас заттардың қолданылуы маңызды факторы болып табылады. Себебі ол шабуыл басталған сәтте жәбірленушінің психологиялық жай күйіне әсер етпей қоймайды. Елімізде ойыншық қаруды немесе қарудың макетін немесе суық қаруға ұқсас заттарды қолдану жағдайлары сот тәжірибесінде әр түрлі жолмен сараланып келеді:

Тәжірибеде көп жағдайларда қарақшылық ретінде саралау – егер шабуыл кезінде ойыншық қару жәбірленушінің өміріне нақты қауіп төндіретіндей жағдай жасаса, және жәбірленуші ойыншық қаруды шын деп ойласа сот бұл әрекетті қарақшылық деп бағалай алуы мүмкін.

Ал, тонау ретінде саралау – егер шабуыл кезінде жәбірленуші ойыншық қару екендігін білсе және сот қаруды шынайы қауіп ретінде бағаламаса, онда қылмыс жауаптылығы жеңілдеу жаза ретінде қарастырылатын тонау деп қарастырылады.

Оған қоса, тәжірибеде қарақшылық қылмысын тергеу кезінде дәлелдемелерді жинау мен нақтылау кезінде қылмыстың қауіптілік жағдайына байланысты жәбірленушілер мен іске тікелей куә болған тұлғалардың алған психикалық күйзелісіне байланысты берген жауаптары біргелікілі болмайды. Тергеуші дәлелдемелердің жарамдылығын анықтау кезінде, жәбірленушінің немесе куәлардың алғашқы психологиялық күйінің ерекшелігі ескерілуі тиіс. Себебі олар көбіне ауыр психоэмоционалдық шок жағдайында болады. Сондықтан оның берген айғақтары дәлелдеме ретінде пайдаланылғанда, олардың объективтілігі күмән туғызуы немесе белгілі бір уақыт өткен соң қосымша жауап алуды қажет етуі мүмкін. Осы себептен жәбірленуші мен куәден тергеу барысында алғашқы жауап алуда психолог маманның немесе психиатр сарапшының қатысуы міндетті болуы керек. Бұл ұсыныс айғақтарының дәлдігін арттырып, тергеу қателіктерін азайтады және дәлелдемелердің жарамдылығы мен нақтылығын қамтамасыз етеді.

Қорытындылай келе, кінәлі тұлғалардың жоғарыда мысал келтіргеніміздей, қарақшылық қылмысын жасау барысында қаруға ұқсас заттарды (ойыншық қару, қарудың ноябын, қаруға ұқсас макет) қолдануға байланысты ғалымдардың көзқарастары мен пікірлері екі түрлі және де сот тәжірибесінен алынған мысалдар өз кезегінде құқықтық норманың қолданылуында қарама-қайшылық туғызып, заңның дұрыс сақталмауына әкеліп отырғандығын көрсетіп отыр. Себебі шабуыл күтпеген жерден агрессивті сипатқа ие болғандықтан жәбірленуші қылмыскердің қолындағы нақты қару ма, жоқ па, бірден ажырата алмайды және өз өміріне қауіп төніп тұр деп ойлап, психологиялық күйзеліске түсіп, белгілі бір дәрежеде денсаулығына зиян келеді. Сонымен қатар, кінәлі тұлғаның қылмыс жасауға деген бастапқы

мақсатын және оны жүзеге асыру үшін саналы түрде әрекеттенгендігін ескеріміз жөн.

Сондықтан ҚР ҚПК-нің 214-бабында көрсетілген «Куәден және жәбірленушіден жауап алу» бөліміне «Қарақшылық және басқа да адамды психикалық күйзеліске түсіретін күш қолданылған қылмыстар бойынша жәбірленушіден жауап алу тек психологиялық қауіпсіздік жағдайында және психолог маманның немесе психиатр сарапшының қатысуымен жүргізілуі тиіс» деген толықтыру енгізу керек деп санайсын. Және де, кінәлі тұлға жасаған қылмысының жауаптылығынан жалтармауы үшін Ресей Федерациясының қылмыстық заңнамасындағы құқықтық нормаларының тәжірибесін ала отырып, Нормативтік қаулының 21-тармағының редакциясына «қорқыту мақсатында ойыншық қаруларды, қарудың ноябын пайдаланып жасалған шабуылды ҚР ҚК-нің 192-бабының 2-бөлігі 4-тармағындағы қару қолданған қарақшылық» деп өзгерту керек. Ал, егер жәбірленуші шабуыл кезінде кінәлі тұлғаның қолындағы заттың ойыншық қару екендігін нақты ұғынып білген болса, онда ҚР ҚК-нің 192-бабының 1-бөлігіндегі қарақшылық деп саралау керек деп өзгертуге немесе ҚР ҚК-нің 192-бабының 2-бөлігі 4-тармағының диспозициясының редакциясына «Қаруды немесе қорқыту мақсатында қару ретінде пайдаланылатын заттарды қолданып» деп өзгерту керек деген пікірді ұсынамын. Осы ұсыныстарды қылмыстық заңнамаға немесе Нормативтік қаулыға енгізу арқылы кінәлі тұлғаның жасаған қылмыстық іс-әрекетін нақты баға беруге және қылмыстық жауаптылықтан жалтарып кетпеуіне және сот практикасында болып жатқан әр түрлі көзқарастар мен үкімдер біркелкі болуына септігін тигізер еді.

## ҚОРЫТЫНДЫ

Диссертациялық жұмыс барысында қозғалған барлық мәселелерді және қарастырылған жұмыстарды қорытындылап өтсек, ең алдымен қарақшылық бөтеннің мүлкіне қарсы бағытталған қылмыстардың ішінде ең қауіптісі және олардың арасындағы тергелуі күрделі ауыр қылмыстар қатарына жатқызылады. Конституциямызға сәйкес, әр бір мүлікті иелену және оны пайдалану тек жеке мүддеге ғана емес, қоғам мүддесіне де бағытталып игілігі тиіуі тиіс. Сонымен бірге, меншік құқығы өз кезегінде белгілі бір міндеттемелерді де қамтиды. Осы меншік объектілері мен субъектілерінің құқықтары, олардың жүзеге асырылу шектері, сақталуы мен ауқымы және оны қорғауға арналған құқықтық кепілдіктер заңнамалық актілермен реттеледі.

Меншік иесінің құқықтары азаматтық құқық нормаларымен қорғалып реттеледі. Ал егер меншікке қарсы жасалған әрекеттер қоғамға қауіпті зиян келтіретін болса, бұл қылмыстық құқықтық нормалар шеңберінде қарастырылып, жауаптылыққа жатады. Меншікке қарсы қылмыстардың негізгі объектісі – бұл жеке және заңды тұлғалардың мүлікке иелік ету, оны пайдалану және басқару құқықтарына қарсы жасалған қоғамдық қатынастар жатады.

Меншікке қарсы жасалған қылмыстар бойынша ғылыми ортада бірқатар кешенді зерттеулер жүргізілгенімен, оны қайта талдауға ешқандай шектеу жоқ. Себебі құқықтық жүйеде меншікке қарсы қылмыстар соның ішінде қарақшылық қылмысына қатысты олқылықтар мен түсініксіз тұстар орын алып жатады. Сондықтан олардың жүргізген зерттеу жұмыстарымен пікір тұжырымдарын теориялық және практикалық тұрғыдан қолданып, тәжірибе барысында қателіктерді жоюға және құқықтық тетіктерді жетілдіруге мүмкіндік бар. Бұл зерттеуде отандық қылмыстық заңнаманы халықаралық тәжірибемен салыстырмалы түрде зерделеуге және шетел тәжірибесін қолдануға бағытталған.

Қарақшылық тақырыбын таңдаудағы негізгі себеп, еліміз қазіргі таңда нарықтық экономика жағдайында азаматтарымыздың өздерінің қажеттіліктеріне сәйкес мүлікті еркін иелену мүмкіндігіне ие. Алайда бөтеннің мүлкін заңсыз иемденіп қоғамға қауіп тудыру жағдайлары жиі тіркелуде. Әсіресе, меншікке қарсы қылмыстардың ішінде ең қоғамға қауіптісі қарақшылық қылмыстарының басым көпшілігін жастар жасайды. Себебі олар физикалық күшіне сенім артып, қаржы тапшылығын шешуді оңай жолмен реттеуді қалайды. Көп жағдайларда бірнеше рет осы қылмысты қайталаған адамдар жинаған тәжірибесіне сүйене отырып әрекет етеді. Бұл өз кезегінде қылмыстың қауіптілігін және дәлелдеу қиындықтарын арттырады.

Қазіргі уақытта қалаларда, аудан орталықтарымен ірі мегаполистерде меншікке қарсы қылмыстар соның ішінде қоғамға қауіптілігі жоғары қарақшылық қылмыстары көптеп орын алуда. Сондықтан қарақшылық қылмысын жасауға ықпал ететін және жасағаннан кейінге жауаптылық мәселелері мен негізгі себеп-салдарын жан-жақты талдануы қажет болды.

Әдетте, соттар мен құқық қорғау органдары қарақшылық қылмыстарының түпкі себептері мен олардың алдын алу шараларын және жауаптылыққа тарту мәселелерін жеткілікті деңгейде қарастырмай жатады. Осы мәселені терең зерттеу қарақшылық қылмыстардың алдын алуға, сондай-ақ құқықтық реттеу жүйесіндегі кемшіліктерді түзетуге негіз болады. Қарақшылық қылмысы бір іс-әрекет жасау арқылы екі объектіге, яғни, мүліктік қатынастар мен адаманың өміріне немесе денсаулығына тікелей қол сұғатын болғандықтан қауіпті қылмыс санатына жатады. Қарақшылықты құрамы жағынан алғанда, пайдакүнемдік мақсатта бөтеннің мүлкін иемдену үшін күш қолдану немесе күш қолдану қатерін төндірген сәтте аяқталады. Тәжірибеде заңнамалық тұрғыдағы олқылықтардың әсерінен кездесетін көп қателіктердің бірі, ол қарақшылық шабуыл кезінде кінәлі жәбірленушінің денсаулығына зиян келтірмей, тек зиян келтіру қаупін төндіру арқылы қорқытып, осы қорқыту нәтижесінде оның психологиялық жай-күйіне айтарлықтай зиян келетінін ескермей жатады да, физикалық тұрғыдан денеге зақым келмеген соң, кінәлінің әрекетін тонау немесе басқа сабақтас қылмыстармен саралап жатады.

Қылмыс жасаушы адамның ол бастан көздеген психологиялық әрекеті негізінен бөтен мүлікті иемденуге бағатталады және өз кезегінде мақсатқа жету құралы ретінде күш қолдануды таңдауға итермелейді.

Қарақшылық меншікке қарсы қылмыс ретінде елімізде ұзақ уақыт бойы кең таралу үрдісін сақтап келеді. Соңғы жылдарда қарақшылық қылмыстарының деңгейі біршама тұрақталғанымен, қару қолданып ауырлататын мән-жайлармен жасалған қарақшылық қылмыстарының саны 2024 жылға қарағанда артып келеді. Мысалы қарақшылық қылмысы бойынша сотқа жолданып аяқталған қылмыстар саны 2023 жылы 14 қылмыстық іс, ал 2024 жылы 11 қылмыстық іс болса 2025 жылы әлі бірінші тоқсан аяқталмай жатып, қылмыстық істің саны 9 жеткен [6].

Қарақшылық қылмысының негізгі белгісі – бөтеннің мүлкін иемдену мақсатында жәбірленушіге шабуыл жасап күш қолдану немесе күш қолдану қатерін төндіру. Бұл белгі жоғарыда атап көрсеткеніміздей, тонау қылмысына да тән, бірақ олардың басты айырмашылығы тонау кезінде күш қолдану адамның өміріне немесе денсаулығына қауіпті болмайды. Ал қарақшылық кезінде, мұндай күш қолдану немесе қолдану қатерін төндіру міндетті түрде қауіпті болуы қажет. Сонымен қатар, қарақшылық шабуыл жасалған сәттен бастап аяқталған қылмыс болып саналады, ал тонау кезінде қылмыс жәбірленушіден алынған мүлікке қылмыскер нақты иелік ету мүмкіндігіне ие болғанда аяқталады.

Қарақшылық шабуыл кезінде иемденілген мүліктің құны саралауға қатты әсер етпейді. Бұл жерде осы мүлік жәбірленушіге қаншалықты маңызды екендігін де ескеруіміз қажет. Қарақшылық шабуылы кезінде мүлік заңсыз және еріксіз жолмен күш қолданумен немесе күш қолдану қатерін төндіру арқылы тартып алынады. Қарақшылықтың объективті жағы – бұл күтпеген жерден белсенді, қасақана жасалатын күш қолдану әрекеттері. Міндетті түрде

жәбірленушінің өмірі мен денсаулығына қауіп төндіруі керек немесе сондай күш қолдану қатерін төндіру арқылы қорқытуы қажет. Қарақшылықтың субъективті жағы – бұл қасақана жасалатын алдын-ала ойластырылған қылмыс. Қылмыс жасаушы кінәлі тұлға бөтен мүлікті заңсыз иемдену үшін өмірге және денсаулыққа қауіпті күш қолданатынын толық түсінеді және осы заңсыз әрекетін жүзеге асыруды қалайды. Ол өз әрекетінің қоғамға қауіпті екенін толық біле тұра, қасақана түрде шабуыл жасайды.

Жоғарыда атап көрсеткеніміздей тәжірибеде қарақшылықты ұқсас қылмыстардан ажырату қиындықтар тудыруы мүмкін. Егер кінәлі тұлға шабуыл жасау барысында өмірге немесе денсаулыққа қауіпті күш қолдануға ниетті болмаса, тек қылмыстық іс-әрекеті барысында қауіпті жағдай да емес қарапайым дене жарақатын келтірсе онда бұл қарақшылық емес, тонау қылмысы болып саналады. Егер қылмыс жасаушы кінәлі тұлға жәбірленушіні қорқытып, өміріне қауіп төндіріп, белгілі бір уақыт қойып, мүлкін беруді талап етсе, бірақ оны күшпен бірден тартып алмаса онда бұл қорқытып алушылық. Егер қылмыс жасаушы кінәлі тұлға жәбірленушіге шабуыл жасағанымен, мүлікті сол кезде бірден тартып алмаған болса, яғни күш қолданумен мүлікті иемдену арасында белгілі бір уақыт өткен болса, бұл қарақшылық емес, қорқытып алушылық немесе басқа қылмыстық әрекет ретінде қарастырылуы мүмкін.

Қарақшылық кезінде ауырлататын мән-жайлар ретінде бағалануға жататын шабуылдары бірнеше бөліктерге бөліп қарастыруға болады.

Біріншіден, ұйымдасқан адамдар тобымен жасалған қарақшылық шабуылдар – егер ұйымдасқан топ, алдын ала сөз байласу арқылы қарақшылық жасау мақсатында бірігіп әрекет етсе, бұл қылмыс ауырлататын санатқа жатады. Екіншіден, қару немесе қару ретінде пайдаланылатын құралдарды қолдану – егер қарақшылық кезінде атыс қаруы, пышақ немесе басқа да өмірге қауіпті құрал қолданылса, жауаптылық күшейтілуі мүмкін. Үшіншіден, жәбірленушіге ауыр дене жарақатын келтіру – егер жәбірленушіге ауыр дене жарақаты келтірілсе, бұл қарақшылықтың ауырлататын түріне жатады. Төртіншіден, жәбірленушіні абайсызда өліміне әкелуі – егер қарақшылық кезінде жәбірленуші өлімге ұшыраса, онда кінәлі тұлғаның нақты жасаған іс-әрекетіне қарай қарақшылық және адам өлтіру үшін жауаптылыққа тартылуы мүмкін.

Қарақшылық қылмысының субъективтік жағының міндетті белгісі ретінде «пайдакүнемдік мақсат» қарастырылған. Осы мақсат кінәлі тұлғаның бастапқы ойындағы ниеттен келіп шығады. Ниет-бұл адамды қылмысқа итермелейді немесе соған бастау жасайды. Ал, одан кейін мақсат пайда болып, ол адамның қаржылық қажеттілігін қанағаттандыру үшін, қылмыс жасауға ыңғайлы объектіні іздеп, оған жол ашады және өз кезегінде қылмысы әшкере болған жағдайда одан құтылып кету мүмкіндіктерін қарастырады. Мұнымен айтқым келген ой, кінәлі тұлға қылмысты жасамас бұрын саналы түрде оны жасау және одан шығу жолдарын ойластырады.

Сондықтан кінәлінің саналы түрде жасаған қылмыстық әрекетіне сай жауаптылыққа тарту үшін, Нормативтік қаулының 21-тармағына қорқыту мақсатында ойыншық қаруларды, сырт келбеті қаруға ұқсас заттарды немесе қарудың ноябын пайдаланып жасалған шабуылды ҚР ҚК-нің 192-бабының 2-бөлігі 4-тармағындағы қару қолданған қарақшылық деп өзгертулер енгізу керек. Ал, егер жәбірленуші шабуыл кезінде кінәлі тұлғаның қолындағы заттың ойыншық қару екендігін нақты ұғынып білген болса, онда ҚР ҚК-нің 192-бабының 1-бөлігіндегі қарақшылық деп саралау керек деп өзгертуге немесе ҚР ҚК-нің 192-бабының 2-бөлігі 4-тармағының диспозициясына қаруды немесе жақша ішіне (қорқыту мақсатында) қару ретінде пайдаланылатын заттарды қолданып деп өзгертулер керек. Осы арқылы қылмыс жасаушы кінәлі тұлғаны нақты іс-әрекеті үшін жауаптылыққа тартып, сот практикасында болып жатқан әр түрлі көз қарастар мен үкімдер біркелкі болатын еді.

Сонымен қатар, тәжірибеде қарақшылық қылмысын тергеу кезінде дәлелдемелерді жинау мен нақтылау кезінде қылмыстың қауіптілік жағдайына байланысты жәбірленушілер мен іске тікелей куә болған тұлғалардың алған психикалық күйзелісіне байланысты берген жауаптары біргелікті болмайды. Тергеуші іс бойынша дәлелдемелердің жарамдылығын анықтау кезінде, жәбірленушінің немесе куәлардың алғашқы психологиялық күйінің ерекшелігі ескерілуі тиіс. Себебі олар көбіне ауыр психоэмоционалдық шок жағдайында болады. Сондықтан оның берген айғақтары дәлелдеме ретінде пайдаланылғанда, олардың объективтілігі күмән туғызуы немесе белгілі бір уақыт өткен соң қосымша жауап алуды қажет етуі мүмкін. Осы себептен жәбірленуші мен куәден тергеу барысында алғашқы жауап алуда психолог маманның немесе психиатр сарапшының қатысуы міндетті болуы керек. Бұл ұсыныс айғақтарының дәлдігін арттырып, тергеу қателіктерін азайтады және дәлелдемелердің жарамдылығы мен нақтылығын қамтамасыз етеді. Осының негізінде ҚР ҚПК-нің 214-бабында көрсетілген «Куәден және жәбірленушіден жауап алу» бөліміне «Қарақшылық және басқа да адамды психикалық күйзеліске түсіретін күш қолданылған қылмыстар бойынша жәбірленушіден жауап алу тек психологиялық қауіпсіздік жағдайында және психолог маманның немесе психиатр сарапшының қатысуымен жүргізілуі тиіс» деген толықтыру енгізуді ұсынамын.

Зерттеу жұмысы барысында қойылған міндеттерді жүзеге асыру көтерілген мәселелер бойынша ғылыми еңбектерді жүйелі түрде зерттеуге, сондай-ақ Қазақстан Республикасының және шетел мемлекеттерінің заңнамаларын соның ішінде Ресейдің заңнамалық құқықтық құжаттарын кешенді түрде талдауға негізделген болып есептеледі. Диссертацияны жазу барысында келтірілген ұсыныстар мен қорытындылар құқықтық тәжірибеде қолданылып, қолданыстағы заңнаманы жетілдіру үшін құнды материал бола алыуы мүмкін.

Зерттеу барысында алынған теориялық негіздемелер мен заңнамаға ұсыныстар және тәжірибелік тұжырымдар диссертацияның көрсетілген

мазмұны бойынша қалыптастырылған. Осының негізінде, алға қойылған мақсат міндеттерге қол жеткізіліп, толығымен шешімін тапты.

Диссертациялық жұмыста қарастырылған негізгі қағидалар мен ғылыми тұжырымдар, ұсыныстар азаматтық құқық, қылмыстық құқық, қылмыстық процестік құқық, қылмыстық-атқару құқығы, криминология және өзге де құқықтық және құқықтық емес ғылым салаларымен өзара тығыз байланыста қарастырылады. Сондықтан, бұл ғылыми еңбекті орта және жоғары мамандандырылған оқу орындарының оқу бағдарламаларында, құқықтық білім беру жүйесінде қолданылуы мүмкін.

## ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ДЕРЕККӨЗДЕРДІҢ ТІЗІМІ

- 1 Қазақстан Республикасының Конституциясы: 1995 жылдың 30 тамызы республикалық референдумда қабылданған. [Электрондық ресурс] – Айналыс режимі: [https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K950001000\\_](https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K950001000_) – (жүгінген күні: 04.07.2024).
- 2 Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Қазақстан Республикасының құқықтық саясатының 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасын бекіту туралы» 2021 жылғы 15 қазандағы № 674 Жарлығы. [Электрондық ресурс] – Айналыс режимі: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/U2100000674> – (жүгінген күні: 04.07.2024).
- 3 Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2023 жылғы 1 қыркүйектегі «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» атты Қазақстан халқына жолдауы. [Электрондық ресурс] – Айналыс режимі: <https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevtyn-adilette-kazakstannyn-ekonomikalyk-bagdary-atty-kazakstan-halkyna-zholdauy-18333> (жүгінген күні: 04.07.2024).
- 4 Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі: 1994 жылғы 27 желтоқсандағы № 268-ХІІІ ҚРЗ. [Электрондық ресурс] – Айналыс режимі: [https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K940001000\\_](https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K940001000_) – (жүгінген күні: 05.07.2024).
- 5 Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексі 2014 жылғы 3 шілдедегі №226-V ҚРЗ. [Электрондық ресурс] – Айналыс режимі: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400000226#z192> – (жүгінген күні: 06.07.2024).
- 6 Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің ақпараты. [Электрондық ресурс] – Айналыс режимі: <https://qamqor.gov.kz/crimestat/indicators> – ((жүгінген күні: 10.07.2024).
- 7 «Бөтеннің мүлкін заңсыз иемдену жөніндегі істер бойынша сот тәжірибесі туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2003 жылғы 11 шілдедегі N 8 нормативтік қаулысы. [Электрондық ресурс] – Айналыс режимі: [https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P03000008S\\_](https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P03000008S_) – ((жүгінген күні: 15.08.2024).
- 8 Ағыбаев. А.Н., «Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексіне түсіндірме» жалпы және ерекше бөлімдеріне түсіндірме. Алматы: Жеті жарғы 2015. 362 б.
- 9 Борчашвили И.Ш. «Комментарий к Уголовному кодексу Республики Казахстан». Общая и особенная части – Алматы: Жеті жарғы, 2007. 24 с.
- 10 «Bilim-al.kz» [Электрондық ресурс] – Айналыс режимі: <https://bilim-all.kz/article/16069> – ((жүгінген күні: 15.08.2024).
- 11 «Massget» [Электрондық ресурс] – Айналыс режимі: <https://massaget.kz/tarih/esm-hannyin-esk-jolyi-40295/> – ((жүгінген күні: 15.08.2024).
- 12 «Жеті жарғы туралы ақпарат» курстық жұмыс 59-61 бб. [Электрондық ресурс] – Айналыс режимі: <https://stud.kz/referat/show/37632> – ((жүгінген күні: 10.09.2024).

- 13 Таганцев Н.С. «Русское уголовное право». Общая часть, т.1. 1902 г., изд. Маскова. Наука, 1994. 336 с.
- 14 «[ГКЧП СССР ВЫСШИЙ ОРГАН ГОСУДАРСТВЕННОЙ ВЛАСТИ СССР](https://governmentussr.org/zakonodatelstvo-sssr/kodeksy/ugolovnyy-kodeks-rsfsr/)» [Электрондық ресурс] – Айналыс режимі: <https://governmentussr.org/zakonodatelstvo-sssr/kodeksy/ugolovnyy-kodeks-rsfsr/> – (жүгінген күні: 10.09.2024).
- 15 Ресей Социалистік Федеративтік Кеңес Республикасының Қылмыстық кодексі 1926 жылғы 5 наурыз [Электрондық ресурс] – Айналыс режимі: [https://ru.wikisource.org/wiki/Уголовный\\_кодекс\\_РСФСР\\_1926\\_года/Редакция\\_05.03.1926](https://ru.wikisource.org/wiki/Уголовный_кодекс_РСФСР_1926_года/Редакция_05.03.1926) – (жүгінген күні: 12.09.2024).
- 16 Ресей Социалистік Федеративтік Кеңес Республикасының Қылмыстық кодексі 1959 жылғы 27 қазан [Электрондық ресурс] – Айналыс режимі: [https://www.consultant.ru/document/cons\\_doc\\_LAW\\_2950/](https://www.consultant.ru/document/cons_doc_LAW_2950/) – (жүгінген күні: 12.09.2024).
- 17 Уголовный Кодекс Казахской ССР от 22 июля 1959 г. [Электрондық ресурс] – Айналыс режимі: [https://online.zakon.kz/Document/?doc\\_id=1004273&pos=3;-103#pos=3;-103](https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=1004273&pos=3;-103#pos=3;-103) – ((жүгінген күні: 12.09.2024).
- 18 Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексі 1997 жылғы 16 шілдедегі №226-V ҚРЗ. [Электрондық ресурс] – Айналыс режимі: [https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K970000167\\_](https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K970000167_) – ((жүгінген күні: 12.09.2024).
- 19 Ағыбаев А.Н. «Қылмыстық құқық». Жалпы бөлім. – Алматы: Жеті жарғы, 1998. 359 б
- 20 Алауханов Е.О. «Қылмыстық құқық». Ерекше бөлім. Оқулық. Алматы: Жеті жарғы, 2001. 114 б.
- 21 Коржанский Н.И. Объект и предмет уголовно-правовой охраны. Маскова., 1980. 81 с.
- 22 22. Владимиров В.А., Ляпунов Ю.И. «Ответственность за корыстные посягательства на социалистическую собственность». Маскова, 1986. 200 с.
- 23 23. Тенчов Э.С. «Охрана собственности - институт уголовного права: социальная обусловленность, структура, функционирование». Маскова, 1990. 174 с.
- 24 24. Наумов. А.В. «Уголовное право». Общая часть. Курс лекций. Маскова, 1996. 149 с.
- 25 25. С.М. Рахметов «Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексіне түсінік». – Алматы: ЖШС «Баспа», 2004. 256 б.
- 26 26. Мельникова Ю.Б., Устинова Т.Д. «Бандитизм - опасное преступление, посягающее на законные права и интересы граледан Проблемы обеспечения личной безопасности граждан». Маскова. 1995. С. 95.
- 27 27. Кочои С.М. «Ответственность за корыстные преступления против собственности». Маскова., 2000. 221 с.
- 28 28. Владимиров В.А. «Квалификация похищений личного имущества». Маскова., 1974. 63 с.

- 29 29. Симонов В.И., Шумихин В.Г.; «Квалификация насильственных посягательств на собственность»: учебное пособие/ Министерство внутренних дел РФ, Юридический институт. - Москва, 1993. 68 с.
- 30 30. Борчашвили И.Ш., «Уголовное право Республики Казахстан». Особенная часть. Курс лекций. Кн. 1. Алматы: Жеті жарғы, 2006. 421 с.
- 31 31. Рогов И.И., Рахметов С.М., «Уголовное право Казахстана». Особенная часть. Учебник. Алматы: Баспа, 2001. 223 с.
- 32 32. Санталов А.И. «Теоретические вопросы уголовной ответственности» Ленинград. 1982 г. 47 с.
- 33 33. Гаухман Л.Д. «Квалификация преступлений» (понятие, значение и правила). Москва. 1991. 56 с.
- 34 34. Хулапова Л.Г. «Ответственность за хищение социалистического имущества». учебное пособие. Ашхабад., 1981. 100 с.
- 35 35. Ағыбаев А.Н., «Қылмыстық құқық». Жалпы бөлім. Алматы: Жеті жарғы, 1998. 64 б.
- 36 36. Иванов Н. «Умысел в уголовном праве России». Российская юстиция. 1995. №12. 28 с.
- 37 37. Дагель П.С., Котов Д.П. «Субъективная сторона преступления и ее установление». Воронеж, 1974. С. 99-100.
- 38 38. Юнусов А. «Квалификация разбойных нападений по действующему уголовному законодательству» Ленинград. 1991. 21 с.
- 39 39. Здравомыслов Б.В. «Уголовное право России». Общая часть. Маскова., 1996. 90 с.
- 40 40. Абова Т. Е., Сухарев А.Я. «Российская юридическая энциклопедия». Маскова., 1999. С. 549. [Электрондық ресурс] – Айналыс режимі: <https://search.rsl.ru/ru/record/01000634846> – ((жүгінген күні: 04.12.2024.
- 41 41. Парог А.И. «Квалификация преступлений по субъективным признакам». Маскова., 2003. 139 с.
- 42 42. Кудрявцев В.Н. «Генезис преступления. Опыт криминологического моделирования». Маскова., 1998. 101 с.
- 43 43. Бойцов А.И. Преступления против собственности. СП., 2002. 287 с.
- 44 44. Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының «Кәмелетке толмаған адамдардың қылмыстық құқық бұзушылықтары және оларды қылмыстық құқық бұзушылықтар мен қоғамға қарсы өзге де іс-әрекеттер жасауға тарту жөніндегі істер бойынша сот практикасы туралы» №6 Нормативтік қаулысы. [Электрондық ресурс] – Айналыс режимі: [https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K950001000\\_](https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K950001000_) – ((жүгінген күні: 06.12.2024.
- 45 45. Фролов Е.А. «Спорные вопросы общего учения об объекте преступления» М., 2006. 106 с.
- 46 46. Гагарин Н.С. «Квалификация некоторых преступлений против социалистической и личной собственности». Алма-Ата., 1973, 213 с.
- 47 47. Поленов Г.Ф. «Уголовное право Республики Казахстан». Общая часть. Общая часть. Алматы., 1997. 103 с.

- 48 48. Быков В. Статья «Как разграничить бандитизм и разбой». Журнал «Российская юстиция» №3, март 2001. [Электрондық ресурс] – Айналыс режимі: <https://base.garant.ru/980865/> – ((жүгінген күні: 10.12.2024.
- 49 49. Кузнецова Н., Кузнецова Ф., «Взаимодействие международного и сравнительного уголовного права». Москва., 2017. 96 с.
- 50 50. Кожуханов Н.М. Статья «Анализ современного состояния групповых грабежей и разбоев» Журнал «Российский следователь» № 6. 2007. С.21-23. [Электрондық ресурс] – Айналыс режимі: <https://old.lawinfo.ru/catalog/articles-2007/rossijskij-sledovatel/> – ((жүгінген күні: 10.12.2024.
- 51 51. Бапахов К., «Проблемные вопросы квалификаций преступлений против собственности». «Заңгер» №1. 2003. 28 с.
- 52 52. Дурманов Н.Д., «Советское уголовное право». Часть особенная. Маскова., 1962. 365 с.
- 53 53. Уголовный кодекс Российской Федерации 13 июня 1996 года № 63-ФЗ. [Электрондық ресурс] – Айналыс режимі: <https://www.zakonrf.info/uk/162/> – ((жүгінген күні: 14.12.2024.
- 54 54. Постановление Пленума Верховного Суда РФ от 27.12.2002 N 29 (ред. от 15.12.2022) «О судебной практике по делам о краже, грабеже и разбое». [Электрондық ресурс] – Айналыс режимі: [https://www.consultant.ru/document/cons\\_doc\\_LAW\\_40412/](https://www.consultant.ru/document/cons_doc_LAW_40412/) – ((жүгінген күні: 14.12.2024.
- 55 55. Козаченко И.Я., Кудрявцев В.Н. «Уголовное право»: Общая часть Маскова. 2022. 78 с.
- 56 56. Уголовный кодекс Республики Беларусь от 9 июля 1999 года № 275-З. [Электрондық ресурс] – Айналыс режимі: [https://online.zakon.kz/Document/?doc\\_id=30414984&pos=1884;-58#pos=1884;-58](https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=30414984&pos=1884;-58#pos=1884;-58)) – ((жүгінген күні: 14.12.2024.
- 57 57. Постановление Пленума Верховного Суда РБ от 21. 12. 2001 г. № 15 «О применении судами уголовного законодательства по делам о хищениях имущества». [Электрондық ресурс] – Айналыс режимі: [https://court.gov.by/special/ru/jurisprudence/post\\_plen/criminal/vsprop/bab162e1d45f45f0.html](https://court.gov.by/special/ru/jurisprudence/post_plen/criminal/vsprop/bab162e1d45f45f0.html) – ((жүгінген күні: 14.12.2024.
- 58 58. Самарин В.И. «Международная правовая помощь по уголовным делам». Минск. 2022. 45 с.
- 59 59. Уголовный кодекс Украины от 5 апреля 2001 года № 2341-III [Электрондық ресурс] – Айналыс режимі: <https://zakon.rada.gov.ua/laws> – ((жүгінген күні: 14.12.2024.
- 60 60. Постановление Пленума Верховного Суда Украины от 06.11.2009 г. №10 «О судебной практике по делам о преступлениях против собственности» [Электрондық ресурс] – Айналыс режимі: [https://studbooks.net/54750/pravo/prestupleniya\\_protiv\\_sobstvennosti\\_kvalifitsiruyuschie\\_priznaki\\_razgranicheniya\\_mezhdu\\_nimi\\_plenum\\_verhovnog](https://studbooks.net/54750/pravo/prestupleniya_protiv_sobstvennosti_kvalifitsiruyuschie_priznaki_razgranicheniya_mezhdu_nimi_plenum_verhovnog) – ((жүгінген күні: 14.12.2024.

- 61 61. Уголовный кодекс Соединенных Штатов Америки «United States Code», 18 U.S. Code § 2113 (Title 18 – Crimes and Criminal Procedure) [Электрондық ресурс] – Айналыс режимі: <https://www.justice.gov/jm/jm-9-131000-hobbs-act-18-usc-1951> – ((жүгінген күні: 03.01.2025).
- 62 62. Уголовный кодекс Соединенных Штатов Америки «United States Code», 18 U.S. Code § 924 - Penalties (Title 18 – Crimes and Criminal Procedure) [Электрондық ресурс] – Айналыс режимі: <https://www.law.cornell.edu/uscode/text/18/924> – ((жүгінген күні: 03.01.2025).
- 63 63. Коваленко В.И. «Криминологическая характеристика современных грабежей и разбоев и меры их предупреждения». Ростов, 2003. С. 9.
- 64 64. Карганова Б.Г. «Санкции за преступления против жизни и здоровья». Автореф., 1999. 15 с.
- 65 65. Кузнецова Н.Ф., Тяжковой И.М. «Курс уголовного права». Общая часть. Т. 2. - Москва 1999. 88 с.
- 66 66. Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 30 желтоқсандағы «Жекелеген қару түрлерінің айналымына мемлекеттік бақылау жасау туралы» №339 3. [Электрондық ресурс] – Айналыс режимі: [https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z980000339\\_](https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z980000339_) – ((жүгінген күні: 04.02.2025).
- 67 67. Козаченко И. «Уголовное право». Общая часть. - Москва, 2015. 336 с.
- 68 Арендаренко, А.В. «Принцип социальной справедливости в уголовном праве Российской Федерации. Теоретико-правовые аспекты». - Москва. 2017. 119 с.
- 69 Абай облыстық Бесқарағай аудандық соты 28.03.2023 ж. Іс № 1038-23-00-1/9. [Электрондық ресурс] – Айналыс режимі: <https://abai.sud.kz/> – (жүгінген 16.02.2025).
- 70 Ақтөбе облысы Ақтөбе қаласы №2 соты 29.03.2023 ж. Іс № 1511-22-00-1/921. [Электрондық ресурс] – Айналыс режимі: <https://akt.sud.kz/kaz/sub/gorsud-2> – (жүгінген 16.02.2025).
- 71 Нұр-Сұлтан қаласының Алматы ауданының №2 соты 15.10.2021 ж. Іс № 7116-21-00-1/453 [Электрондық ресурс] – Айналыс режимі: <https://astana.sud.kz/kaz/sub/ars2/astana-kalasy-almaty-audanyynyn-no2-audandyk-soty> – (жүгінген күні: 16.02.2025).

## ҚОСЫМША 1

Қарақшылық қылмыстарын тергеп-тексеру және ашу кезіндегі тергеушінің іс-әрекеттерінің толық алгоритмі

### I. ҚАРАҚШЫЛЫҚ ҚЫЛМЫСЫНЫҢ СИПАТЫ ЖӘНЕ ТЕРГЕУДІҢ НЕГІЗГІ МАҚСАТТАРЫ

Қарақшылық (ҚК 192-бабы) – қоғамға аса қауіпті, алдын ала дайындалған, күш қолдану немесе қолдану қатерін төндіру арқылы жасалатын шабуыл әрекеті. Тергеу барысындағы негізгі мақсат – қылмысты ашу, қылмыс жасаған тұлғаларды әшкерелеу, дәлелдемелік базаны бекіту және сот өндірісіне жолдау.

Тергеу барысында анықталуға тиісті негізгі мән-жайлар:

1. Объектісі бойынша:

- Жәбірленушінің жеке деректері (жасы, жағдайы, психологиялық ахуалы);
- Келтірілген зиян түрлері: физикалық, моральдық, материалдық;
- Материалдық шығынның нақты көлемі (ақша, бағалы заттар, мүлік түрлері).

2. Объективтік жағы:

- Шабуылдың жасалу әдісі мен уақыты (күні, орны, тәсілі);
- Шабуылдаушылар саны, әрекеттегі рөлдері (ұйымдастырушы, орындаушы, көлік жүргізушісі т.б.);
- Қолданылған құралдар мен қару түрлері (холодное/огнестрельное, бутафорлық қару);
- Қарсылықты бейтараптандыру тәсілдері (қорқыту, күш қолдану, байлау);
- Қылмыскерлердің қашып кету жолдары мен көліктері.

3. Субъектісі бойынша:

- Шабуылды жасаған тұлғалар кімдер?
- Арасындағы байланыс (жолдастық, туыстық, ұйымдасқан топ немесе уақытша біріккен);
- Бұрын қылмыстық жауапкершілікке тартылғандығы;
- Басқа ұқсас қылмыстарға қатыстылығы.

4. Субъективтік жағы:

- Қасақана ниет, пайдакүнемдік мақсат;
- Алдын ала сөз байласу;
- Қылмыстық топтың құрылу мақсаты, иерархиясы;

- *Психологиялық жағдай: кек, өшпенділік, жанжал себептері.*

## II. ТЕРГЕУДІҢ ТИПТІК ЖАҒДАЙЛАРЫ ЖӘНЕ ФАКТОРЛАРЫ

Тергеу жағдайының компоненттері:

### 1. Психологиялық факторлар:

- *Күдіктінің күйзелісі, үрейі;*
- *Тергеуші мен жауап беруші арасындағы сенім/қарсылық;*
- *Жәбірленушінің шок жағдайы мен есте сақтау деңгейі.*

### 2. Ақпараттық факторлар:

- *Жәбірленуші мен куәгерлердің алғашқы айғақтары;*
- *Визуалды, аудио және жазбаша мәліметтер;*
- *Оқиға туралы ақпараттың бұқаралық таралуы.*

### 3. Процестік-тактикалық факторлар:

- *Дәлелдемелердің жинақталу жүйелілігі;*
- *Бұлтартпау шараларын дұрыс қолдану (ҚПК 136–150 баптары);*
- *Тергеу әрекеттерінің заңдылығы.*

### 4. Материалдық-техникалық факторлар:

- *Криминалистикалық құрылғылар (із кесу, ДНҚ, жарық көздері);*
- *Заманауи әдістер: дрон, 3D-сканерлеу, цифрлық криминалистика.*

## III. ҚАРАҚШЫЛЫҚТЫҢ ТЕРГЕУДЕГІ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

- *Жалғыз және топпен алдын ала сөз байласу арқылы жасалады;*
- *Кенеттен, жылдам қысқа уақыт ішінде жүзеге асады;*
- *Көбіне бетперде немесе өзгертуші киіммен бет жүзін жасырып әрекет етеді;*
  - *Қылмыс орнында айғақ заттар мен іздер қалдырмауға тырысады;*
  - *Жәбірленуші (куә) психологиялық күйзеліске ұшырайды – жауап алу барысында есіне нақты жайттар түсе бермейді.*

## IV. БІРІНШІ КЕЗЕҢ – ҚЫЛМЫС ОРНЫНДА ЖАСАЛЫНАТЫН ӘРЕКЕТТЕР

### 1. Оқиға орнына жедел шығу және болған аймақты қоршау:

- *Қауіпсіздікті қамтамасыз ету;*
- *Қылмыскерлердің ізін суытпай ұстау шаралары.*

### 2. Оқиға орнын қарау:

- *Іздер: аяқ киім, саусақ, қан, түктер, ДНҚ үлгілері;*

- Бейнекамералар мен куәлардың орналасуы;
- Пайдаланылған құралдар (қару, пышақ, балта, электрошокер т.б.).
- Оқиға орны болған аумақта қолдануланған ұялы байланыс операторларының таңбаларын анықтау үшін “КарТел” байланыс аймағына сұраныс жіберу және сол аумақта болған барлық ұялы байланыс таңбаларын анықтап, талдау жүргізу.

- Шабуыл жасалған объектіде жұмыс жасайтын немесе тұратын барлық тұлғалардан жауап алып, ұялы тайланыс телефондарын алу жүргізу арқылы қарау.

### 3. Қажетті құралдар:

- Жарықтандыру құрылғылары (түнде жұмыс істеу үшін);
- Микроіздерді анықтайтын шамдар (ультрақұлгін);
- Қорғау жабдықтары (жаңбыр, қар, жел кезінде дәлелдемені сақтау);
- Фото-видео тіркеу құралдары.

## V. КҮДІКТІ ТҰЛҒА ҰСТАЛҒАН ЖАҒДАЙДА

### Негізгі тергеу әрекеттері:

- Жеке тінту, заттай дәлелдерді алу;
- Жеке тұлғасын анықтау, қылмыстық тіркеумен салыстыру;
- Үйінде тінту жүргізу;
- Қолданылған қару мен киімдерді табу;
- Ұрланған мүлікті жәбірленушіге тану (ҚПК 222-бабы бойынша);
- Куәлар мен жәбірленушілерге тану көрсетілімін өткізу.

## VI. КҮДІКТІ ТҰЛҒА ІЗДЕУДЕ БОЛҒАН ЖАҒДАЙДА

### Негізгі тергеу әрекеттері:

- Жасырыну мүмкін болған орындарды (сарайлар, жер төлелер, үй шатырлары, орман) анықтау;
- Таныс - тамырларының үйіне бақылау орнату;
- Жедел топтар құрып, барлық құқық қорғау органдарына хабарлама жіберіп, іздестіру іс-шараларын жүргізу;
- БАҚ, әлеуметтік желілер, волонтерлер көмегіне жүгіну;
- Қазақстан аумағында, Интерпол немесе ТМД елдеріндегі халықаралық іздеу механизмін қосу.

## VII. ДӘЛЕЛДЕМЕЛЕРДІ ЖИНАУ ЖӘНЕ САРАПТАМА ТАҒАЙЫНДАУ

### Тағайындалатын сараптамалар:

- Баллистикалық – атыс қаруының түрі мен қолдану фактісі;
  - Трасологиялық – көлік немесе аяқ киім ізі;
  - Дактилоскопиялық – саусақ іздері;
  - Сот-медициналық – жарақаттың ауырлығы мен сипаты;
  - Сот-психиатриялық – қылмыскердің есі дұрыстығын анықтау;
  - Химиялық және биологиялық – заттар мен сұйықтықтардың құрамын зерттеу.
- Сот-ситуациялық – нақты болған оқиғаның қалай өрбігенін анықтау;